



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

“Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар” сериясы
Серия “Исторические и социально-политические науки”

№1 (28), 2011



АЛМАТЫ

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№ 1 (28), 2011

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор

тар.ғыл.д. **Ғ.Қ.КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:

тар.ғыл.д., проф. **С.Т.Орумбаев**
(бас ред. орынбасары),
тар.ғыл.к., доц. **С.Х.Байдильдина**
(жауапты хатшы),
тар.ғыл.д., проф. **В.Н.Владимиров**
(Ресей Федерациясы),
тар.ғыл.д., проф. **М.Қ.Қойгелдиев**,
тар.ғыл.д., проф. **О.Д.Осмонов**
(Қырғыз Республикасы),
тар.ғыл.д., проф. **В.М.Козьменко**
(Ресей Федерациясы),
тар.ғыл.д., проф. **К.Р.Несіпбаева**,
саяси ғыл.д. **Ж.Қ.Симтиков**,
тар.ғыл.д., проф. **Г.Х.Халидуллин**

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2011

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№ 10102 - Ж

Басуға 4.04.2011 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 16,2 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 115.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
өндірістік-жарнама бөлімінің

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ПІКІРТАЛАС МӘСЕЛЕЛЕРІ ДИСКУССИОННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Атабаев Қ. (Алматы) Тіл мен тарих немесе себеп пен салдар.	3
Омарбеков Т.О. (Алматы) Алшын атауының мәні мен мазмұны.	6

САЯСИ ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

Дацишина М.В. (Москва) Эффективность нацистской пропаганды на временно оккупированных территориях СССР (1941-1944 гг.).	13
Нұрғалым К.С., Қуанышбаева Ж.Ж. (Алматы) XX ғасырдың басындағы демократиялық бағыттағы көппартиялық жүйенің қалыптасу ерекшеліктері.	22

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

Зияева Д.Х. (Ташкент) Советская политика ликвидации частной собственности, капитала и предпринимательства. ...	27
Тулекова М.К. (Алматы) Қазақстан Республикасындағы 1999 жылғы халық санағы бойынша Жетісу өңіріндегі халықтардың әлеуметтік жағдайы.	31
Жанбосинова А.С. (Усть-Каменогорск) Экономическая модернизация сельского хозяйства и сопротивление крестьянства.	37
Мусаханова М.З. (Алматы) Основные принципы и направления реформирования музейной отрасли.	41
Ахметова Ж.Қ., Есибаева А.К. (Алматы) XIX ғасырдағы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының қазақ халқы дәстүрлі мал шаруашылығына тигізген әсері.	46

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

Көкебаева Г.К. (Алматы) Дүниежүзілік соғыстар аралығындағы герман-поляк қатынастары.	50
Мамедова Н.В. (Баку) Политическая и экономическая блокада Сефевидского государства со стороны Османской империи в первой четверти XVI в. (на основе французской историографии).	56
Тимченко С.В. (Алматы) Народные восстания первой половины XIX в. в Южном Казахстане и Киргизии в период господства Кокандского ханства.	62
Кенжеахмет Н. (Алматы) Карта Каннидо 1402 г. – источник по истории эке монгол улус.	70

баспаханасы
**Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая**

ВЕСТНИК

**Серия «Исторические
и социально-политические
науки»,
№ 1 (28), 2011**

Выходит с 2000 года.
Периодичность - 4 номера в год

**Главный редактор
д.и.н. Г.К.КЕНЖЕБАЕВ**

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. **С.Т.Орумбаев**
(зам.гл.редактора),
к.и.н., доцент **С.Х.Байдильдина**
(ответ.секретарь),
д.и.н., проф. **В.Н.Владимиров**
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. **М.К.Койгелдиев**,
д.и.н., проф. **О.Д.Осмонов**
(Киргизская Республика),
д.и.н., проф. **В.М.Козьменко**
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. **К.Р.Несипбаева**,
д.полит.н. **Ж.К.Симтиков**,
д.и.н., проф. **Г.Х.Халидуллин**

© **Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2011**

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. № 10102-Ж

Подписано в печать 4.04.2011.
Формат 60x84 1/8.
Объем 16,2 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 115.

050010, г.Алматы,
пр.Достык, 13. КазНПУ им.Абая

Типография производственно-рекламного
отдела Казахского национального
педагогического университета
имени Абая

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. № 476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы № 433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.
На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за № 476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. № 433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им.Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

Қоңыратбаев О.М. (Алматы) Тұрар Рысқұлов - РСФСР ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариатының Әзербайжан Республикасындағы өкілетті өкілі (1921 жыл, ақпан-сәуір айлары). 74

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

Несипбаева К.Р. (Алматы) Методологические проблемы и методы историографии Казахстана. 84
Сексенбаева Г.А. Фонодокументы: источниковедческие аспекты. 88
Отеева Г.Е. (Павлодар) К вопросу изучения законодательных источников по истории Казахстана. 93
Омарова Б.Қ. (Астана) Кеңестік Қазақстанға халықтардың күштеп жер аударылуы: тарихнамалық талдау. 97
Сабденова Г.Е. (Алматы) Жошы ұлысының тарихнамасынан. 101

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

Таймағамбетов Ж.Қ., Рүстем К.М. (Алматы) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң палеолит музейіне - 10 жыл. 106
Байгунаков Д.С. (Алматы) Научные форумы по археологии древности Италии в 2010 году. 110
Анухин В., Баимбетов Д., Бердибеков К. (Алматы) Археологические памятники Нарынкольского района. 112

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Қамзаев Б.Қ. (Астана) Қоянды жәрмеңкесіндегі қазақ өнері. 114
Саурыкова Ж.С. (Алматы) К.Н.Нұрпейіс еңбектеріндегі Алаш мәселесі. 118
Talasbaeva L. D. (Алматы) The main targets for lecturer in modern study process. 122

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ПІКІРТАЛАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ДИСКУССИОННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

ТІЛ МЕН ТАРИХ НЕМЕСЕ СЕБЕП ПЕН САЛДАР

Қ.Атабаев -

*т.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Деректану және тарихнама кафедрасының меңгерушісі, профессор*

«Тілдер туралы заң» қабылданғалы 22 жыл өтсе де қазақ тілі мемекеттік тіл ретінде қоғамдағы өзіне тиесілі заңды орнын ала алды деп айта алмаймыз. Оның ең басты себебі осы уақытқа дейін ұлттың да, мемлекеттің де, бүкіл қауымның да қасіреттің себебімен емес, салдарымен күресіп келуінде. Аурудың себебін дәл анықтамай, оны дұрыс емдеудің мүмкін еместігі сияқты, қандай да болмасын қоғамдық қасіреттің себебін дәл анықтап алмай, оның салдарын жою да мүмкін емес екендігі белгілі. Егер қазақ тіліне қатысты айтар болсақ, оның салдарының, яғни бүгінгі күнгі жағдайының ең басты себебі - ұлттың өзінің тума төл тарихынан айырылуы. Әрбір жұмыр басты пенденің жүріп өткен өмір жолы, оның жадында сақталу арқылы өмір тәжірибесіне айналып, санасының қайнар көзі міндетін атқаратыны сияқты, ұлттың төл тума тарихы – ұлттың тарихи жадына айналып, ұлт санасының қайнар көзі міндетін атқарады. Ал тіл болса, сол ұлт жадының, ұлт санасының сыртқы көрінісі. Яғни, ұлттың тарихи жады, ұлттың ұлттық санасы қандай болса, оның іс-әрекеті де, сөйлеген сөзі де, яғни тілі де сондай.

Қандай да болмасын ұлттың сақталуының не жоғалуының басты көрсеткіші ұлттың тілінің сақталуы не жоғалуы болса, тілдің жоғалуының не сақталуының негізі оның өз тарихын білуі не ұмытуы екендігін алаш ардагерлері бұдан тура бір ғасыр бұрын ескерткен болатын. Мысалы, «Қазақтың» екінші нөмірінде Ахмет Байтұрсынов: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын – тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» десе, газеттің дәл сол нөмірінде Міржақып Дулатов: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» деп, тарихынан айырылған жұрттың есінен айырылған адам сияқты не істеп, не қойғандығын, келешегінің қалай боларын білмейтіндігін анық айтады [1].

Алаш көсемдерінің тіл мен тарих мәселесінде аса үлкен көрегенділік танытқандығына, ұлтының келешегін айқын болжай білгендеріне таң қалмасқа болмайды. Бүгінде олардың айтқандары толық болмаса да жартылай келді деп айтуға болады. Бенелеп айтқанда, бүгінгі қазақ жұрты жадынан жартылай айырылған адамға ұқсайды. Жады дүзу кезде дұрыс ойлап, дұрыс сөйлейтін, ал жадынан жартылай немесе толық айырылған кезде не болса соны айтатын ауру адам сияқты жұрттың бір бөлігі өзінің өткенін қастерлеп ана тілінде: елім, жерім, тарихым, тілім, дінім, әдет-ғұрпым, дәстүрім десе, екінші бір бөлігі өз ұлтынан өзі жеріп, өзгенің өткеніне, өзгенің мәдениетіне тамсана қарайды. Өзгенің тілінде өзеурей сөйлеп, өзгені зор, өзін қор санайды. Кейде тіптен бізде «қазақстандық ұлт қалыптасты» деп сандырақтауға дейін барады.

Әрине, жеке адам мен тұтас бір ұлттың арасында абсолюттік сәйкестіктің болуы мүмкін емес. Егер, жеке адамның жады оның өткен өмірімен, есте сақтау қабілетімен айқындалса, ұлттың жады оның тарихының ұрпақтан ұрпаққа қалай және қай дәрежеде жетуімен айқындалады. Десекте, шартты түрде болса да мұндай салыстырмалы теңеу қазақ тілінің қазіргі жағдайын тереңірек түсініп, оның нақты себебін ашуға септігін тигізеді анық.

Біріншіден, қазақ тілінің қазіргі мүшкіл жағдайы бір күнде қалыптасқан жағдай емес. Ол ұлтты ұлт ретінде жоюдың ең дұрыс та, ең төте жолы, оны шынайы тарихынан, яғни тарихи жадынан, сол

арқылы ұлттық санасынан айыру екендігін жақсы түсінген патша үкіметі мен Кеңес өкіметінің ғасырлар бойы жүргізген саясатының салдары. Патша үкіметі бастап берген тарихынан айыру арқылы қазақтарды санасыздандыру, дәлірек айтқанда ұлтсыздандыру үдерісін Кеңес өкіметінің қалай жалғастырып, қалай аса үлкен қатыгездікпен іске асырғандығы белгілі. Ол туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ. Сондықтан да әңгіме ол туралы емес. Әңгіме біздің күні бүгінге дейін қазақ тілінің, тек қазақ тілінің ғана емес, жалпы ұлттық сананың, оның тарихи жадына тікелей тәуелді екендігін түсінбеуімізде немесе түсінгіміздің келмеуінде. Патша үкіметінің қарапайым шенеуніктерінің, Кеңес өкіметінің басқарушы және бағыт беруші саяси күші - большевиктер партиясының көзі анық жеткен нәрсеге біздің көзіміздің күні бүгінге дейін жатпеуінде. Егер ұлт өзінің тарихынан, яғни тарихи жадынан жартылай немесе толық айырылу нәтижесінде өзінің ұлттық санасынан, тілінен жартылай немесе толық айырылған болса, онда ұлттың санасын, тілін қалпына келтірудің бірден бір жолы, оның тарихи жадын қалпына келтіру емес пе? Осы бір қарапайым ғана шындыққа көзіміздің жетпей-ақ қойғаны өкінішті-ақ.

Екіншіден, кезінде қазақта тарих та, тарихи жад та болған. Ондай функцияны қазақ даласында ғасырлар бойы шежіре, шежірешілдік дәстүр атқарып келген. Соның салдарында ұлттың санасы да, тілі де негізінен түзу болған. Шежіренің тарих ғылымының міндетін атқарып келгендігі туралы Түрік баласы (М. Дулатовтың бүркеншік есімі – Қ. А.) «Қазақта»: «Тарих дейтін бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын; бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ғылым. Қазақтың көбі оны «Шежіре» деп айтады... Қазақ ішінде әр үйдің отағасы, әр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре» десе [1], марқұм Ақселеу Сейдінбек өзінің ең соңғы іргелі еңбегінде шежірешілдік дәстүрдің бізде қай уақытқа дейін сақталып, қандай функция атқарып келгендігі туралы : «Қазақ шежірешілдігін адамдардың жады арқылы жеткен тарих деуге де болады... Қазақ арасында шежірешілдік дәстүр ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін өзінің канондық қалпын сақтап келді. Былайша айтқанда, қазақ халқы өзінің этникалық өмірбаяны туралы тарихи жадын ХХ ғасырдың жуан ортасына дейін көмескілей қойған жоқ. Көнекөз қарттар тарапынан айтылатын қария сөздер, яғни, қазақтың ауызша тарихы (ҚАТ) ең алдымен қоғамның рухани сұранысына қызмет етіп, адамдардың санасына елі мен жерінің тарихы туралы жан-жақты таным-түсінік қалыптастыратын, сөйтіп олардың жүрегін асқақ сезімдерге бөлейтін» дейді. [2. 3 бет.) Ал, қазақты шежірелік дәстүрден, яғни өзінің төл тарихынан, демек тарихи жадынан кімдердің, қалай және қандай мақсатпен айырғандығы туралы жазушы Немет Келімбетов: «Кеңестік заманда ата-текті сұрастыру айып саналатын. Өзінің шыққан ата-тегін айтқан адамды – рушыл, ұлтшыл, кейде тіпті нәсілшіл деп сынайтын. Отарлық саясаттың негізгі мақсаты – күллі қазақтың ата-тегін мүлдем ұмыттырып жіберу еді» дейді [3].

Большевиктер партиясы басқарған Кеңес өкіметі өз мақсатына жетті деп айтуға болады. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін ұлттың тарихи жадының тегеурінді тетігі міндетін атқарып келген қазақтың ауызша тарихы - шежірешілдік дәстүрден толығымен айырылған қазақ ұлты тарихи жадынан да айырыла бастады. Ауызша тарих, яғни шежіре мен шежірешілдік дәстүр өткен ғасырдың 30-40-шы жылдарынан бастап жазба тарихпен алмастырылды. Бірақ таптық принципке негізделген кеңестік жазба тарих жалпы алғанда, ұлттың объективті тарихын жазуға емес, қазақтарды өздерінің төлтума тарихынан, яғни тарихи жадынан айыру мақсатында қызмет етті. Өз ұлтының шынайы тарихын жазбақ болған қазақ тарихшылары қуғынға ұшырады. Нәтижесінде сол ХХ ғасырдың 70-80-ші жылдарында-ақ ұлттың тарихи жадында да, санасында да, тілінде де келеңсіз өзгерістер пайда болды. Ол туралы белгілі қоғам қайраткері Хасен Қожа-Ахмет өзінің 70-ші жылдардың басында жазған «Оян, қазақ! Оян елім!»-деген үндеуінде: “Өзіңді намысы бар азамат деп санасаң, ойланатын уақытың жетті, бауырлар. Туған жер тоналуда. Ана тіліміз, мәдениетіміз ұмытылуда... Қазірдің өзінде қазақ тілін білмейтін, ана тілінде сөйлеуді ұят санайтын пасық, надан азаматсымақтар өз ұлтымызда көптеп кездеседі,” – деп, бар шындықты ашық айтқаны үшін айыпталып, түрмеге түсті [4. 47 б.]

Хасен Қожа-Ахметтің 70-жылдардың ортасында, яғни Қазақстан тарихы туралы ондаған монографиялық зерттеулер жарияланып, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалып жатқан кезде: “Өзге ұлттар өз тарихын зерттеп, әлемге танылуға талпынып жатса, ал біздің тарихшыларымыз қазақты даттап (хандарды, батырларымызды), қазаққа мал баққаннан басқаны қимай, төмендетіп, керісінше, Еуропаның асылдығын, оның ішінде орыс ұлтының “ұлылығын” дәлелдеу үшін жанталасуда” - деп, жазуын да шындыққа сай келмейтін, қазақ тарихшыларына жабылған жала деп айта алмаймыз [4, 42-51 бб.]. Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында қазақ тарихшыларының өз ұлтының шынайы тарихын жазудан алыс тұрғандарының тағы бір дәлелі Олжас

Сүлейменовтың 1975 жылы «Ғалымдар қатарына қозғау салудың мүмкіндігі болмай тұр. Біздің тарихшыларымыз әлі қатты ұйқыдан бас көтерер түрі жоқ» деуі [5, 160 б.].

Заман өзгерді. Кеңес өкіметі келмеске кетті. Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, қоғамда түбегейлі саяси және экономикалық өзгерістер іске асырылды. Ал тарих ғылымы болса сол баяғы таптауырын болған сара жолмен жүйткіп келе жатыр. Кейбір зерттеушілер болмаса, жалпы алғанда Қазақстанның ресми тарих ғылымы да, кәсіпқой қазақ тарихшылары да шынайы қазақ тарихын жазуға деген ниет білдірмеді. Бұрын тарих ғылымы компартияның сандырақ идеяларының Қазақстанда қалай іске асқандығын дәлелдеуге тиіс болса, енді тарих ғылымы тарихшылардың ғылыми атақ-дәрежелер алуының қайнар көзіне айналды. Тәуелсіздік жылдары ондаған, жүздеген тарих ғылымдарының кандидаттары мен докторлары пайда болды. Бірақ ғылыми жазба тарих шежірешілдік дәстүрді табиғи жолмен алмастырып, ұлттың біртұтас шынайы тарихи жадын қалыптастыруды қамтамасыз ете алмады. Ұлттың тарихи жады да, санасы да сол зақымданған, көмескеленген күйінде қалып қойды. Бірін бірі түсінуден қалған бірнеше әлеуметтік топтарға бөлінген ұлттың бүгінгі жағдайы, оның шұбарланған, қойыртылған тілі соның айқын дәлелі.

Тіл қоғамының айнасы. Онда қандай да болмасын қоғамының бар бет-бейнесі мен бітім-болмысы айқын көрініс табады. Демек, тіл ұлт тарихының, қоғам тарихының ең басты да, ең маңызды дерек көзі. Мысалы, тілді дерек көзі ретінде қарастыра отырып Олжас Сүлейменов өзінің «АзиЯсында» көшпелілердің кезінде славян халықтарының мәдениетіне қалай ықпал еткендігін дәлелдеп берсе, Ақселеу Сейдінбек марқұм өзінің 2008 жылы жарық көрген еңбегінде: «Әрбір этножаралым жадының біртұтастығы қожырай бастағанда, оның этнотөлтумалығы да дүбэралана бастайды. Ал, этнос мүлде өлімге бойсұнғанда, сол этнос аясында бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтар пайда болады» дей келе, «Нағыз ұлтжандылық пен мемлекетшілдіктің сыналар жері де осы болса керек» дейді [2, 46-47 бб].

Бұл жерде ғалымның бүгінгі қазақ қоғамы туралы айтып отырғандығына еш күмән болмауы керек. Этножаралым ретінде қазақтардың тарихи жадының біртұтастығы қожырап, этнотөлтумалығының дүбэралана бастағандығы да, этностың мүлде өлімге бойсұнып, этнос ретінде бір ұлттың аясында бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтардың пайда болғандығы да рас. Демек, нағыз ұлтжандылық пен мемлекетшілдіктің сыналар жері осы екендігі де рас.

Егер ұлттың бүгінгі рухани қасіреттерінің қайнар көзі ұлттың тарихи жадының зақымдануы екендігі анық болса, онда алдымен ұлттың тарихи жадын емдеу, қалпына келтіру керек екендігі де анық. Оның бірден бір жолы ғылыми негізде объективті де шынайы қазақ тарихының жазылуы. Өйткені Ақселеу Сейдінбектің сөзімен айтсақ: «Тарих дегеніміз - өткен өмірдің баяны ғана емес, сонымен бірге адам санасын шыңдап, оның жан-жүрегіне асқақ сезімдер ұялата алатын ұлағатты ұстаз».

Демек, біріншіден, қазақ тілінің де, ұлттың қазіргі басқа да рухани қасіреттерінің де қайнар көзі қазақтардың ғылыми жазба тарихының болмауында екендігіне баршаның көзі анық жетуі керек. Екіншіден, ауру адамды алдымен емдеп алу қажеттігі сияқты, алдымен ұлттың тарихи жадын қалпына келтіру керек. Үшіншіден, қазақ тарихын жазуға емес, ғылыми атақ дәрежелер үлестіруге бағытталған қазіргі Қазақстанның ресми тарих ғылымын түбегейлі қайта құру қажет. Төртіншіден, кеңестік жүйеден қалған кәсіпқой тарихшы мамандар даярлау ісін де түбегейлі өзгерту керек.

Әрине, мұның бәрін де тек ұлт болып ұйымдасу арқылы ғана іске асыруға болады. Себебі ұлттың тарихи жады ең алдымен ұлттың өзіне керек. Сондықтан да біз «Халықаралық қазақ тарихы қоғамдық бірлестігін» құру қажеттігі туралы бұрын да айтқанбыз, тағы да қайталаймыз.

1. *Түрік баласы. Қазақ тарихы //Қазақ. – 1913. - № 2. - 10 февраль.*

2. *Сейдінбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.*

3. *Н. Келімбетов. Үміт үзгім келмейді. – Алматы, 2005. - 253 б.*

4. *Қожас-Ахмет Х. Ереуіл атқа ер салмай... - Астана: Елорда, 2000. - 47 б.*

5. *Сүлейменов О. АЗ и Я.- Алматы: Жазушы, 1992. - 210 б.*

В статье рассматриваются проблемы функционирования казахского языка, как языка государственного. По мнению автора, современное положение государственного языка не устраивает большую часть казахстанского общества, нужно рассматривать развитие языка через определенную призму - через историю народа – носителя языка.

Summary

In article causes and effects of a problem of the Kazakh language, as language state are considered. According to the author, today's position of a state language doesn't suit the most part of the Kazakhstan society and it is necessary to consider a language theme, through a certain prism - through people history – the native speaker.

АЛШЫН АТАУЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Т.О.Омарбеков –

т.ғ.д., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақ халқының ежелгі және ортағасырлардағы тарихы кафедрасының меңгерушісі, профессор

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Зерттеушілер арасында Алтыр және Алт-асар деген ұлыс-княздіктер атауларын «алаш» атауына байланыстыра келе, одан «алачин» атты сөзді шығаруға тырысатындар да бар. XVI ғ. Енисей қырғыздарында өмір сүрген Алты-сар княздігін алға тартқан зерттеушілер осы этнонимдердің түбірінің ортақтығы туралы пікірлер айтады. Бірақ та XVI ғ. басында орыстар әрқашан да алтыр деп қырғыздарды айтатын. Бәлкім, алтыр мен Алты-сар XVII ғ. қарай Алакчын аймағынан қырғыздарға келіп қосылған болуы. К.И.Петровтың айтуынша, алакчын тайпасы ұзақ уақыт бойы ежелгі Қырғыздар мемлекетінің құрамында болып, соңғыларға әрқашан жақын жүрді. Алакчын тайпасының құмандар-половцылар құрамында аталған өңірден батысқа қарай жылжуы I-ші және II-ші мыңжылдықтардың қиылысқан тұсында орын алса керек. Бұл айтып отырғанымыз, Ю.А.Зуевтың пікірі[1]. Дегенмен де Ю.А. Зуевтың осы пікірі ешбір дәлелсіз айтыла салғандай әсер етеді. К.И. Петров осыған байланысты: «В переселении алачинов на запад ранее рубежа первого – второго тысячелетий, как полагает Ю.А.Зуев, мы сомневаемся» [2], - деген еді.

Алакчын тайпасының бір бөлігі XVII ғ. басында Обь өзеніне жақын жерде Алалар ордасының құрамында болса, ал тағы бір тобы Тянь-Шаньдағы қырғыздар құрамында да жүрді.

К.И. Петров ала-құла жылқылар туралы аңыздар және олардың «ал-та» атауынан шыққандары туралы әңгімелер тегінде, топо-этнонимдердің «алатырь» тәрізді үлгілерінің жалғауларын бұрмалап жазудан, дәлірек айтар болсақ, «алатырды» «ал-аты» деп қате көрсетуден шықса керек[3].

Осы айтылғандардың өзі «алакчын» атауын «алатыр» немесе «алашы» ұғымдарынан бұрмалап шығарудың тарихи шындықты бұрмалай түсетінін дәлелдейтіндей.

Зерттеушілердің аз ғана тобы «алшын» этнонимі туралы айтқанда, «ашын» немесе «ашина» атауын еске алуды ұмытпайды. Осыған байланысты қытай тілін терең меңгерген бауырымыз Тілеуберді Әбенайұлы былай деп атап көрсетеді: «Алшын» жөнінде сөз сәл ұзақтау. Ең алдымен бұл атау. Кіші жүздің үлкен бір арысының атасы болуымен иісі қазаққа таныс. Ол, кезінде Кіші жүз сынды тұтас ұлыстың есіміне балама болған. «Алшын» өте байырғы ел есімдерінің (этноним) бірі. Қытайдың «сүй нама» деректерінде: түркілердің тегі «а-шы-и 雅 亦 里) деп жазылған. Осындағы, соңғы пішік хат «на»-ны қазақша «-н» (-ын) деп алсақ, сондай-ақ «алшын» сөзіндегі (қытайшаға баламалағанда) «лы» буынның түсіп қалу мүмкіндігін ескерсек, «а-шы-на» елесімін алшын деп аударуға әбден болады» [4]. Қалай десекте тіл білімі саласында өзіндік дәлелді тұжырым айтып отырған Тілеуберді ініміздің пікірін теріске шығарардай дәлел біздің қолымызда жоқ екендігін де айта кеткеніміз жөн болар.

Дегенмен де оған қарсы пікір білдірушілер де баршылық. Олар VI ғ. Алтайда түркілердің басын біріктірген ашын руын және осындай атпен аталған жеке тарихи тұлғаны «алшын» этнонимімен байланыстыруды қисынсыз деп ойлайды. Мұндай пікір айтушылардың арасында қазақтың көне тарихының күрделі тақырыптарына әдебиетші ретінде қалам тартып жүрген қазақ зиялылары да бар. Мысалы, жазушы Қ.Салғараұлының «Қазақтың қилы тарихы» атты елге танымал, тарихи-публицистикалық еңбегінде осыған байланысты былай дейді: «VI ғ. Алтайдан шығып тарихқа

танылған, әйгілі Түрік қағанатының негізін қалаған көне түріктердің ұйтқы тайпасын «Ашина» деп атайтыны белгілі. Осы «Ашинаны» біраз ғалымдар алшын деп атап, кейбір ғылыми еңбектерге енгізіп те жүр. ... Ашинаның бөрі деген сөз екенін әлем зерттеушілері бірауыздан мақұлдаған. Солай деп ғылым қабылдаған. Енді оны әкеліп алшынға телудің ешқандай реті жоқ. Бұл және ғалымдар айтты, енді оны қозғауға болмайды деген тоңмойындық емес, ашинаны алшын деушілердің дәлелдеу пайымының дәйексіздігін, ой түйіндеуінің тұщымсыздығын білгеннен кейін айтылып отырған пікір. Сондықтан бұл арада ашина сөзі алшын этнонимінің шыққан төркіні емес деп дәлелдеп жату артық жұмыс, босқа уақыт алу болмақ» [5].

Кезінде қытай деректерін орыс тілді аудармалар негізінде қазақшаға тиянақты аударған, қытай тілін білетін бауырларымыздың көмегіне сүйеніп, қазақ тарихына қатысты қытай деректерін әдеби тілде сөйлеткен, осылайша халқымыздың тарихи санасын кеңейтуге айтарлықтай үлес қосқан дарынды жазушының мәселеге терең, арнайы зерттеу жүргізбей, үзілді-кесілді «ашына» мен «алшын» сөзінің байланысы болуы мүмкіндігін теріске шығаруын құптай алмаймыз. Оның үстіне мәселенің бояуын онан әрі қоюлатқан жазушы Қ.Салғараұлының «алшын» этнонимі қазақтың «алсын» деген сөзінен шыққан болса керек[6] деген пікірді ғылыми дәлелдеусіз айта салуы дер едік. Бұл әрине маман тарихшының көзқарасы емес. Мұндай маңызды мәселеде кез-келген, алшынға ұқсайтын сөзді оның бастауы, негізі ретінде қолдана беруге болмас. Мұндайда мынадай қарапайым сауал туындайды: егер де «алсын» сөзі «алшынға» айнала берер болса, ал «алшын» неге «ашын(Ашына)» бола алмайды?

«Алсын» деген атаудың бұл жерде қайдан шығып отырғанын М.Тынышпаевты оқығанда айқын аңғарасыз. Мысалы, ол өзінің осы мәселеге байланысты пікірлерінде мынадай ойды айтады: «Пропуски замечаются и в киргизском языке; например, говорят «ачы» вместо «алчын» (возьми), «аккель» вместо «алып кел» (принеси) и. т.д.» [7].

Алайда, М.Тынышпаевтың осы пікіріне жоғарыдағы айтылған «алсын» туралы ұсыныста көркем шығарма болғандықтан, сілтеме жасала қоймаған. Дегенмен де М.Тынышпаевтың өзі де бұл мәселені болжам түрінде айтып отырғанын түсінуіміз керек. Қалай десек те бұл жерде «алшын» неге «алсын» аталады? – деген сауалға нақты жауап жоқ. Тіптен, кейінгі тіл өзгерістеріне байланысты жиі сөз қолданысындағы «алсын» неге қазақ тілінде кездеспейтін «алшынға» айналады? – деген сауал тағы да туындайды. Егер керісінше болса, бұл тұжырыммен келісуге болар еді. Яғни «алшын» атауы біртіндеп қазақ тіліне икемделіп, кейіннен «алсын» (возьми) деген түсінікті ұғымға орын берген болса, мұның өзін дәлелсіз бола тұрса да, логикалық тұрғыдан қабылдауға болар еді. Ал енді мәселенің керісінше қойылып, бәрімізге түсінікті қазіргі қазақ тілінде қолданылатын «алсын» сөзі бәрімізге мүлде түсініксіз «алшын» атауына қалайша айнала алады? Міне, осыны дәлелдеу әдебиетші тіл мамандарына өте қиын.

Өкінішке орай, кейбір зиялы қауым өкілдерінің осындай мүлде қарапайым сауалға тиянақты жауап іздеу қажеттігін, өздері «алшын» этнониміне байланысты зерттеу жүргізген бұрынғы тарихшылардың бәрінің дерлік пікірлерін біліп және кітаптарында олардың көзқарастарын тәптіштеп айтып отырса да түсіне қоймағандарын, мәселеге ғылыми тұрғыдан мән бермегендерін байқаймыз.

Ал енді «алшын» этнонимінің ежелгі «ашина» этнонимімен байланыстылығын дәлелдеуге тырысқан ғалымдар арасында әсіресе, профессор С.Аманжоловтың көзқарастары назар аудартады. Ол кейінгі қазақ алшындарының тілдік диалектісін талдай келе, бұлардың тілінің көптеген түрік халықтарының тілдерімен байланыстылығын, оның себебі, қазақ алшындарының арғы тарихи тамырлары ежелгі Алтай өңірінен, дәлірек айтсақ, VI-VIII ғғ. Батыс түрік қағанаты құрамына енген түркі тайпаларының тарихи тағдырларынан бастау алатындығын, яғни Орхон-Енисей жазуларындағы түркілер тілінің кейінгі алшын диалектісінің түп тамыры болып табылатынын дәлелдеген болатын. Шынында да, проф. С.Аманжолов айтқандай, ежелгі қытай деректерінде ашындардың тайпасы туралы нақты айтылады. Қытай жылнамасы «Сүйнаманың 84 бумасында 49 баянында, Теріскей тиек - Түрік» бөлімінде мынадай жолдар бар: «Түріктердің арғы аталары Пиңлянда тұрған кірме ғұлар еді. Олардың Әулет есімі – Ашна. Соңғы Уй әулетінің патшасы Тэй-у сақаларды жойғанда, Ашна бес жүз отбасымен Нөнеге кірімтал болды да, Алтынтауды мекендеп, темір қорытумен шұғылданды. Алтынтаудың пішіні дулығаға келіңкірейді. Дулыға түрік деп те аталады. Сондықтан бұл олардың аты болып қалды. Былай деп те айтады: Олардың арғы аталары Батыс теңіздің жоғарғы жағында мемлекет құрып еді (бөліп көрсеткен біз – авт.). Кейін оны көршілес мемлекет талқандады да, адамдарын ер-әйел, кәрі-жас демей түгел қырды» [8].

Бұл деректегі «Батыс теңіз» қай теңіз? Қалай десек те, Ашыналардың арғы бабалары географиялық жағынан қазіргі Алшындар мекендеген аймаққа жақындай түседі.

Шынында да Ашинаның бастауымен 439 жылы біраз халықтардың Ханғай және Алтай тауларына тығылып, кейіннен түркілер (түркіттер) аталғаны белгілі. Олар өздерінің арғы бабаларын аңызға айналған хұндардан таратады. Осы тайпалық одақтың атақты ханы Бумын 552 ж. І Ұлы Түрік қағанатын (552-630 жж.) құрған болатын. Көп кешікпей-ақ оның иеліктері Алтайға ғана емес, Орталық Азияға, сондай-ақ төменгі Еділ, Азов жағалауларына және Солтүстік Қара теңіз аймақтарына таралып кетті. Ашина руынан шыққан түрік қағандарының билігі VII ғ. орта шеніне дейін созылған болатын[9].

Осы аталған аймақтарда ашина руының үстемдігі, олардың Жетісудағы Он оқ бодұн мемлекетінде ғана емес, батыстағы Хазар қағанаты тәрізді іргелі мемлекеттерде де билік жасауы және батыс Қазақстан өңірімен батысқа жылжыған аландарды (аорстарды) билеуі кейінгі қазақ алшындарының алғашқы түркі дәуіріндегі ру-тайпалық ұйыстырушы тарихи бабалары қалай десек те ашиндар екенін мойындауға тура келеді. Мұны жоғарыдағы қытай жылнамасы да «түріктердің арғы аталарының...әулет есімі Ашна» деп айдан анық жазып отыр емеспе? Бұдан артық қандай дәлел керек. Сонымен бірге бұл жерде профессор С.Аманжоловтың мынадай пікірлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды: «... Кіші ордадағы қазіргі алшындардың құрамындағы көптеген рулар мен тайпалар түгелдей Алтайдан келген келімсектер емес. Мынадай тайпалар, кердері, телеу, тама, тана, әлім, адай, рамадан, қызылқұрт, есентемір және тағы басқалар аборигендер (жергілікті халық) болып табылады. ... Алшындар арасында кезінде Батыс Түрік қағанаты құрамында болған тайпалар да кездеседі. Дәлірек атап айтар болсақ: чу-ми тайпасы. Оны Н.Аристов қазіргі шөмекейліктер (шөмекейлер) ретінде көрсетеді» [10].

Сонымен бірге алғаш «ашын» деп аталған, кейіннен түркі тілінің өзгерістеріне байланысты алшын атанған тайпа С.Аманжоловтың ойынша, «қазақтың Кіші ордасының ұйымдастырушы ядросына бұрындары билік жасаған моңғол династиясының құлауына байланысты айналса керек. Олай болмаған жағдайда ол осы одаққа кіретін барлық рулар мен тайпалардың үлгілік бейнесіне айнала алмаған болар еді» [11].

Профессор С.Аманжолов алшындардың бір бұтағы болып табылатын Байұлы тайпасының кезінде половцы-командармен тайпалық одақта болғандығын айта келе, олардың кейбірінің кезінде Байұлы қыпшақтары атанғанын да атап кетеді. Дегенмен де ол алшын диалектісін коман тілімен салыстыра талдау негізінде қазақ тілі коман-қыпшақ тілінен емес, ежелгі түркі тілінен, дәлірек айтсақ, ежелгі Орхон, Селенга-Талас түркілерінен (V-IX ғғ.) бастау алатынын, бұл алшын диалектісіне де тән екендігін зерттеу негізінде атап көрсеткен еді. Мұның өзі шынында да қазіргі алшындардың кейбір руларын тіл мәселесінде мемлекеттігінің орталығы Жетісу өңірінде болған ежелгі ашиндармен байланыстырады[12].

Біздің ойымызша, аталмыш ғалымның бұл пікірлері кейінгі қазақ алшын руларының кейбірінің байырғы тарихи тағдырында бір кездері ашына руының басқарушы және билеуші рулық әулет ретінде шешуші рөл атқарғанын дәлелдей түседі. Осындайда ежелгі түріктер тарихының білгірі Л.Н.Гумилевтың төмендегідей пікірі еріксіз еске түседі: « слово «Ашина» значило «волк». Потюрски волк – бури или каскыр, а *по-монголски шоночино* (бөліп көрсеткен біз-авт.). «А»-префикс уважение в китайском языке. Следовательно, «Ашина» значить «благородный волк» [13]. Бұл айтылғандардан аңғаратынымыз, «ашыно» немесе «алшыно» ұғымдары ежелгі түркі (хұн) және байырғы монғол(сяньби) тілдерінің қосылуы нәтижесінде пайда болған аралық тілдің туындысы. Оған ежелгі қытай тілінің де ықпалы болған тәрізді. Сондықтан да тарихи тамыры диалектологиялық тұрғыдан әбден шатасқан «Алшын» атауының дәлме-дәл мағынасын күні бүгінге дейін өзіміздің тіл мамандарымыз анықтап бере алмай отыр. Мұның өзі «Алшын» этнонимінің тарихи тамырларының ежелгі түркі дәуірінің алғашқы бастауларында жатқанын тағы да дәлелдей түсетіндей.

Тағы бір назар аударарымыз, «алшын» этнонимін «ашын» этнониміне жақындататын фактор – ол жеке тұлға мәселесі. Тарихи деректерде әсіресе, тарихи аңыздарда Алшын да, Ашын да жеке және түркі руларын басқарушы тарихи тұлғалар болып табылады. Қазақ шежірелері сондықтан да өздерін Алшын атты нақты кісіден (тайпадан емес) таратады. Түркіттердің мемлекетін ұйыстырған да Ашын (Ашина) есімді дара бейне. Жалпы осы кісілердің дүниеге келіп, есеюіне байланысты тарихи аңыздарға назар аударар болсақ, мазмұны ұқсас әңгімелерге кездесеміз. Сызба түрінде олардың мағынасын төмендегіше салыстыруға болады:

Ашина туралы аңыз[14]	Қалша (Алшын) Қадыр туралы аңыз [15]
-----------------------	--------------------------------------

Аңыз – түркіттерге (түріктерге) қатысты	Аңыз – Сарыүйсіндерге қатысты
Ашына – Батыс теңіздің жоғарғы жағындағы мемлекет билеуші рудың баласы.	Қалша Қадыр – Сарыүйсіннің баласы болыпты.
Түркіттерді көршілес мемлекет талқандаған соң, адамдарын қырып, бір ер баланы ен далаға тастап кетіпті.	Қалша (Алшын) шөлден және аштықтан қаталап, әскерден қалып қойыпты және өлім аузында жатыпты.
Бір қаншық қасқыр үнемі ет әкеліп беріп тұрды, соны өлжал еткен бала, өлмей аман қалды.	Бірақ оны аспаннан қалықтап түскен ақ қаз (қаз ақ) құтқарып алыпты.
Кейін келе ол қасқырмен жақындасып, оны буаз қылды.	Ақ қаз өте мейірімді екен және Қалша Қадырмен жанасыпты
Қасқырдан туған он ұлдың біреуінің әулет есімі Ашына еді.	Қалша Қадырдың осыдан туған ұрпақтары қазақ атала бастапты.

Бұл аңыздарды тағы да жақындата түсетін нәрсе, Ашына да, Қалша (Алшын) Қадыр да өте ақылды, сондықтан да болар олар ел басқарушылар (хандар) болып табылады. Мазмұн жағынан аса жақын бұл аңыздардың шын мәнінде, ортақ мағынаны білдіретінін байқау қиын емес деп ойлаймыз. Ежелгі түріктердің кезінде шамамен VI-VII ғғ. шыққан Ашына туралы аңыз кейіннен бұл рудың биліктен кетуіне байланысты, тіптен Ашына руы басқа түркілермен араласып, тарих сахнасынан кеткен IX-XIII ғғ. да халық санасында аңыз түрінде сақталып қалған. Алайда XV-XVI ғғ. Қазақ хандығының орныға бастауына байланысты бұл аңыз жаңа жағдайға сәйкес түрленіп, өзгерістерге ұшырап, толықтырылып берілетін болған. Мұндайда мынаны да ұмытуға болмас: ежелгі түркілерде қасқыр, дәлірек айтар болсақ көк бөрі адамдар табынатын тотемдік жануар болған. [16] Сондықтан да алғашқы аңызда Ашынаны асырап-сақтаушы осы көк бөрі. Түркі қағанаттарының XIII ғ. дейін тарих сахнасынан кетуіне және моңғол билеушілерінің жаңаша саяси жүйеге негізделген билігінің орнығуына байланысты, халықтың қасқырдан таралғаны туралы аңыз біртіндеп ұмытыла бастаған. Тіптен, аңыз тұрмақ бұл заманда Ашына руының әйгілі елі – түркіттердің өздерінің атауы да мүлде дерлік ұмытыла бастады. Халықтың санасында сақталып, жадында ұмытылмай қалған нәрсе – ол түркілердің бабасы болып табылатын Ашынаның қалай өмірге келіп, адам болғаны туралы аңыз ғана еді. Алайда жаңа жағдайда жаугершілік қарым-қатынастың азая түсуіне байланысты ұшқан құсты табынатын тотемге айналдыру кең тарала бастады. Осындайда қасқырдың орнын енді киелі құс – аққу, онан соң ақ қаз ауыстыра бастады. Осының нақты көрінісі - қытайдың «Суй-шу» жылнамасында айтылатын ағайынды төрт ұлдың бірінің аққуға айналып кеткені туралы аңыз әңгіме. Осы мәселені талдаған Н. Аристов бұл жерде аңызға айналған ұлдың көшіп-қонған тайпаны білдіретінін атап көрсеткен еді [17].

Мәселенің байыбына нақтырақ бару үшін Қытайдағы бауырларымыз тікелей қазақ тіліне аударған осы аңыздың толық нұсқасын «Солтүстік әулеттер тарихының 99 бумасындағы» «Түрік, Батыс Түрік, Телек» тарауынан келтіре кетелік. Онда мұндай жолдар бар: «былай депте айтады: Түріктердің арғы аталары Ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты. Олардың ұлыс көсемі Адам бек деп аталды. Олар жетпіс ағайынды еді. Оның біреуі-Іді Нышида деген, ол қасқырдан туды. Адам бектер тумасынан өте ақымақ болды да оның мемлекеті жойылып кетті. Ал Нышиданың табиғаттың өзгеше қасиетін сезетін қасиеті бар еді. Ол күнді жауғызып, жел соқтыра алатын еді. Нышида екі әйел алды. Оның бірін жаз бен қыс тәңірінің қызы дейді. Ол бір жолда төрт егіз ұл атпты. Оның бірі *аққуға* (бөліп көрсеткен біз – авт.) айналды. Біреуі Абасу мен Кем өзендері арасынан Қырғұр деген мемлекет құрды; енді бірі Чатша судың бойынан мемлекет құрды; тағы бірі Басчатшаш тауында мекендеді. Бұл оның үлкен ұлы еді. Осы тауда Адам бектің ұрпақтары да болды. Олар көбіне аш-жалаңаш жүруші еді. Үлкен ұлы от шығарып олардың ббойын жылытты, асырады, барлығына қолғабыс тигізді. Осылайша олар үлкен ұлды құрметтеп, өздерінің көсемі етіп сайлады. Бұған «Түрік» деген атақ берілді. Оның өз аты-Нағыз Түрік шад еді. Түріктің он әйелі болды. Балаларының барлығы шешелерінің әулет есімімен аталды. *Ашына* (бөліп көрсеткен біз - Т.О) – оның кіші әйелінің баласы еді. Түрік өлгеннен кейін, он әйелдің балалары өздерінің ішінен біреуді таққа отырғызуды ұйғарды. Олар бір байтеректің түбіне жиналды. Олар «Қайсысымыз осы бәйтерекке жоғары секірсек, сол таққа отырады » деп уәделесті. Ашына жасының кішілігіне қарамай, бәрінен биік секірді. Сонан бауырлары оны Ағын шад деген лауазыммен қошеметтеп, таққа отырғызды. Айтылуы әртүрлі боолғанымен, бұл аңыздардың барлығының түйіні Түріктің арғы тегі қасқырдың тұқымы дегенге саяды» [18].

Сонымен бұл аңыздан да байқап отырғанымыз, «түріктердің арғы аталары Ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шыққан» Іді Нышида деген екен, оның төрт ұлының бірі аққуға айналып кетіпті-мыс. Осы ұлдардың үлкенінің есімі-Нағыт Түрік шад екен. Оның он әйелінің ең кішісінен Ашына туып, ол патша тағына Ағын шад лауазыммен отырыпты. Біздің байқауымызша, сандаған ғасырлардан кейін, халық санасында есімі сақталған Түріктің кіші әйелінен туған, осы Ағын кейіннен Алшын деген атаумен қазақтың Кіші жүз руларын біріктіруші рухани тұлғаға айналдырса керек.

Жаңа жағдайда қазақ халқының ел болып басының бірігуіне байланысты Қазақ хандығының алғашқы кезеңінде екі нәрсе аса маңызды болды. Бірінші мәселе – қазақ деген халықтың шежірелік атасы кім? Екінші мәселе – «қазақ» атауы қайдан шықты немесе қазақ қалай халық болды? Алғашқы мәселе туралы айтқанда, міндетті түрде қазаққа ата болатын Қалша (Алшын немесе Ағын) туралы түсінікті тілмен халыққа негіздеп беру қажет болды. Екіншіден, бұл әңгіменің тарихи тамыры тереңде жатуы және бұрынғы тарихи шындықпен негізделуі тиіс болды. Үшіншіден, бұл әңгімеде халық атауының, біз әңгімелеп отырған жағдайда «алшын» атауының (немесе бұрынғы Ашына атауының) біртіндеп қалай қазақ атауына айналғанын айқындай түсу қажет болды. Осындай міндеттерді алға қойған халықтың рухани басшылары ежелгі түркі дәуіріндегі түркіттердің көсемі болған Ашына(Ағын) туралы аңызды жаңа жағдайда ақ қаз құтқарып алған Қалшаның есімімен байланыстырды. Мұнда жоғарыдағы үш міндеттің үшеуі де назардан тыс қалмаған. Оның үстіне халық жадында ғасырлар бойы сақталып келген Ашына туралы тарихи аңыз бірнеше ғасырдан кейін түркілердің ұрпағы – қазақтарға қайта оралып, олардың тарихи санасын жаңғыртып отыр.

Бұл аңыздың жаңаша түрленген мағынасында тағы бір ұтымды берілген мәселе – Қалшаны, Алшынды (бұрынғы қазақ руларының ортақ атауын) ептілікпен жаңа қазақ атауына ауыстыра білу болса керек. Дегенмен де бұл аңыздың қисынсыздығы және күшпен бұрмаланып жасалғандығы бір ғана мәселеден айқын көрінеді. Қазақ тілінде «ақ қаз» атты құсты еш уақытта керісінше айналдырып, «қазақ» деп айтпайтынын аңызды ойлап шығарғандар және бұрмалағандар байқай қоймаған. Өкінішке орай, мұны кейінгі көптеген зерттеушілеріміз де аңғармай отыр. Тегінде бұл жерде әңгіме ақ қаз туралы емес, ежелгі түркі аңызында айтылатын, біз жоғарыда мазмұнын қытай жылнамасы негізінде баяндаған аққу туралы болса керек. Дегенмен де осындай қорытындыны жасай отырып, жоғарыда айтылған түркі халқының шығу тегін қасқырдан, немесе аққу, ақ қаз тәрізді құстардан тарататын мұндай аңыздардың деректік тұрғыдан негізсіз емес екендіктерін де айтпай кетуге болмас. Ежелгі Байкал бойындағы түркілердің кейбір руларының бірнеше аң-құстардан әртүрлі тәңірлер жасап, политеистік бағыттар ұстанғандарын кезінде Л.Н. Гумилев нақты жазған еді. Мысалы, буряттар осындай 99 тәңіріге сыйынған екен. Аталмыш ғалым осыған байланысты өзінің пікірін төмендегіше негіздейді: «С такой развитой системой политеизма сопрягается реминисценция тотемизма, священнослужитель (которого назвать шаманом нельзя) носить на одежде бляху с изображением зверя (например, волка, лебедя, гуся и т.д.). Это изображение указывает лишь на принадлежность к данному роду, восходящему к мифическому прародителю-зверю» [19].

Сонымен қорытып айтар болсақ, жоғарыда әңгімеленген «алшын» этнониміне байланысты ғылыми тұжырымдарымызды төмендегіше нақтылап қойғанымыз жөн болар:

Біріншіден, «ала» анықтауыш ұғымынан туындайтын руларды (алакчин, алаша, түргеш-алаш, жағалбайлы және т.б.) «алшын» атауымен шатастырмағанымыз жөн. Мұнда «ала» деген сөздің қазақ тілінде нақты мағынаны білдіретінін де ұмытпау керек. «Ала» сөзі соңғы әрпі түсіп қалып, «ал» сөзіне айналып кетті деп айтуға грамматикалық тұрғыдан ешқандай да негіз жоқ деп ойлаймыз. Тайпалар атауын өзгерту барысында түркі халқы және кейінгі қазақ елі «ала» атауын «ал» сөзіне ауыстыруға байланысты қажеттілікке мұқтаж бола қойған жоқ. Сондықтан да қазақта «Алты Алаш» тәрізді ұғымдар «Алаша» атауымен қатар қолданылып, өмір сүріп келеді. Бұл туралы нақтырақ білгісі келетін оқырманға кітабымыздың алғашқы тарауындағы «Алаш атауы туралы не білеміз?» деген атаумен берілген тараушаны оқуды ұсынар едік. Онда «алаш» атауының ежелгі «аласа» сөзінен таралғаны айтарлықтай дәлелденген. Түргештердің «алаша» атануы, олардың Түрік қағанатынан кіші екінші қатардағы мемлекет болуымен тығыз байланысты екендігін біз сонда айтқанбыз. Онда біз мынаған назар аударған едік: VIII ғ. дейінгі тайпалық одақтарда Түргештен басқаларын «алаш» деп атамаған. «Алаш» этнонимінің өзі алғаш рет Түргеш ұлысының жанама атауы ретінде белгілі болды. Батыс түрік қағанатының ішінен құрылған Түргеш шынында да, шағын ұлыс болатын. Шын мәнінде, ол Бес түрік ұлысының бірі ғана еді. Сондықтан да қытай деректері де Түргештерді Аласа ұлыс, яғни Алаш ұлысы ретінде мойындап, кейіннен әкімшілік реформалар жасаған кезде, Кертау тұтықтығында Түргеш-Алаш ұлысы деген әкімшілік аудан құрған [20].

Қытай жылнамаларында Түргеш қағанаты көбіне Алаш ұлысы деп аталады. Бұл мәселеге байланысты кеңірек түсініп алу үшін жоғарыда айтқанымыздай, алғашқы тараудағы біздің «алаш» этнониміне байланысты түсіндірулерімізге көңіл аударуға болады.

Біз әңгімелеп отырған Алшын бірлестігіне енетін бірқатар рулардың тағдыры кезінде осы Түргеш-Алаш ұлысымен тығыз байланысты болғандықтан, «алаш» этнонимі батыстағы рулардың этнонимдерінде сақталып қалды. Дегенмен де осы жерде тағы да қайталап айтарымыз, «алаш» этнонимін «алшын» этнонимімен шатастыруға тіптен де болмайды.

Мәселеге байыптап қарасақ, сондықтан да қазақтың тіл байлығында «алшын» мен «алаш» атауын екі түрлі мағынада қолданады және оларды жақындатуға байланысты әрекеттер болған емес. Өйткені, бұл сөздер шын мәнінде, түбірлік тұрғыдан да және нақты мағынасы жағынан да бөлек атаулар болып табылады.

Екіншіден, алакчиннен тараған қазақтағы және қырғыздағы кейбір жоғарыда аталған рулар аттарын «алшын» этнонимімен шатастырмаған жөн деп ойлаймыз. Өйткені, «алшын» этнонимі шын мәнінде, ежелден бастау алатын түркіттердің ашын (ашина) руының атымен үндесіп жатыр. Оның үстіне жоғарыда айтқанымыздай, бұл атауларды жеке адамның есімі ретінде қарастырсақ та, және аңыз-деректерді тарихи салыстырмалы түрде зерттеп, талдасақ та, олардың жақын және уақыт өте келе аздап өзгеріске түскен сөздер екендігін байқай түсеміз. Мұндай өзгерістің орын алуына байырғы ашындардың батыс Қазақстан территориясында биліктен кетіп, бірнеше ғасырлар бойы олардың шын мәнінде, жеке тайпа ретінде өмір сүруден қалып, тарихи санада аңызға айналған түсінік ретінде сақталып қалуы ықпал жасаған деп ойлаймыз. Сондықтан да кейінгі Қазақ хандығының ұйысуының алғашқы кезеңіндегі батыс Қазақстан территориясындағы ордаежендік тайпаларды қолдаған қазақ ру-тайпаларының осы аймақты билеуші маңғыт және ноғай тайпаларына қарсы күресінде қалыптасқан тайпалардың жаңа бірлестігін ежелгі тарихи санадағы түсініктің негізінде «алшын» деп атай бастағанын мойындауымыз керек тәрізді. Уақыт өте келе, Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ хандығының Батыс Қазақстан территориясына қанат жая бастауы алшындардың (Байұлы және Әлімұлы тайпаларының) осы мемлекеттік құрылым құрамына еніп, қазақтар атана бастағанын аңғаруға болады. Дегенмен де Батыс Қазақстандағы аталған тайпалар бірлестіктері (Байұлы, Әлімұлы) жаңа мемлекеттің – Қазақ хандығының құрамында да өздерінің «алшын» атауынан ажырай қойған жоқ. Оның үстіне, Тәуке ханның тұсында Алшын одағына Жетіруға құралған тайпалар кірме болып кіріп, алшындардың қатарын көбейте түсті.

Қазақтың XVI ғ. орта шенінен бастап XVII ғ. басына дейінгі кезеңде үш ордаға бөлінуінің аяқталуы да «алшын» этнонимінің Кіші жүз территориясында сақталып қалуына жағдай жасады. Сондықтан да алшын атауын жалпыұлттық «қазақ» этнонимі шын мәнінде, ығыстырып шығара қоймағанын, алғашқы атаудың бұрынғысынша тайпа бірлестігінің аты ретінде Кіші жүз қазақтарын бірігуге, туысқандыққа және бауырластыққа шақыратын этникалық құрылым және ортақ рухани негіз болып сақталып қалғанын ұмытпағанымыз жөн.

Әрине, «қазақ» атауының «алшын» атауынан үстемдік алып, қазақты құраған ру-тайпаларының басын біріктіруде үлкен маңызды рөл атқарғанын халқымыздың біртұтас ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мемлекетін нығайтуына жол ашқанын, алғышарттар қалағанын ұмытуға болмайды. Сондай-ақ «алшын» атауының да батыс Қазақстандағы қазақ ру-тайпаларының ынтымағын нығайтуда белгілі бір тарихи кезеңдерде (XV–XVI ғғ.) маңызды ұйыстырушы ықпал жасағанын тағы да ұмытуға болмас.

Сонымен, қорыта келгенде «алшын» атауының тарихи тұрғыдан сатылап өзгеруін төмендегіше бейнелеуге болады:

Ашина → Ашын (Ашин) → Алшын → Қазақ. Мұнда қазақтардың ата-бабаларының қандай этникалық құрылымдарға бірігу арқылы үстемдікке ұмтылып, халық болып қалыптасуға қалай қол жеткізгенін айқын аңғара аламыз. Біреулерге алшынды қазақпен алмастыруымыз қисынсыз болып көрінуі де мүмкін. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, Қазақ хандығының алғашқы кезеңінде Ноғай Ордасының құрамында, Әбілхайыр мемлекетінде өздерінің бауырластық құрылымын негіздеуге тырысқан ру-тайпалардың біртіндеп қазақтар құрамына өткені айдан анық, дәлелдеуді қажет етпейтін тарихи шындық. Қолда бар тарихи деректердің бәрі бізді осындай логикалық тұжырым жасауға итермелейді.

1. Зуев Ю.А. *Из древнетюркской этнонимии по Китайским источникам.* -113 б.
2. Петров К.И. *К этимологии термина «кыргыз».* // *Советская этнография.* - №2.- 1964. -

3. Петров К.И. К этимологии термина «кыргыз». // Советская этнография. - №2. - 1964. - 88 б.
4. Әбенайұлы Т. Шыныңа көш тарих! Шыңғысхан кім? – Алматы, 2008. - 22 б.
5. Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тарихы: Роман-эссе. – Алматы, 1992. -286 б.
6. Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тарихы: Роман-эссе. -286 б.
7. Тынышпаев М. Материалы истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925. -21 б.
8. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – Алматы, 2006. -65 б.
9. Сабирзянов Г.С. Народы Среднего Поволжья и Южного Урала в панораме веков / Синхронистические очерки этнокультурного и политического взаимодействия с начала новой эры до второй половины ХУІ века. – Казань, 1995. -11, 13 бб.
10. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959. -98 б.
11. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. -98 б.
12. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. -98 б.
13. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - М., 1993.-22-23 бб.
14. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. -65 б.
15. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и каракиргизов. – СПб., 1895. -35 б.
16. Козьмин Н.Н. Хакасы. - Иркутск, 1925.-У11 б.
17. Петров К.И. К этимологии термина «кыргыз» // Советская этнография. - 1964. - №2. - 89 б.
18. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап.-109б.
19. Гумилев Л.Н. Древние тюрки.-81 б.
20. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. -167-192 бб.

Резюме

Статья посвящена истории происхождения, сущности и содержания этнонима «Алшын». По мнению автора, название «Алшын» прошло сложный исторический путь в своем развитии. И этот путь можно обозначить следующим образом: Ашина → Ашын (Ашин) → Алшын → Казак.

Summary

Article is devoted history of an origin, essence and the maintenance этнонима by "Alshyn". According to the author, the name "Alshyn" there has passed a difficult historical way in the development. And this way can be designated as follows: Ашина → Ashyn (Ашин) → Alshyn → Казак.

К.Төгісовтың алыс жерлерде білім алып жатқан қазақ балаларына ақшалай көмек беру, газет-журналдарды көбірек шығаруға қатысты мақалаларын қазақ оқығандары мен байлары қолдады. С.Ғаббасов бұл жайында: «Бұл кісінің (Көлбайдың) сөздерінің әсерінен, мұндағы түн-күн бастары ішуден босана алмай жүрген қазақ оқығандары ішулерінен тиылып, өздері ішкендерге үгіт, насихат айтыса бастады. Осы күнде Көлбай мырзаның мәслихатыменен шаһарымызда «Айықлық жәмиғатын» (Айықтыру қоғамы) ашпақшы болып тұрмыз. Көлбай мырза біздің қараңғыда қалған Қапал атырабындағы қазақтарға зор белгі қалдырмақ. Соның үшін Қапалға да ай туды деп жорыдым», - деп жазған еді [7]. «Үш жүз» партиясының құрылуы, оның саяси және экономикалық, әлуметтік мақсат-мүдесі, бағыты жөнінде сол кездің өзінде ақ әр түрлі тілде, баспасөз беттерінде мақалалар жариялана бастады. Мәселен, Омбы кеңес депутаттарының органы болған «Революционная мысль» газеті: «Қазақ социалистік партиясы «Үш жүз» құрылды, ол өзінің орталық комитетін сайлады, тұрағы Омбы қаласы» - деп жазды [8]. «Үш жүз» партиясы жөнінде іле-шала «Алаш» партиясының органы «Қазақ», Х.Ғаббасов, И.Әлімбаев, Р.Мәрсектердің ұйымдастыруымен шыққан «Сарыарқа», Қызылжарда шығатын жастардың «Жас азамат» газеттерінде әр түрлі саяси астармен жазылған бірнеше мақала жарияланды. Әрине, көпшілігі «Үш жүзді» мақтай емес, даттай жазды.

Дала округі бойынша Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау 1917 жылдың желтоқсанының 25 жұлдызында аяқталып, халыққа жария етілді. Сайлау нәтижесі бойынша, «Үш жүз» партиясы мынандай дауыс санына ие болды: Семей қаласы-1, Қызылжар уезінде-4, Көкшетау уезінде-164, Омбы уезінде-50, Семей уезінде-2. Сонымен бірге жекелеген уездерде «Алаш» партиясы жоғары орындарға ие болды. Айталық, Семей уезінде сайлау барысында Алаш атынан түскен депутаттар 58331 дауыс, кадеттер 106, эсерлер 3375, қазақ социалистері 2, мұсылман демократтары 14 дауыс алған [9]. Қазақ халқына егеменді мемлекет құру саясаты «Үш жүз» партиясы мен «Алаш» партиясы басшыларын қатты ойландырды. Қазақ автономиясы мен ұлтаралық қатынас мәселелері хақында «Үш жүз» партиясы «Алашпен» бірде жақындасып, бірде қайшы келіп отырды. К.Төгісовтің «Үш жүз» газетінің 1918 жылғы №7 санында жарияланған «Алаш автономиясы» сынды мақаласында қазақ автономиясын құруда үлкен қиыншылықтардың туу мүмкіндігін айта келе: Қазақ халқы өзі көшпелі, өзі кедей, өзі ата қуып, тап-тайпасымен тұратын, өзі бұрын тарих жүзінде мемлекет болып өнер алмаған жұрт дейді. Қорыта келе «Үш жүздіктер» қазақ автономиясы құру қолымыздан келмейді, Түркістанмен қол ұстасып өмір сүру қажет деп тұжырым жасаған. «Алаш» пен «Үш жүз» партияларының осы автономия құруда көзқарастары келіспеді. Үшжүзшілер Орта Азия мен Түркістан халықтарымен бір ынтымақтастағы федерация құру қажеттігін саяси басшылыққа алды. Сондай-ақ, «Үш жүз» соғыс мәселесі жөнінде де Алаштан басқа көзқараста болды. Импералистік соғысты тез арада тоқтатып, соғысушы елдер арасында аннексиясыз және контрибуциясыз келісімге келу мәселесін көздеді.

«Үш жүз» партиясының қандай мақсатта құрылғандығы жөнінде әр түрлі пікірлер кездеседі. Мәселен «Үш жүз» партиясын ғалым Т. Елеуов «ұлтшыл» «ұсақ-буржуазияшыл» партияның бірі деп есептеді, ал зерттеуші ғалымдар С.Бейсенбаев пен П. Пахмурныйдың кітабында «Үш жүз» партиясы әлеуметтік құрамы жағынан әртекті «Алаш» партиясына қарама-қарсы құрылған партиялардың бірі деп тұжырым жасады. Ал тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев «Үш жүз» өзінің пайда болу негізі жағынан да, әлеуметтік жағынан да толық қалыптасып үлгермеген, бірақ ықпалды саяси күшке айналу ниеті» бар ұйым деп көрсетті. Осы ретте К.Нұрпейісовтың айтылған мақалаға жан-жақты талдау жасай келіп, көп ұлтты Қазақстанның автономия болу қиыншылықтарын түсіндірудегі «Үш жүз» партиясының пікірі кейбір қайшылықтарына қарамастан, Ә.Бөкейхановтың ойларымен сабақтас деген пікірін айта кеткен жөн. «Үш жүз» партиясы басшыларының асығыс жасаған саяси шешімдері, большевиктерді қолдауы, оны 1-ден, «Алаш» партиясы өкілдеріне қарсы оппозицияға шығуына әкелді. 2-ден, партия екі қанатқа бөлініп кетті, солшыл және оңшыл. 3-ден, Сібірде Колчак үкіметінің құрылуы «Үш жүз» партиясы мүшелерін жаппай қудалауға алып партияны күшпен таратты. «Үш жүз» партиясының басшысы К. Төгісов қамауға алынып, Колчак жемдеттері атып өлтірді. «Үш жүз» партиясының мүшелерінің белсенділері, Колчак өкіметі құлағаннан кейін, коммунистік партияның белгілі мүшелерінің қатарында болды.

Ал Ақпан революциясы ұлттық мәселені азаттық тұрғысына күн тәртібіне қоюға мүмкіндік бергенімен, - деп көрсетті М.Шоқай – бізде білікті саяси қайраткерлер, қалың бұқараны топтастыратын саяси ұйым (партия) жоқ еді. «Шоро-и-исламия» мен «Ғұлама қоғамы» ондай рөлді атқаруға дәрменсіз болды. Әрине, қалыптасқан жаңа саяси жағдай партиялардың билік үшін таласып, газет арқылы даттауы, қазақ қоғамының саяси мәдениетін дамыту қажеттігін айқындады. «Большевиктер

партиясының» орнығып дамуы, қатарларының көбеюіне биліктің мүдделі болуы, басқа партиялардың таратылып жабылуына әсерін тигізді. Кез-келген партия нақты тарихи және саяси-әлеуметтік жағдайдың туындысы болып табылады, оның пайда болуы түрлі топтардың өз арасындағы және олардың билік тұтқасымен арасындағы қарым-қатынастардың сипатымен байланысты. Партия ұйымдасқаннан кейін өзінің қоғамдағы орнын, саяси мақсатын, іс-әрекет сипатын, құрылымдық тәртібін анықтайды. Олар партияның тұжырымдамасынан, бағдарламасы мен жарғысынан көрініс табады. Басқаша айтқанда, партия өзінің саяси принциптерін, ұйымдық құрылысын және практикалық іс-әрекетінің бағыт-бағдарын анықтауға негіз болатын идеологияға сүйенеді. Большевиктер партиясының» идеологиясы К. Маркстің ілімін басшылыққа алып жеке меншіксіз, тапсыз қоғам құруға тырысады. Басқа партиялар коммунистік партияның басқарушы рөлін мойындау керек.

Өткен ғасырдың басындағы көп партиялық жүйенің қалыптасуының әсері 1990-1991 жылдары, көрініс бере бастады. Мәселен, 1990 жылғы көктемде Алматы қаласында «Алаш» ұлттық тәуелсіздік партиясын құру туралы мәлімделінді. 1990 жылғы мамырда ұлттық бағдарланған «Азат» азаматтық қозғалысының бірінші ұйымдық жиналысы өтті. Өзін Қазақстан Компартиясының ізбасары деп жариялаған Социалистік партияның құрылтай съезі 1991 жылғы қыркүйекте өтті. Саяси партиялардың пайда болуы мен құрылуы жағынан тағы бір категорияға тоқталатын болсақ партиялардың бөлінуі немесе бірігуі нәтижесінде пайда болған партиялар. Бұл категорияға кіретін партиялардың саны өте көп. 1999 жылы ел президенті сайлауы кезінде Президенттікке үміткер Н.Назарбаевты қолдау мақсатында бірнеше партия мен қозғалыстан құрылған штабтың нәтижесінде үлкен партия дүниеге келгені белгілі. «Отан» Республикалық саяси партиясы жұмысын тиянақты жүргізіп, халықтың едәуір көп бөлігінің қолдауын тапты. Араға бірнеше жыл салып Қазақстандағы бірнеше, атап айтатын болсақ, «Асар», Азаматтық және Аграрлық партиялар «Отан» партиясының қанатының астында бірігіп бүгінде «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық Партиясы еліміздегі ең үлкен саяси күшке айналды. Бұл саяси ұйым Қазақстандағы ең үлкен әрі мүшесінің саны көп ірі саяси партия.

Жалпы, Қазақстандағы демократияландыру үрдісі негізінде қоғамды модернизациялауда көппартиялық пен плюрализм маңызды рөл атқарады. Себебі, еліміздің тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғамға өтудің басты белгісі - көппартиялық екенін ескерсек, саяси партиялардың басты мақсатына айналған пікір-алуандылықты кең өрістетуге азаматтардың белсенділігін көтеру, қоғамның дамуы мен идеологиялық демократияның өрістеуіне зор ықпал ету, ашық әрі еркін қоғамды қалыптастырудың басты жолдары деп қарастыруға болады. Бұл процесс елімізде кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Егер еліміздегі саяси партиялар азаматтар қолдауына қол жеткізгілері келсе, онда жаңа ұстанымдар мен әдістерді қолданулары керек. Әлемде сайлау алды науқанда саяси технологиялар кеңінен қолданылады, бұл жағдай Қазақстанға да жетіп, дами бастағанын көреміз. Әрине, қандай да бір жаңа технологияларды пайдалану барысындағыдай, олар жаңа, «ұлттық» сипатты ала бастағанын айтуымыз керек. Саяси партиялар сайлаушылар сеніміне ие болулары үшін тек сайлау науқанында ғана емес, олармен жұмысты тұрақты, күнделікті жүргізіп отырулары керек. Тек сонда ғана халықтың сеніміне ие болары сөзсіз.

Қалыптасқан жағдайдың бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін тағылымы мол. Қорыта келгенде, саяси билік жүргізудің нақты бағыттары, бір партиялық жүйеге топтасуы, әсіресе бәсекелес партияларды болдырмайды. Ол тоталитарлық және авторитарлық қоғамдарға тән. Мұндай тәртіпке басқарушы партия бақылаушы және сынаушы оппозицияның жоқтығын пайдаланып, саяси билікті бүтіндей қолына алып, басқа мемлекеттік органдарды ығыстырады. Бір партиялық саяси жүйенің қалыптасуы қоғамның экономикалық дамуын тежеп, саяси билікте дағдарыс, саяси шиеленіс қалыптастырады, коммунистік партияның құлауы да дағдарыстың көрінісі. Партиялар бұқара халықтың мүддесін топтап, жинақтай білгенде күшейе түседі, ол қоғамның саяси дамуының модернизациялық көрсеткіші болып саналады.

1 Көлбаев Т. *Алашты аман сақтау үшін айқас // Жас Қазақ ұлттық апталығы. –2006. –№24 (76). –7 б.*

2 *Политические партии России. Конец XIX - первая треть XX века. Энциклопедия. –М.: РОССПЭН, 1996. -5 с.*

3 *«Сарыарқа». –1918. - 25 қараша.*

4 *«Қазақ». –1917. - 25 наурыз. –№ 251.*

5 *Спирин Л.М. Из истории борьбы политических партий. –М.: Мысль, 1987.- 333 с.*

6 *Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. – 312 б.*

7 Сумағұлов С. Көлбай Т. және «Үш жүз» партиясы. – Алматы, 2009. – 99 б.

8 Қамзабекұлы Д. Сәдуақасұлы Смағұл. - Алматы, 1993.-125 б.

9 Сәрсекке М. Шекара //Егемен Қазақстан. -2003. - 28 мамыр. – 9 б.

Резюме

Данная статья посвящена проблемам формирования многопартийной системы в Казахстане. Также рассматриваются особенности развития демократических направлений в крае в начале XX столетия.

Summary

The article presents the characteristic and forming of the system of democratic multiple parties in the early 20th Century in Kazakhstan.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ **СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

СОВЕТСКАЯ ПОЛИТИКА ЛИКВИДАЦИИ ЧАСТНОЙ СОБСТВЕННОСТИ,

КАПИТАЛА И ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Д.Х. Зияева –

д.и.н., Институт истории АН Республики Узбекистан

Экономическая политика советской власти с первых лет её существования была направлена на установление государственной монополии во всех сферах народного хозяйства. Именно такую цель преследовала политика насильственной национализации важных экономических объектов – земли, промышленных предприятий, транспорта, банков и др. На первом этапе национализации, 26 февраля 1918 года, объявлялся государственной собственностью весь запас хлопка сырца [1], а 7 марта того же года были огосударствлены все хлопкоочистительные заводы. При любом сопротивлении против исполнения этих декретов следовал расстрел. В ходе осуществления этих декретов по всему Туркестану было изъято 19 млн. пудов хлопка у местных и зарубежных предпринимателей [2]. Из 326 национализированных предприятий 288 составляли хлопкоочистительные заводы [3], 87,7 % принадлежало русским и зарубежным, 12,3% местным владельцам [2, с.72]. Общая стоимость средств производства составляла 1,5 млрд. золота [2, с.74].

Согласно новому декрету советской власти о национализации хлопковой промышленности от 9 декабря 1920 года в республике была запрещена торговля не только хлопком, но и хлопковыми семенами. Государственной собственностью объявлялись хлопкоочистительные машины и оборудование, принадлежавшее частным лицам. Все это свидетельствовало об установлении государственной монополии в сфере выращивания, переработки и торговли хлопка.

26 марта 1918 года государственной собственностью стала горнодобывающая промышленность республики, были отобраны у частных владельцев и акционерных компаний угольная, нефтяная промышленность вместе со средствами производства и товарными запасами [4]. Основную часть владельцев составляли русские и зарубежные предприниматели.

В марте 1918 года был объявлен декрет СНК Туркестанской АССР о национализации типографий и литографий, а в августе того же года - кожевенные заводы в крае [5]. Таким образом, государственная монополия установилась во всех основных сферах производства. Именно в эти годы была национализирована транспортная сеть в республике, основная часть которой была сооружена и функционировала ранее за счет частного капитала [6].

Таким образом, за первый год господства советской власти в республике было национализировано 330 крупных промышленных предприятий, а до конца 1919 года - 770 частных предприятий. В отличие от центральных районов России, в Туркестане с первых лет были огосударствлены не только крупные, но и средние, мелкие предприятия.

Интенсивно шел процесс национализации садовнического хозяйства, а также недвижимости частных домов и зданий, стоящих дорожке 15 000 рублей по ценам 1914 года .

Согласно декрету от 25 марта 1918 года в распоряжение государства было отдано около 40 крупных и малых садов Ташкентского уезда со всеми фруктами, орудиями и инструментами труда [7], а осенью в этом же районе было изъято 50-60 средних садов, что привело вскоре к пагубным последствиям. Отсутствие рабочей силы, специалистов-садовников привело к потери урожая, в результате чего началась дороговизна на базарах.

Советская власть с первых лет после установления своего господства приступила к огосударствлению банко-финансовой системы в крае. В частных банках был установлен рабочий контроль. Уже в конце 1917 – начале 1918 годов начался процесс насильственного изъятия денежных средств у частных банков. Банки были лишены права провести самостоятельно кредитные операции, сейфы банков были распечатаны. В мае 1918 года в распоряжение государства были переведены Ташкентские отделы Русско-Азиатского, Азовско-Донского, Волжско-Камского банков, а с июля 1918 года все частные банки были включены в состав Народного банка, который фактически был государственным [2, с.83]. Огосударствление банков и создание единой банковской системы дало мощный удар банковскому капиталу, торговле и предпринимательству, так как финансирование народного хозяйства, кредитная система перешли в руки государства.

Не ограничиваясь крупными предприятиями, уже в середине 1918 года советская власть приступила к национализации средних и малых предприятий, владельцы которых перешли к выполнению государственных заказов. Особое место в выполнении госзаказов занимало кожевенное производство, которое также работало на нужды армии [8]. С 1919 года национализировались

шерстяное, кожевенное [9], текстильное [10], винодельное, табачное производства, которые начали работать исключительно для нужд армии.

Политика национализации, направленная, в сущности, на ликвидацию частной собственности и установлению государственной монополии в сфере аграрно-промышленного производства, финансовой системы и торговли, привела к резкому ухудшению экономического положения в республике. Больше половины огосударствленных предприятий приостановило свою деятельность, и в 1920 году объем производства в республике, по сравнению с 1914 годом, сократился на 80 % .

Внедрение продовольственного налога, государственная монополия на хлеб, сельскохозяйственные продукты, ограничение частной торговли привели к дефициту жизненно необходимых продуктов, кризису сельского хозяйства и промышленного производства, а вслед за ним дороговизне и голоду.

В таких условиях советская власть была вынуждена временно пойти на уступки, разработав новую экономическую политику, направленную на либерализацию экономики. В связи с этим, в марте 1921 года после X съезда РКП(б) в стране принят курс к новой экономической политике, в рамках которой, прежде всего, вместо продовольственного налога вводится натуральный налог, крестьянство получает право на торговлю излишними продуктами со своего хозяйства, возвращаются к своим владельцам ранее огосударствленные средние и мелкие предприятия, восстанавливается свободная торговля, материальная заинтересованность дехканов, государственные предприятия выдаются в аренду частным предпринимателям.

Все это вскоре привело к увеличению объёмов производства в аграрной и промышленной сферах. В период НЭПа был принят указ развития мелких промышленных и промысловых предприятий, государственные предприятия стали переходить к хозяйственному расчету, что давало им возможность самофинансирования и самоуправления. Советская власть была вынуждена открыть путь к привлечению зарубежных инвестиций, сохранив, однако, государственную монополию на внешнюю, оптовую и розничную торговлю.

Восстановилась также система кредитирования торговли и производства через государственные банки. В 1921-25 годах были созданы кооперативные, акционерные, сельскохозяйственные банки, кредитные общества, которые стали активно финансировать частную торговлю, промышленность и сельское хозяйство. Новая экономическая политика, построенная на основе рыночных принципов, привела к восстановлению народного хозяйства, товарно-денежных отношений, а также предпринимательства, в результате чего за короткий срок объемы сельскохозяйственного и промышленного производства увеличились в 2-3 раза, экономическое положение в стране стало стабилизироваться. Большую роль в этих процессах играли частные предприниматели. Советская власть умело использовала частных торговцев и предпринимателей в товарообороте между сельскохозяйственными производителями и крупной промышленностью. За короткий срок доля частного капитала в оптово-розничной торговле составила 50 %, розничной торговле 85 % [11]. По сведениям за 1925 год, отмеченным председателем СНК РУз Ф.Ходжаевым, в республике в этот период действовало 20.180 частных торговых предприятий [12]. Частный капитал занимал 49,2 % в оптово-розничной торговле импортными товарами [12, с. 676].

Такое положение абсолютно не удовлетворяло советскую власть, главной целью которой была государственная монополизация и централизованное управление всей экономикой страны. Сразу же после достижения определенного экономического оживления и положительных результатов, советская власть приступила к ограничению роли частного капитала и частных предпринимателей в торговых отношениях. Для установления связи между мелкими производителями и потребителями, дехканством и государственными предприятиями без посредничества частных торговцев, создаются кооперации. Главной целью при этом было усиление роли государства в оптовой и розничной торговле. За короткий срок в республике были созданы 1074 коопераций. Для усиления роли государственного сектора в экономике и торговле были приняты меры повсеместной поддержки их со стороны финансовых и налоговых органов, чему благоприятствовала денежная реформа 1924 года.

В планах хозяйственного развития республики на 1924-1929 годы первостепенной задачей определилось резкое ограничение роли частного сектора и установление государственной монополии в торговле [13]. В 1925/1926 годах из 195 миллионов рублей, выделенных на финансирование торговли, 35 млн. рублей выдавалось кооперациям, 35 млн. рублей частным торговцам, 125 млн. рублей государственной торговле [12, с. 68]. Из общих средств, выделенных на развитие промышленности,

84,5% было выделено на государственный сектор, 12 % - кооперациям и всего 3% - частному производству [12, с. 69].

Эти меры привели к уменьшению доли частного сектора в 1924-1925 годах с 84,3% на 77%, то есть всего на 7,3% [14]. Доля частного капитала составляла в торговле сельскими продуктами - 90,6 %, текстильными изделиями - 28,4 %, хозяйственными товарами - 92,4 %, обувью - 95,5%, кондитерскими изделиями - 73,9 %.

Наиболее высокие показатели частной торговли были в сельских местах республики - 91,7% всей торговой системы [14, с. 32]. Частные торговцы обеспечивали сельских жителей промышленными и галантерейными товарами, готовой одеждой, покупая взамен сельскохозяйственные продукты.

В результате широкомасштабной и целенаправленной политики государственный сектор вскоре занял главные отрасли промышленности, за исключением табачного и винодельческого производства. Однако в реализации промышленных товаров, а также кожевенного и шерстяного сырья роль частного капитала оставалась решающей.

Овладение кредитной системой со стороны государства давало большие возможности для вытеснения частного предпринимательства. Уже в 1927-1928 годах частные предприятия в стране сократились на два раза за счет кондитерских, винодельческих, пекарных и других предприятий, в результате чего за два года численность безработных увеличилась также в два раза - с 20354 на 40 277 человек [15, с. 286].

В целях ограничения предпринимательства запрещалась деятельность заготовительных пунктов, контракты с прибыльными предприятиями, торговля дефицитными товарами, одновременно усилился надзор и контроль со стороны налоговых органов. В результате доля частной торговли в общей торговой системе за два года (с 1925 г. по 1927 г.) сократилась в два раза - с 46 % до 23,3 %. В таких условиях частные предприниматели в целях сохранения своего капитала были вынуждены сотрудничать с кооперациями, что привело к резкому увеличению количества последних - с 13,6 % до 42,3 %, в три раза.

В оптовой торговле доля частной торговли уменьшается с 4,9 % до 1,4 %, в то время как доля кооперации достигает 55,6 % [15, с. 273]. В розничной торговле доля частного капитала сокращается с 67,4% до 45%. Несмотря на это, советская власть была вынуждена с тревогой признавать устойчивое положение частного капитала в розничной и оптовой торговле, так как торговля всеми продуктами питания, за исключением зерна и кустарными товарами, все еще находилась в руках частных торговцев [15, с. 274]. 83,2 % кустарных промыслов принадлежало частному капиталу, а точнее, мелким предпринимателям [15, с. 269].

В целях ограничения предпринимательства советская власть в 1926 году приступила к реформированию подоходного налога, в результате чего налоги с частных торгово-промышленных предприятий составляли 45 % прибыли, в то время как налоги с государственных предприятий и коопераций составляли всего 8 % прибыли, возрастают и другие виды налогов для частных предпринимателей. В 1929 году вышел официальный указ "О борьбе со скрывающими свои доходы", в котором частное предпринимательство запрещается как вредительство и спекуляция и наказывается высшей мерой наказания. Частные предприниматели без всякого повода стали подвергаться гонениям, преследованию и конфискации имущества, что привело к резкому сокращению предпринимательства в экономике к концу 1920-х годов. Данный процесс завершил официальный указ от 11 октября 1931 года о ликвидации частного капитала, согласно которому запрещались частные доходы и все виды собственности, кроме государственной и коопераций.

В 1932 году в целях огосударствления садовничьих хозяйств были отняты у частных владельцев 60 % фруктовых и виноградных садов в Узбекистане [16]. Политика коллективизации сельского хозяйства также была направлена на ликвидацию частной собственности и предпринимательства в этой сфере. Изъятие земельного имущества крупных и средних собственников сопровождалось конфискацией всего хозяйства, включая орудия труда, скот, денежные средства и домашнюю утварь, ссылкой и изгнанием самих владельцев как классовых врагов, вредителей, «кулачества». Политика раскулачивания преследовала владельцев любого вида частной собственности - ремесленников, торговцев, предпринимателей, дехканства, имущество которых подвергалось конфискации, а сами со всей семьей ссылались в отдаленные от родины края - Северный Кавказ, Сибирь, Украина и др.

В 1931-1932 году из Узбекистана были раскулачены на вышеуказанные регионы 61 872 человек, в среднеазиатские республики в 1932 году 10 471 человек, в 1933 году 1523 человек, в 1935-

1927 годах 3 миллиона человек в Таджикистан. Все они были лишены не только своего хозяйства, родины, но и гражданских прав, жили и трудились в невыносимых условиях, привлекались к самым тяжелым и изнурительным работам, в результате чего большая часть их погибла.

Такой ценой советская власть добилась насильственной коллективизации сельского хозяйства, создания советского централизованного и планового хозяйства, ликвидации частной собственности, что имело трагические последствия для трудовых, экономических и людских ресурсов в стране. К началу 1930-х годов государственная монополия установилась уже во всех сферах народного хозяйства.

Политика индустриализации в Узбекистане, направленная на создание крупной промышленности в стране, была направлена в основном на развитие перерабатывающей отрасли промышленности. Так как 46 % советских промышленных предприятий составляли мелкие заводы и фабрики с рабочим составом не более 100 человек, на которых государство выделяло очень мало средств. Но основные продукты питания, одежда, бытовая техника готовилась именно на этих предприятиях. Несмотря на рост экономических показателей в республике, благосостояние населения республики не соответствовало даже среднему уровню нормы обеспечения.

Отсутствие материальной заинтересованности в системе уравниловки планового хозяйствования не могло удовлетворять растущие потребности народа. В конце 1970-х годов появились подпольные цехи по изготовлению галантерейных изделий, что свидетельствует о нелегальных попытках решения проблемы собственными усилиями, однако такие единичные случаи, незаконные действия, естественно, не могли решить проблему.

Закон «Об индивидуальной трудовой деятельности» от 1987 года, «О кооперации» от 1988 года, принятые в условиях перестройки и размахнувшегося кризиса, свидетельствовали о признании наконец-то государством необходимости развития других форм собственности и деятельности. Однако кризис советского способа хозяйствования, пустивший к этому времени очень глубокие корни, приводивший к пагубным последствиям, уже невозможно было остановить и предотвратить.

-
1. ЦГА РУз, фонд Р-111, опись 1, дело, Л. 39.
 2. Ульмасов А. *Национализация промышленности в советском Туркестане.* - Ташкент, 1960. - С.68.
 3. ЦГА РУз, фонд Р-43, опись 1, дело 1а, Л.364.
 4. ЦГА РУз, фонд Р-25, опись 1, дело 34, Л. 4.
 5. ЦГА РУз, фонд Р-27, опись 1, дело 758, Л. 51.
 6. ЦГА РУз, фонд Р-18, опись 2, дело 151, Л.15-16.
 7. ЦГА РУз, фонд Р-29, опись 3, дело 1168, Л.14.
 8. ЦГА РУз, фондр-17, опись 1, дело 190, Л.7.
 9. ЦГА РУз фонд, Р-25, опись 1, дело 190, Л.7.
 10. ЦГА РУз фонд, Р-17, опись 1, дело 33, Л.152.
 11. Рыков А. *Об экономическом положении СССР и итогах партдискуссии.* (Доклад на V Конгрессе Коминтерна 27 Июня 1924 г.)
 12. Хужаев Ф. *Основные черты хозяйственного плана Узбекской ССР на 1925/1926 годы.* - М., 1925. - С. 60.
 13. *Перспективы хозяйства Туркеспублики. 1924-1929 гг.* - Ташкент, 1924. - С.655.
 14. *Частная торговля Союза ССР.* - М., 1927. - С.4.
 15. Хужаев Ф. *Узбекистон халк хужалиги. Яқунлар ва истикболлар.* // Танланган асарлар. Том 2. Ташкент, 1978. - С. 286.
 16. *Экономическая история советского Узбекистана (1917-1965 гг.)* Т.1966. С. 106.

Түйін

Мақалада Ўзбекистандағы жеке меншік, капитал және кәсіпкерлікке қарсы жүргізілген кеңестік саясаттың проблемалары қарастырылады. Кеңес өкіметінің экономикалық саясатының алғашқы күндерден-ақ халық шаруашылығының барлық салаларына мемлекеттік монополия орнатуға бағытталғандығы талданған.

Summary

Problems of Soviet policy on liquidation of private property, capital and employers in Uzbekistan are researched in this article. From the first years of its existing Soviet power's economical policy were directed to institute state monopoly on all spheres of national economy.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ 1999 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ САНАҒЫ БОЙЫНША ЖЕТІСУ Өңіріндегі халықтардың әлеуметтік жағдайы

М.К. Тулекова–

т.ғ.д., ҚазҰПУ Әлем тарихы кафедрасының профессоры

Егемен Қазақстан Республикасындағы жүргізілген екінші Ұлттық Халық санағының нақты қорытындыларының жарияланғанына көп уақыт өте қойған жоқ. Санақ қорытындылары бойынша еліміздегі халықтың жалпы саны 16 млн 372 мыңға жетіп отыр. Бұл кейінгі жылдары еліміздегі халық санының өскендігін көрсетеді. Санақ қорытындысы бойынша қазақтардың үлесі 63,9% ғана болып отыр. Осы алғашқы Ұлттық санақтың соған дейінгі кезеңдердегі одақ бойынша жүзеге асырылған санақтардан ерекшелігінің өзі онда бұрын қойылмаған бірнеше сұрақтар қойылып соған жауаптар алынды. Осы сұрақтардың арасында қазақ тілін меңгеру деңгейі, елдің әлеуметтік жағдайы т.б. бар.

1999 жылғы санақ қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың әлеуметтік жағдайының әртүрлілігін көре аламыз. Елдегі экономикалық қайта құрулардың нәтижесінде 80-жылдардың аяғынан бастап елдегі жоғары білімді маман кадрлардың шет жаққа көптеп қоныс аударуы байқалды, ол әсіресе немістер, еврейлер, орыстар арасында болды. Сонымен қатар жоғары білімді жұмысшылар, қызметкерлер мен мемлекеттік секторларда жұмыс істеп жүрген көптеген жоғары білікті мамандар енді өздерінің жеке кооперативтері мен жеке кәсіптерін аша бастады. 1989 жылы жұмысшылар, қызметкерлер және колхозшылардың саны 0,8 % кеміп, ал жеке еңбекпен айналысушылар саны 3 есеге өсті (1979 жылмен салыстырғанда) [1]. Қол еңбегімен айналысатындар саны азайып, керісінше ой еңбегімен айналысатындар саны өсті. Жалпы әлеуметтік жағдайға тікелей әсер еткен ол Қазақстан Республикасының Егемен ел ретінде дамуындағы экономикалық қайта құрулар да болды. Көптеген зауыт, фабрикалардың, өнеркәсіп орындарының жабылып қалуы елдегі жұмыссыздар санының өсуіне алып келді. Бұрынғы жоғары білімді техникалық мамандар қажет болмай қалды.

Жаңа экономикалық қайта құруларға, яғни нарықтық экономикаға халық даяр болмай шықты. Осының өзі тез әлеуметтік жіктеліске алып келді. Халық арасында қайтадан байлар, кедейлер, орташалар, әлеуметтік қорғауды қажет ететін топтар пайда бола бастады. Жоғары білімді әлеуметтік топ зиялылары 70-80 жылдардағы тотаритарлық-әкімшілік жүйе кезінде көптеген қиыншылықтарға тап болды. Одан бұрында бұл топ көптеген қиындықтарды тарихта басынан өткерген еді. Ол соғыстар кезі, аштық, репрессия, Сталиндік қуғын-сүргін кезі. Осылардың барлығы келіп кейінгі кездерде зиялы қауымға көп кері әсер етті. 70-80 жылдардағы қоғамдағы жағымсыз көріністер инженер, мұғалім, дәрігер, ғалымдарға деген сұраныстың азаюына және олардың мамандығының беделінің түсуіне алып келді. Нәтижесінде осы салада жұмыс істейтіндер саны бұл кезеңде азая бастады. Бірақ 80-жылдардың аяғынан бастап бұл мамандық иелерінің қайта өрлеуі байқалды. Жалпы республика бойынша ғылыммен айналысатын зиялы қауым иелерінің саны үнемі өсіп отырды. 1989 жылғы санақ қорытындысы бойынша ғылыми жұмыспен айналысатындар, мұғалімдер –35,7% өсті [2]. Бірақ қазақ зиялы қауымын даярлауда көптеген жылдар бойы көп көңіл бөлінбей келді. Олар көбінесе құрылыстарда, ауыр қол еңбектеріне негізделген қосалқы жұмыстарда істеді. Өз тілінде білім ала алмады, мемлекеттік тілдің жоғары қызмет орындарында қолданбауы да олардың қызмет жағынан өрлеуіне бөгет болды. Олар алған білімдері бойынша қызмет істей алмады. Егемендікке қол жеткізген шақта көптеген өзгерістер болды, бірақ экономикалық қайта құрулар, нарық тағы да қазақ

зиялыларына ауыртпалықтар ала келді. Көптеген маман кадрлар жұмыссыздыққа душар болды. Сонда да мемлекет білім және ғылым мәселесіне көп көңіл бөлуде. 2000 жыл «мәдениет жылы» деп жарияланса, ал 2001 жыл «ғылым жылы» деп жарияланды. Мәдени мұра бағдарламасының өзі ғылым мен білімнің дамуына көп әсер етті. Осының өзі Егемен Республикамыздың келешек ұрпаққа жасап отырған қамқорлығы болса, екіншіден әлеуметтік топтар арасындағы алшақтықты жоюға да көмектеседі. Қазір мемлекеттік тілде-қазақ тілінде білім алып, оны қызмет бабында еркін пайдалану мүмкіндігіне жеттік, өз жерінде бірінші рет қазақтар көпшілік этносқа айналды. Оның өзі әлеуметтік жағдайымызға әсер етеді.

Әлеуметтік жағдайды сипаттайтын бір көрініс ол білім беру болып табылады. Енді 1999 жылғы санақ қорытындысы бойынша осы білімдегі жетістіктерге тоқталып көрейік.

Кесте 1 - Алматы облысы бойынша 1999 жылғы санақ қорытындысы бойынша білім деңгейі

Жынысы:	15жастан жоғары барлық халық	Оның ішінде білімі барлар:					
		жоғары	аяқталмаған жоғары	орта арнайы	орта жалпы	негізгі жалпы	бастауыш
Ауылдық жерде екі жыныс 1999	745299	60826	6755	122077	350346	131006	59240
1989	712068	45531	8292	102199	275532	139566	80516
Ерлер 1999	365877	28235	3434	50867	187007	69139	22816
1989	347005	21711	3948	42082	153137	74291	34542
әйелдер 1999	379422	32591	3321	71210	163339	61867	36424
1989	365063	23820	4344	60117	122395	65275	45974[3]

Осы кестеден көріп отырғанымыздай арнайы білімі барлар саны басымдылығы көрінеді. Сонымен қатар ер адамдарға қарағанда әйелдер арасында жоғары білімділер саны 1999 жылы өскенін көреміз. Жалпы 1000 тұрғынға алып есептейтін болсақ ауылдық жерлердегі жоғары білімділер 1999 жылы 82 болса, ол 1989 жылы 64 болған, арнайы білімділер сол секілді 164-144 болды. Ер адамдар мен әйелдерді салыстыратын болсақ 1999 жылы жоғары білімділер ерлер арасында 77ден келсе, әйелдер 86 келді, 1989 жылы 63-65 болған. Ал арнайы білімі барлар ерлер арасында 1999 жылы-511, 1989 жылы-441 болса, әйелдер арасында 430-335 болды. Осыған қарай отырып жылдан жылға ауылдық жерлердеде білім сапасының, дәрежесінің жоғарлап маман кадрлардың көбейіп келе жатқанын көреміз.

Кесте 2 - Қалалық жердегі білім деңгейі

Жынысы:	15жастан жоғары барлық халық	Оның ішінде білімі барлар:					
		жоғары	аяқталмаған жоғары	арнайы орта	арнайы жалпы	негізгі жалпы	бастауыш
Екі жыныс 1999	337361	46194	4454	90799	11787	55621	24097
1989	379036	36558	5421	81607	118888	72969	38552
Ерлер 1999	152565	20532	2234	37044	55321	27421	8826
1989	175503	17223	2421	33077	62178	37339	16742
әйелдер 1999	184796	25662	2220	53755	56466	28200	15271
1989	203533	19335	3000	48530	56710	35630	21810[3]

Осы кестеден көріп отырғанымыздай білім деңгейлері ерлер мен әйелдер арасында жылдан жылға өсіп келеді. Білімі бар 1000 тұрғынға алып есептеген кезде жоғары білімділер екі жыныс арасында 1999 жылы 137 адамнан келсе, ал ол 1989 жылы 98-ден келген. Осы секілді ерлер арасында ол көрсеткіш 135,98 болса, ал әйелдер арасында 139,95-ке жеткен. Бірақ қазіргі экономикалық-әлеуметтік жағдайларға байланысты білімге деген құштарлық бұрынғыдай сатыда болмай отыр. Халықтың көпшілігі орта жалпы білім деңгейінде қалып отыр. Орта жалпы білімділер 1000 білімді тұрғынға алып есептегенде 1999 жылы 331 болды, ал 1989 жылы 314 болған, ол ерлер арасында 363,354 болса, әйелдер арасында 306,279-ға жетіп отыр. Ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіштер 1000 тұрғынға білімді алып есептегенде 1999 жылы екі жынысты қатар алып есептегенде 82 болса, 1989 жылы-64, ал ол ерлер арасында 77,63, әйелдер арасында 86,65 болды. Біз жоғары білімділердің жылдан жылға өскенін көре аламыз. Ауылдық жерде де жалпы орта білімділердің саны көп болып отыр. 1000 тұрғынға білімді шаққан кезде 1999 жылы екі жынысты қоса есептегенде 470, ал 1989 жылы ол 387 болған. Ерлер арасында ол көрсеткіш 511,441 болса, әйелдер арасында 430,335 болып отыр[3]. Жалпы ауылдық жерлерде жоғары білімділер саны 1999 жылы 60826 болды, 1989 жылғы 45531-ге қарсы. Ерлер арасында жоғары білімділер 28235,21711 болса, әйелдер арасында ол 28235,21711-ге жетті[4,1546.]. Жоғары білім алу өткен санақ қорытындысына қарағанда өскенін байқаймыз. Ал Алматы қаласына келетін болсақ 1999 жылғы санақ қорытындысы бойынша жалпы 15 жастан асқан тұрғындар саны екі жынысты қоса есептегенде 892092-ге жетті. Оның 261880 жоғары білімді, 45787-аяқталмаған жоғары білім, 181000 орта арнаулы білімді, 261244 адам орта жалпы білімді, 97796 негізгі жалпы білімді болса, 39882 бастауыш білімі барлар болды. 1989 жылы жалпы білімділер саны 816398 болған. Осыған қарап қалада білім алу деңгейінің өскенін байқаймыз. 1000 тұрғынға білімді алып есептеген кезде ерлер арасында жоғары білімділер 1999 жылы 282 болса, ол 1989 жылы 227 болған, әйелдер арасында 302,219 болып отыр. Осыған қарап жоғары білім алу ерлерге қарағанда әйелдер арасында көптігі байқалады. Жалпы Алматы тұрғындарының көпшілігінің білім деңгейі жалпы орта білім болып қалып отыр ол 1999 жылы екі жынысты қоса алғанда 261244 болса, 1989 жылы 248257 болды. Ерлер арасында 126078, 123377, ал әйелдер арасында 135166,124880 болды. Бұл жылдан жылға көпшілік қалып тек жалпы орта білім деңгейінде қалып отырғанын көрсетеді[3,192,154 бб.]. Бұдан біз ауыр экономикалық және жанұялардағы әлеуметтік жағдайлар, сонымен қатар жұмыссыздық білімдерін ары қарай жалғастыруға мүмкіндік бермей отырғанын байқай аламыз. Сонымен қатар білімді жастар жоғары білім алған соң қажетсіз болып отыр. Жұмыс орындарымен қамтамасыз етілмеу, бұрынғыдай мемлекеттік сұраныстардың болмауы білімді кадрлардың сыртқа кетуіне де жол беруде.

Алматы қаласында бірнеше этникалық топтың өкілдері тұрады. Өртүрлі әлеуметтік жағдайларға қарамастан олар біріге жұмыс істеп ортақ отандары Қазақстанды дамытуда бір ұлт өкілдері секілді қызмет етуде. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде жариялау Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің дамуына ешқандай шек келтірмейді. Ол туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев былай деген: «Қазақстанның дамуы үшін барлық халықтардың бір-бірімен жақындасуына көп көңіл бөлу қажет, қазақ халқының дамуына, өркендеуіне ұмтылуын онда тұратын басқа ұлт өкілдерінің дұрыс түсінуі және көмектесуі біздің мемлекетіміздегі келісімділік пен достыққа әкеледі» [4]. Сондықтан да біз елдегі басқа ұлт өкілдерінің дамуына да ерекше көңіл бөлеміз. Жалпы демографиялық даму халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа да байланысты. Біздің елімізде жүзден аса ұлт өкілдері тұрып жатыр. Халықтың әртүрлі этностары орналасқан аймақтардың бірі осы Жетісу өңірі болып табылады. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 3- Алматы қаласының этникалық құрамы

Этникалық құрамы	1999 жылы	1989 жылы	1999 жылы % 1989 жылмен салыстырғанда	Жалпы тұрғындар санына ұлт өкілдерінің саны %	
				1999	1989
Барлық халық	1129356	1071927	105,4	100,0	100,0
қазақтар	434397	255133	170,3	38,5	23,8
орыстар	510366	615365	82,9	45,2	57,4
ұйғырлар	60411	43351	139,4	5,3	4,0
татарлар	24769	25329	97,8	2,2	2,4
украиндар	22835	42243	54,1	2,0	3,9
корейлер	19090	14931	127,9	1,7	1,4

немістер	9390	20806	45,1	0,8	1,9
эзербайжан	6529	5451	119,8	0,6	0,5
дұңғандар	4565	2258	202,2	0,4	0,2
өзбектер	4304	4684	91,9	0,4	0,4
беларустар	3438	6911	49,7	0,3	0,6
еврейлер	2818	6961	40,5	0,2	0,6
ингуштар	2744	2621	104,7	0,2	0,2
шешендер	2304	2194	105,0	0,2	0,2
армяндар	2144	2346	91,4	0,2	0,2
гректер	1545	2500	61,8	0,1	0,2
күрдтер	1356	883	153,6	0,1	0,1
поляктар	1254	1477	84,9	0,1	0,1
қырғыздар	997	1430	69,7	0,1	0,1
тәжіктер	851	730	116,6	0,1	0,1
мордвалар	756	1582	47,8	0,1	0,1
грузиндер	749	796	94,1	0,1	0,1
қытайлар	699	495	141,2	0,1	0,0
башқұрттар	695	992	70,1	0,1	0,1
Үндістан мен Пакистан халқы	635	-	-	0,1	-
Басқа ұлттар	9715	10446	93,0	0,8	1,4
Ұлтын көрсетпеген	-	12	-	-	[3,1546.]

Осы кестеден көріп отырғанымыздай Алматы қаласының әлеуметтік құрамы жағынан көп ұлтты болып отыр. Қазақстан Республикасында сонымен қатар Жетісу аймағында да әлеуметтік жағдай әртүрлі болып отыр. Негізгі этност-қазақтар әліде ауыр қол еңбегімен көп айналысып жүр. Ауылдық жерлердегі жұмыссыздық, мемлекеттік секторлардың жабылуы көптеген адамдардың жұмыссыздыққа ұшырауына алып келді. Қазіргі күнде әлеуметтік жіктелу өте тез жүруде. Мемлекеттік мекемелер мен өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлермен қатар өздерінің жеке фирмаларын ашқандар саны өсіп отыр, ұсақ өндірушілер, кооперативтер, фермерлер санымен қатар көбіне саудамен айналысып жүргендер өте көп. Алматы облысы мен Алматы қаласында негізінен уақытша жұмыспен айналысатындар, яғни сезондық жұмыскерлер саны өсуде. Оның өзі бұл аймақтың әлеуметтік жағдайына әсер етуде. Қазір күннен күнге жұмыссыздық өсуде. Бұл шешімін қажет ететін өте ауыр әлеуметтік мәселе болып отыр. Жұмыспен қамтамасыз ету орталықтары Жетісу аймағында 1991 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатыр. Бірақ олар мәліметтер жинақтағаннан басқа нақты ешқандай шараларды аяғына дейін орындап отырған жоқ. Жұмыссыздық үшін берілетін көмек те тоқтап қалды. 1999 жылғы санақ қорытындысы бойынша жұмыссыздық мөлшері бойынша деректер берілген. Оның үнемі өсіп келе жатқанын көреміз. 11,0,-13,-13,1-ге өсіп келе жатыр. Бұл нақты дерек деуге болмайды, ауылдық жерлердегі жұмыссыздықты толық ешкім есепке алып отырған жоқ. Жұмыссыздар саны әйелдер арасында өте жоғары. 1996 жылы 2,7 болса, ал 1997 жылы ол 3,1-ге көтерілді, 1998 жылы-2,4-ке көтерілді [3,192 б.].

Жұмыссыздар саны жастар арасында өте жоғары. Олар орта мектеп бітірушілер, жоғары білімділер институт, университеттен кейінгі, мигранттар, армиядан келген солдаттар. Бұл көрсеткіш 1995-1998 жылдар аралығында 4,0-5,2 –ге дейін көтерілді. Ауылдық жерлердегі жұмыссыздар саны жалпы тұрғындар санына алып есептегенде 37% құрайды [5]. Сондықтан да бұрынғыдай халықты жұмысшылар, колхозшылар және қызметкерлер деп бөлу қазіргі өмірге сай келмейді. Қазіргі кезде көптеген адамдар күн көру үшін өз беттерімен жұмыс тауып соған орналасады, ал оны ешкім есепке алып отырған жоқ. 1999 жылғы санақ қорытындысында тек мемлекеттік секторда жұмыс істейтіндердің ғана есебі берілген. Ал қосалқы жұмыс істейтіндер, өз алдына еңбек етушілерді, ұсақ өндірушілерді есепке алмаған. Біртіндеп халық нарықтық экономикаға үйреніп келеді. Қазір дәрігерлік мамандыққа деген ұмтылыс байқалады. 90-жылдардан бастап жоғары оқу орындарының санының тез өсуі ондағы оқитын студенттер санының өсуіне алып келді. Көптеген мамандар мектептерден, жоғары оқу орындарынан және мемлекеттік мекемелерден табыстың аздығына байланысты шығып кетіп

жатыр. Олар көбінесе қосалқы жұмыстармен немесе шағын кәсіппен айналысады. Қазір Жетісу аймағында кәсіпкерлер саны тез өсуде. Оған себеп көптеген шетелдік фирмалардың ашылуы, сауда орталықтарының ұлғаюы, бұрынғы астана ретінде бұл аймаққа нарықтың басқа жерлерге қарағанда тез таралуы және халықтың тұрмысының басқа аймақтарға қарағанда біршама болса да жоғары болуы. Қазіргі әлеуметтік жағдайы өте төмен топқа жататындар және саны жағынан да көп болып отырған зейнеткерлер. Жалпы республика бойынша зейнеткерлердің жұмыспен қамтамасыз етілуі әр жылда әртүрлі болды. Бір зейнеткерге есептегенде экономикалық салады жұмыс істейтіндер саны 1995 жылы-2,3, 1996 жылы -2,4, 1997 жылы-2,4 болса, ал 1998 жылы-2,3 ғана болды. Зейнеткерлерге төленетін зейнет ақысының көлемі де әртүрлі. 1997 жылы қызметкерлер мен жұмысшылардың орташа жалақысы 1-қазанда 2380 теңге болса, ал зейнеткерлердің зейнет ақысының жасына қарай-2340, мүгедектігіне байланысты 2340-1170 теңге, асыраушысынан айрылғандар үшін 1404, жасынан бастап мүгедек болғандар үшін-2340 болса, ал 1998 жылы 2440 –тан ең жоғарысы 1 топтағы мүгедектер үшін 3960 теңге ғана болды[3], бұл қазіргі күнделікті қажетті күн көруге жетпейді. 1999 жылғы санақ қорытындысы бойынша республиканың облыстарындағы зейнеткерлер саны мен олардың зейнет ақысының көлемі анықталды. Ол бойынша 1997 жылы жыл аяғында республика бойынша зейнеткерлер саны 2818725 болса, ал 1998 жылдың аяғында 2720427 болған. Бұл көрсеткіш Алматы облысында 275385 тен 262874 ке түсті. Алматы қаласында 1997 жылы 223873 зейнеткер болса, 1998 жылы оның саны 210966 болды. 1000 тұрғынға алып есептегенде 186,9-дан келеді[7]. 1998 жылдың аяғында республикалық зейнет ақы төлейтін орталықтан зейнет ақы алатындардың саны республика бойынша 1985793 болып оның 1935030-ы жасына қарай толық зейнет ақы алса, ал 50763-толық емес жұмыс істеген кезі үшін алды. Алматы облысы бойынша олардың саны 182829, толық жасына қарай зейнет ақымен қамтамасыз етілгендер 79731, ал толық емес еңбек жылдары үшін - 5814 болды. Алматы қаласында жалпы саны 166902,оның 164543-жасына қарай зейнет ақысын алса, 2359-толық емес еңбек жылдары үшін зейнет ақысын алды[8]. Қазір зейнеткерлерге арналған мүгедектер үйі мен оларға берілетін жеңілдіктер күннен күнге азайып бара жатыр(кесте 4).

Кесте 4 - Зейнеткерлерге арналған үйлер мен төленетін ақша (мың адам)

	1995 жылы	1996 жылы	1997 жылы	1998 жылы
Жасы ұлғайғандар мен мүгедектер үйі	56	56	56	51
Орын	14,7	14,8	14,5	13,5
Тұратындар	13,1	12,9	12,9	11,8
бала-мүгедектер үйінің саны	17	19	18	17
Орын	3,3	3,5	3,3	3,2
Тұратындар	2,8	3,1	3,1	2,9[9]

Осы кестеге қарай отырып зейнеткер жасындағы әлеуметтік жағдайы төмен және жасынан мүгедек балаларға арналған үйлер санының аздығын көреміз. Бұл жылдан жылға кеміп барады. Республикадағы экономикалық-әлеуметтік қиын жағдайларға байланысты оларға мемлекет тарапынан берілетін көмек азаюда. Қазір Алматыда ең төменгі тап өкілдері олар үйі, жұмыс орны жоқ көшеде күн көріп жүрген адамдар. Осылар қатарынан кейінгі кезде жас балалар да қосылып жүр. Мемлекет тарапынан оларға ұақытша жататын орындар ашқанмен ол пайда болған әлеуметтік мәселенің шешімін таппайды. Дамыған демократиялық елдер қатарына көтерілу үшін біз ең бірінші балалар мен қарттарымызға көмек беру жағын, оларды әлеуметтік қорғауды шешуіміз қажет. Осы мәселеде демографиялық дамуға үлкен әсер етеді. Қазіргі кезде мемлекет тарапынан беріліп жүрген әлеуметтік бөлінген қаржы көлемі өте аз. Бүгінгі күні Жетісу өңірінде де жалпы республикадағы секілді жұмыссыздық көбеюде, ол ауыр экономикалық-әлеуметтік жағдайлармен тікелей байланысты болып отыр. Қазір халықтың әлеуметтік-біліктілігі жағынан нарықтық экономикаға біртіндеп үйреніп келе жатқаны байқалады. Әлеуметтік қамтамасыз ету және жеке қызмет көрсететіндер арасында қазақтар саны өсуде-56,5%, қонақ үйлер мен ресторандарда-42,4%, автомашиналарды жөндеу және үйге қажетті заттар жасаумен айналысатын қазақтар 42,4% құрайды. Қазақтар саны мемлекеттік басқару мекемелерінде (60,6%) және қаржы қызметтерінде(52,0%) өсіп отыр[10]. Өнеркәсіп орындарының көптеп жабылуы, мемлекеттік секторлардағы жұмыстың тоқтауы, жұмыссыздықтың өсуі, күнделікті күн көрудің қымбаттауы халықтың көпшілігінің ұсақ кәсіпкерлікпен айналысуға итермеледі. Қорыта келгенде, еліміз егемендігін алған алғашқы жылдары халықтың әлеуметтік құрамында ірі өзгерістер болды. Әлеуметтік топтарға жіктелу тез қарқынмен жүрді. Бұндай көрініс сауда жақсы дамып отырған,

экономикалық орталықтың бірі Жетісу өңірінде қазіргі уақытта өте жақсы дамып отыр. Жетісу өңірі өзінің табиғат жағдайы жағынан да, жер көлемі мен оның құнарлығы жағынан да халықтың жеке кәсіпкерлікпен айналысуына өте қолайлы. Сондықтан тек оны дұрыс ұйымдастырып, қолдана алуды ғана қажет етеді. Жалпы мемлекет тарапынан қажетті көмектер көрсетіліп, қаржыдай көмек берілсе халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде жекелеген кәсіпкерлер өз көмегін бере алар еді. Сонымен бірге Ел Басының Халыққа Жолдауларында да баса назар аударылып отырған мәселе халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, елдегі әлеуметтік жағдай ол экономикаға тікелей байланысты сондықтан да елімізді тез арада алдыңғы қатарлы дамыған 50 елдің қатарына жеткізу үшін ерінбей еңбек етсек онда еліміздегі әлеуметтік топ өкілдерінің де жағдайы жақсарып және олардың арасындағы алшақтықтар жойылар еді. Оған қол жеткізу үшін мемлекет тарапынан беріліп жатқан көмектер мен жүзеге асырылып отырған әлеуметтік шараларды толығымен қолдана алуға үйрену қажет. Сонда ғана еліміздегі барлық топтар өзінің қажеттілігін қамтамасыз ете алады. Ең бастысы қазіргі демографиялық проблемадағы басым бағыттарды дәл анықтап, оны шешудің тиімді жолдарын таба білу қажет. Осыған орай әлемде индустриализация мен урбанизацияның жоғарғы қарқынды жүруімен туындап жатқан ғаламаттық сипаттағы проблемалар бар. Оның қатарына «өркениет ауруы» атанған - туудың азаюы, өлім-жітімнің өсуі, тұрғындар қатарындағы қариялардың көбеюі. Туындаған мәселелерді шешу қоғамдағы саяси тұрақтылық пен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың негізгі тірегі-экономикалық дамуға тікелей байланысты. Ол әлеуметтік-демографиялық және көші-қон саясатын саралай отырып шешуді қажет етеді.

1. Асылбеков М.Х., В.В.Козина. *Казахи (демографические тенденции 80-90 годов)*. - Алматы, 2000. - С.26.
2. *Население Республики Казахстан*. - Алматы, 1994. - С.9-13; Асылбекова Ж., Вандыкова И.С. *О формировании национальных кадров в индустриальных отраслях Казахстана*. - Алматы, 1995. - С.4-6.
3. *Краткие итоги Переписи населения 1999 года в Республике Казахстан*. - Алматы, 1999. - С.155, 154, 192
Дала халқының күнделікті өмірінде малдың маңызының аса зор болғаны сонша, ауыл тұрғындары кездесіп бір-бірімен амандасқанда ең алдымен мал жайын сұрап, “мал-жан аман ба?” деген сұрақ қоятын; содан соң ізетпен: «ат-көлік аман ба?» деп сұрайтын. Нақ сол М.Хохлов былай дейді: «...көп кешікпей жертөлеге Шүкірбайдың (ол қонақта болған қожайын) көршілері бірінен кейін бірі кіріп, кебістері мен малақайларын шешті, сәкіге шығып отырып, менен бастап жұрттың бәрімен дағдылы «аман ба?» деген сөзді айтып амандасты... Келген адам ең алдымен малдың амандығын, содан соң барып қана адамдардың амандығын сұрады. Осының бәрінен қожайын «Аллаға шүкір», яғни құдай жарылқасын деп жауап қайтарды», -демек барлық жағдайларда мал бірінші орында тұрған. Шексіз-шетсіз дала кеңістігі, санақ кезінде мал иелерінің шаңырақ алымының көбеюінен құтылу үшін малдың шын санын жасырып қалуға тырысуы, оның табиғи-географиялық көрсеткіштерінің өзіндік ерекшелігі себепті малдың саны жөнінде дәл есеп алуды қиындатты. Оңтүстіктегі екі облыспен: Жетісу облысы (облысқа Солтүстік Қырғызстанның аумағы да қараған) Сырдария (Орталық Азияның бірнеше уезін қамтыған) облыстармен салыстырғанда далалық төрт облыста мал санының басым болғанына күмән жоқ, аталған екі облыстағы мал саны төмендетіліп көрсетілген, мұның өзі сол кездегі Қазақстан көлеміндегі аумақтың иеліктердегі мал санының қорытындысын шығаруды едәуір қиындатты. Әр түрлі аймақтар бойынша және әр түрлі уақыт аралығындағы мал санының дәл келмеуі, оның үстіне сол кездегі статистика мәліметтерінің жалпы қанағаттанғысыз жағдайда болуы себепті өлке көлеміндегі мал басының нақты санын анықтау мүмкін емес. Оған «малды дәл санап шыққан жағдайда», оның үстіне малдың шын санын бөгде адамға, нақ сол санақ жөніндегі шенеунікке ашып айту аталған табынды өлім-жетімге ұшыратып, олар едәуір азайып кетуі мүмкін дегенге қатты сенетін малшылардың соқыр сенімі едәуір дәрежеде себепші болды. Мұндай ырым қазақтарда, әсіресе өте ауқатты қазақтарда өз шаруашылығының шын жай-күйін жасыру, сұраған кезде нақтысынан санын сөзсіз азайтып көрсету ниетін туғызды, ал жұт, апаттар жылдар, табиғи қолайсыздықтар кезінде олар мөлшерін шын мәніндегіден әрқашанда асыра көрсетіп отырды деуге болады, сондықтан да көрсетілген деректерді нақтысынан аз деп, ал әр түрлі қиын жағдайлардағы өлім-жетімді біршама асыра көрсетілген деп ұғу керек [5,27].

Алайда, мал иесі жыл бойы өз байлығын малды жайып бағумен және малдың тебіндеп жайылуымен «қанағаттанатын», жылқы сұлыны, ал сиыр шабылған шөпті білмейтін экстенсивті жайылымдық, жабайы шөпті жүйе мал шаруашылығын болжап білуге болмайтын зардаптарға ұшырады. Қыс қатты болған жылдары малдық жаппай қырылуы орын алып отырды. «Жұт» деген сөздің өзі-ақ мал иесінің зәре-құтын қашырды. Қыстың қатаң болып, жер бетін қалың қар мен мұздақ жабуы салдарынан жұт болып, ауқатты қазақтар бүкіл дерлік малын жоғалтты, ал кедейлер қайыршылыққа ұшырады. 1879-1880 жылдарда Түркістан, Ақмола, Сырдария облыстарында 13 миллион малдың 6 миллионы, яғни жартысына жуығы қырылып қалды. Бұл жұттың орны толтырылуы қиын зардаптардың отырықшылдық әкімшілікті мазасыздандырғаны сонша, 1889 жылы 15 ақпанда Сырдария облысының губернаторы Түркістан генерал-губернаторының міндетін атқарушыға төмендегідей мән-жайларды: қазіргі қатаң қыстан таяу уақытта қандай зардаптар күтуге болады; халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қажет екенін анықтау үшін шұғыл сауалдама жіберді. Құжаттың екінші бөлігі «егер қыс халықтың шаруашылығына жаман әсер етсе», қандай шаралар қолдану қажет және қыстың зардабы «азық-түлік пен мал азығы бағасының қымбаттауына ықпал етпей ме» деген ашық мазасызданушылықпен аяқталады. Күтілмеген табиғи-климаттық апаттарды ескерте отырып, ірі мал иелері малдың табиғи азықтануын жеңілдету үшін ертеден келе жатқан тебіндеп жаю дағдысын пайдаланып, малды мынадай схема бойынша жайылымға

айдады: алдында «қарды ең жақсы аршитындар ретінде» жылқы, одан кейін ірі қара жүріп отырды. Ал ақырында жылқы, ірі қара малдың тұяғымен аршылған жерлерде қой шөптің тұқылымен ғана қоректенді [1,65].

Мал шаруашылығының қажеттері қазақтарды ауылдардың тығыз орналасының қолайсыздығын ескере отырып, шағын топтар болып қоныстауға мәжбүр етті. Мал жайылатын жер шектеулі таулы аудандарда екі-үш шаруашылық, далалық аудандарда екі-үш шаруашылық, далалық аудандарда 20-30 үй бір жайылымға тығылды. Мал жазғы жайылымға неғұрлым алыс айдап апарылса, ол соғұрлым қонды болды; жәрмеңкелерде сатудан немесе айырбастаудан, әсіресе оларды көп мөлшерде сатқан кезде мол ақша түсіруге болатын. Екінші жағынан, бұл жер жағдайына байланысты еді. Мысалы, Торғай облысының әр түрлі шөпке бай жайылымы басым солтүстік уездерінде қазақтардың егістік жерлері болып, жазғы қоныстары қыстаудан алыстағы 20 немесе 40 шақырымнан аспады; ал жайылымы жұтаң оңтүстікте қазақтар өздерінің ата қоныстарынан 400 және одан да көп шақырымға кететін болған.

Ақтөбе және Орал уездерінде, сондай-ақ Есіл және Ертіс өңірлерінде қазақтардың көп мөлшерде пішен қорып, кейбір аудандарда кем дегенде сабан әзірлеп алуға мүмкіндіктері болды. Мұның өзі кейбір дәрежеде қысқы аяздар кезеңінде малдың азыққа деген қажеттерін қанағаттандыратын еді. Қазақтарда жазғы жайылымдар, мал жайлауы жөнінде негізінен қиындық тудырмайды, әдетте олар шектеусіз бірлесіп пайдаланады; малын әуел баста жер өз руының болғандықтан қалауынша жаятын. Ол былай тұрсын, дәстүрлі көшіп жүретін аудандарды нашар білетін уездік басқармалардың шенеуніктері ұзақ іздеу арқылы, көбінесе ауыл старшындарының көмегімен, көшпелілердің қыстауларын әрең табатын, өйткені қыстаулар туралы мәліметтер жиналмады десе де болады. Мысалы, орман алқаптары басым Көкшетау уезінде қазақтардың қыстауларын табу көп қиындыққа соғатын.

Қазақтарға малды қыста жайып бағудан бірте-бірте шөп шабуға, пішен дайындауға көшуді өмірдің өзі үйретті. Сонымен бірге, үлкен жер үлестерін алған қазақтар «жұмыс қолының жетіспеуі себепті аса жақсы жер үлестеріне қазақтарды қыстап шығуға ғана емес, жазғы жайлауға да ықыласпен жіберіп, оларға өздерінің шабындықтарын екі жаққа пайдалы талаптармен бере бастады». Әсіресе, Ертіс өңірі, Жайық өңірі аудандарында, Есіл, Іле, торғай өзендерінің жайылмалыларында пайдалануға бай жер учаскелерін алып, тіршілік үшін ең қолайлы» жерлерге орнығып алған қазақтар жерсіз қазақтардың өзінің шаруашылық жұмыстарына жалдап отырды; қазақтар мен қазақтар арасындағы түсініспеушіліктер уездік әкімшіліктерді көп әуреге түсірді [2,34].

Қазақ ауылының жағдайын «Алтай таулы округінің жерлерінде» көшіп жүрген қазақтардың бір бөлігінің «өз руларымен қосылу үшін, оң жағаға, сондай-ақ Сарыарқаның ішкі аймақтарына» көшуіне байланысты дүрбелең қиындата түсті. 1880 жылғы 22 қазанда қазақтарға Алтай таулы округінің жерлерінде көшіп жүруге рұқсат етудің ережелері қабылданды, онда «...қазақтарды Құлынды даласында (Ертіс пен Обь арасы) қалдырудың уақытша сипаты және көшпелілерді Дала облысына біртіндеп және тыныштықпен көшіруге тиісті шаралар қолдану туралы» айтылған.

Ертеректе қабылданғанына қарамастан, Батыс Сібір Бас басқармасының 1849 жылғы 4 наурыздағы және 1860 жылғы 23 шілдедегі ережесі мен қазақтардың бұрынғысынша орманды және тұзды көлдерге жақын жерлерде қонысы болып, мал жаюына ғана емес, сонымен қатар оларға 20 шақырым қашықтықтан жақындауына да тыйым салынды, ал Алтай таулы округінің қазақтарына «егіншілікке көшіп, отырықшы қоғамдар құрған жағдайда» бұрынғы келімсек шаруалармен тең мөлшерде әрқайсысына 6 сомнан оброк салығы салынды. Мұндай жағдай мыңдаған қазақ отбасыларын Семей облысындағы өз руластарына жақынырақ көшіп барып, жер тарлығын тереңдете түсуге мәжбүр етті. Осы тұрғыда қазақтардың жаппай егіншілікке көшуі көшпенділерді азық-түлік өнімдерімен, мал шаруашылығын пішен қорымен қамтамасыз етудегі бірден бір балама жол болып қалды. Ауыл экономикасына барған сайын көбірек ене түскен сауда-ақша қатынастары бұрынғы малшыларға артық астығын қала базарларында, дала жәрмеңкелерінде сату мүмкіндігін ашып берді.

XIX ғасырдағы қазақтардың мал шаруашылығы ауыл қауымының әлеуметтік және мүліктік саралануын тереңдете түсті. Бір жағынан, оны, «табиғи қорек көзіне» негізделген, тоқыраудағы мал шаруашылығы күйреуінің нәтижесі деп қарастырған жөн, ал екінші жағынан, жаппай отырықшылыққа көшу шаруашылықтың дәстүрлі нысаны-сан миллиондаған көшпелілер өмірінің мағынасын, ғұрыптарын, тіршілік ету қалпын бұрынғысынша айқындап келген және XX ғасырдың 20-жылдарына дейін жергілікті экономиканың алуан түрлі нысандарын жасаған мал шаруашылығын екінші қатарға ығыстырып тастай алмады. Қазақ өмірінде шаруашылық жүргізудің мына нысандары орын алды.

1. бірыңғай «таза» көшпелі мал шаруашылығы;

2. отырықшы егін шаруашылығы;
3. көшпелі, бірақ қысқа арнап шөп шабу және егіншілік кәсібімен ұштастырылған мал шаруашылығы;
4. егіншілікті-мал шаруашылығы, шаруашылықтың бұл қосарлы түрінің біріншісі басым болды;
5. шөп шабатын, жартылай отырықшы мал шаруашылық нысаны.

Сонымен қазақ ауылы тұрғындарын өнімдерді жәрмеңкелерде, қала базарларында сатып алу және сатудың нарықтық принциптерінің элементтері бар егіншілік экономикасына тұрлаулы тартудың объективті үрдісі туралы деректерді пайдалана отырып, XIX ғасырдың аяғына дейін томаға-тұйық экстенсивті мал шаруашылығының түпкілікті күйрегені туралы қорытынды жасауға болады.

1. Жолдасбаев С. *Жилище казахов Южно-Казахстана ХУ-ХІХ вв. По данным археологии. // Археологические памятники Казахстана. - Алматы, 1978.*
2. Уәлиханов Ш.Ш. *Шығармалар жинағы. Т.2. - Алматы, 1985.*
3. Тоқтабаев А. *Төрт түліктің төресі кім? - Алматы, 1989.*
4. Самашев С.З. *Археологические памятники и палеопочвы казахского Алтая. - Алматы, 2001.*
5. Тоқтабаев А. *Қазақтардың ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы жылқы шаруашылығы: Автореф. - Алматы, 1992.*

Резюме

В данной статье рассмотрено влияние колониальной политики царизма на традиционное хозяйство казахов в XIX веке. Скотоводство для казахов является исторически сложившейся формой хозяйства. Скот для бедняков являлся средством для существования, а для богатых был источником богатства. Ликвидация ханской власти в XIX веке изменила не только суть традиционного хозяйства казахов, но также нанесла удар по государственному строительству, потере независимости.

Summary

In given article it is considered influence of a colonial policy of tsarism on a traditional economy of Kazakhs in XIX a century. The cattle breeding for Kazakhs is historical the developed farm pattern. The cattle for poor men was means for existence, and for rich was riches source.

Liquidation ханской in XIX has changed a century the authorities not only an essence of a traditional economy of Kazakhs, but also has struck blow to the state building, independence loss.

ЖАЛПЫ ТАРИХ

ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ГЕРМАН-ПОЛЯК ҚАТЫНАСТАРЫ

Г.К. Көкебаева—

т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Дүниежүзілік соғыстар аралығындағы герман-поляк қатынастары – кеңес және қазіргі ресейлік тарих ғылымында қайшылықты пікірлер туғызып жүрген мәселе. Польшаның 1772 жылдан бастап бірнеше рет бөліске түсіп, мемлекеттік тәуелсіздігінен айырылып қалғаны, ал сол бөлістердің барлығына Австрия, Германия және Россияның қатысқандығы белгілі бола тұрса да, кеңес зерттеушілерінің еңбектерінде ұзақ уақыт бойы Польшаның тәуелсіздік алған кезінен бастап-ақ Германиямен жақындасып, Кеңес Одағына айрықша қарсы болғаны туралы тезис берік орныққан еді. Алайда Шығыс Еуропа елдерінде демократиялық қайта құрулардың басталуы мен Кеңес Одағының ыдырауы, мұрағаттардан тың деректердің табылуы, ғылымда көппікірліліктің қалыптаса бастауы Германия – КСРО – Польша «үшбұрышының» да кілтпанды қатынастарының сырын ашуға мүмкіндік

берді. Тың деректер Польшаның бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде Ресей, Австрия және Германия арасындағы қатынастардың өзгерістерін тәуелсіздік алу үшін пайдалануға тырысқанын, ал соғыстан кейін кеңес-герман қатынастарының әртүрлі серпілістерін бір жарым ғасырға созылған күрестік нәтижесінде жеткен тәуелсіздігін нығайтуға пайдалануға тырысқанын көрсетеді. Егер кез келген халықтың азаттыққа, мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылуын заңды құбылыс ретінде қарайтын болсақ, онда Польшаның бұл әрекетін де ұлттық тәуелсіздік жолындағы қажетті әрекет ретінде бағалау қажет. Ұсынылып отырған мақала Германияның мұрағаттарынан алынған тың деректерге және шетелдерде жарық көрген құжаттарға негізделген.

Бірінші дүниежүзілік соғыс зорлықпен бөлініске түскен поляк халқының ауыр тағдырын барынша шиеленістірді: Австро-Венгрия империясы мен Германияның құзырындағы поляктар Үштік одақ жағында, ал Россия империясының құрамындағы поляктар Антанта одағы жағында бір-біріне қарсы соғысуға мәжбүр болды. Алайда бұл жағдай поляктардың негізгі мақсатынан – елінің тәуелсіздік алуы жолында күрес жүргізуден бас тартуына әкелген жоқ. Үштік одақ әскерлері қатарында соғысып, орыс әскерінің қолына түскен славян халықтары өкілдерін орыс үкіметі славяндық туысқандық идеясы негізінде Габсбургтер империясына қарсы пайдалануға тырысқаны белгілі. Осы мақсатпен чех, словак, серб тұтқындардан әскери бөлімдер құрылды, ал поляктардан әскер құруға әрекет жасалған жоқ. Өйткені XIX ғасырда Россия құрамындағы поляк жердерінде бірнеше рет ірі көтерілістердің болуы поляк халқының империяға қарсы күрестен қандай жағдайда да бас тартпайтынын көрсеткен еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде поляк халқының ұзақ уақыт армандаған тәуелсіздік мәселесінің шешілуіне нақты мүмкіншілігі пайда болды. Жеңіліске ұшыраған орыс әскерлері шегінген соң, Россия құрамындағы поляк жерлері Германия мен Австрияның қоластында қалды. 1916 жылы Австрия мен Германия билеушілері Польша корольдығының құрылғандығын жариялады. Поляк саяси қайраткерлері 1916 жылы қарашада поляк әскерін құру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім Россия әскері құрамында соғысқа қатысып, немістердің қолына тұтқынға түскен поляктарға жеткен бойда олар осы әскерге кіру үшін өздерін Польшаға қайтару туралы өтініш білдірді. Соғыс жағдайында неміс кәсіпорындарында кәсіпқой жұмыс қолы жетіспегендіктен Германия үкіметі бұл тілекті қанағаттандыруға асықпады. Германия Әскери министрлігі лагерь басшыларына Польшаның толық тәуелсіздік алуы Үштік одақтың жеңіске жетуіне байланысты екендігі, сондықтан тұтқын поляктар неміс әскерінің жеңіске жетуіне мүмкіндігінше өз үлесін қосып, жеңісті жақындатуға тырысуы қажет деген идеяны насихаттауға тапсырма берді [1].

Россиядағы ақпан революциясы нәтижесінде құрылған Уақытша үкімет 1917 жылы Россия құрамындағы поляк жерлеріне тәуелсіздік берілетінін жариялады. Алайда бұл жерлер іс жүзінде неміс әскерлерінің басып алған аймағында қалған еді. 1918 жылғы қаңтарда АҚШ президенті Вудро Вильсон конгреске жолдаған хатында: «Тәуелсіз Польша мемлекеті құрылуға тиісті, оған күмансыз поляк халқы тұратын территориялардың барлығы кіруі қажет, оған теңізге еркін және сенімді шығу жолы қамтамасыз етілуге тиісті, ал оның саяси және экономикалық тәуелсіздігіне, сондай-ақ территориялық тұтастығына халықаралық келісіммен кепілдік берілуі керек», – деп жазды («Вильсонның 14 пункті» деп аталған бұл құжат кейіннен Париж бітім конференциясының шешімдеріне негіз болды). Брест бітімі бойынша Кеңестік Россия батыстағы бірқатар иеліктерінен, соның ішінде Польшадан да бас тартуға мәжбүр болды. 1918 жылы 7-қарашада Польша тәуелсіз республика болып жарияланды. Париж бітім конференциясы ыдыраған Габсбургтер империясының иеліктерінде пайда болған жаңа мемлекеттерді мойындады. Конференцияда поляк мәселесін талқылау барысында поляк делегациясының Польшаға екінші және үшінші бөліністер кезінде Германия, Австро-Венгрия және Россия тартып алған жерлерді қайтару туралы талабы қанағаттандырылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіз Польша мемлекеті мен Германияның арасындағы қатынастар өте күрделі сипатта болды. Германияның билеуші топтары Польшаны Версаль шартына қатысушы ретінде қабылдады және Данциг дәлізінің Польшаға берілгенін ұнатпады. Сонымен қатар Германияның Польшаға қатысты саясаты тікелей герман-француз және герман-кеңес қатынастарының даму бағыттарына байланысты анықталды. Францияның Польшаны қолдау саясатына жауап ретінде Германия Кеңес Одағымен жақындасуға тырысты. Жалпы алғанда бұл кезеңде Польшаның Германиямен «жақындасуы» туралы айту негізсіз. Германия билеуші топтары Польшаны Антанта мемлекеттерінің саясаты нәтижесінде құрылған уақытша мемлекет деп санады және бұл шешімді ұнатпады [2]. Кеңес Одағының 1931 жылы Франциямен, 1932 жылы Польшамен өзара шабуыл жасамау туралы келісімдер жасауы қалыптасқан жағдайды өзгертті. Германия енді Польшаны Шығыс Еуропадағы халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде қабылдап, оның өз мақстанына

пайдалануға тырысты. Әрине, 30-жылдардағы герман-поляк қатынастарының сипаты мен даму нышандарын Польша емес, Германия анықтады.

Германияда нацистер өкімет басына келген соң Германияның сыртқы саясаты Версаль шартын жоюға бағытталды. Германия Ұлттар Лигасынан шығуы оның Еуропада оқшауланып қалу қаупін туғызды. Сондықтан Германия Польшаға қатысты саясатын өзгертіп, оған «жылы шырай» білдіруге көшті. 1934 жылдың 26-қаңтарында Польша мен Германия арасында бір-біріне шабуыл жасамау туралы келісім жасалды. Әлбетте, Гитлер бұл келісімді уақытша қадам деп санады. Шынында да келесі кезеңдегі оқиғалар Германияның Польшаға деген «жылы шырайы» жалған екенін көрсетті.

1938 жылы күзде Германияның Сыртқы істер министрі Иоахим фон Риббентроп поляк үкіметінің өкілдерімен кездесуде еркін қала Гданьскіні (Данциг) Германияға беруді, Польша жері арқылы өтетін Берлин-Кенигсберг автокөлік жолын салуды ұсынды және Польшаны Антиккоминтерндік пактіге қосылуға шақырды. Осы кездесулерді кеңес зерттеушілері Польшаның Германиямен жақындасуы деп есептейді. Ал шындыққа үңілсек, жағдай басқаша болатын. Поляктар Гитлердің бұл ұсынысын қабылдасамаса, онда Германия бәрібір Данцигті басып алатынын және Кеңес Одағымен Польшаға қарсы одақ жасауы мүмкін екендігін түсінді. Польша басшыларының алдында таңдау тұрды: Гитлердің ұсынысын қабылдау немесе неміс әскерлерінің шабуылына ұшырау. Гитлер поляк жерінің көп бөлігі кезінде Ресейдің отары болғандығын білгендіктен Польша Кеңес Одағына қарсы одаққа келіседі деп ойлады. Алайда ол бір факторды ескерген жоқ: поляктар ғасырлар бойы күресіп жеңіп алған мемлекеттік тәуелсіздігін ешкімге өз еркімен бермеуге және оны ақырғы күші мен мүмкіндіктері қалғанша қорғауға бел байлаған болатын, сондықтан 1939 жылы Польшаның басшылары Германияға да, Кеңес Одағына да жақындаспауға тырысты. Поляк үкіметі бұл ұсыныстарды қабылдамау туралы шешім қабылдады. 1939 жылы 5-мамырда Польшаның Сыртқы істер министрі Юзеф Бек парламенттің (сейм) отырысында Германияның ұсыныстары туралы хабарлай келіп, Польша үкіметі бұл ұсыныстарды қабулдан мүлде бас тартатынын мәлімдеді. Поляктардың жауабына қатты наразы болған нацистік өкімет 1939 жылдың 28-наурызында Германия мен Польша арасындағы бір-біріне шабуыл жасамау туралы келісімнің күшін жойды. 31-наурызда Ұлыбритания поляк үкіметіне Польшаның тәуелсіздігіне кепілдік беретінін хабарлады. 3-сәуірде Гитлер Гданьскіні (Данциг) басып алу және Польшамен соғысу мүмкіндіктерін жоспарлау туралы құпия тапсырма берді.

Англия мен Францияның Польшаға көмектесуге кепілдік беруі Германия Польшаға шабуыл жасаған жағдайда осы екі елмен де соғысуға тиісті болатындығын көрсетті. Сондықтан Германия алдағы уақытта екі майданда соғыс жүргізу қаупін болдырмау үшін Кеңес Одағымен жақындасу керек деп шешті. 1939 жылдың 14-тамызында Германия Сыртқы істер министрі И. фон Риббентроп Мәскеудегі елші В. фон Шуленбургке жеделхат жіберді. Онда елшіге Сыртқы істер халық комиссары В.Молотовқа жолығып, Германияның Кеңес Одағына қатысты ешқандай басқыншылық ниеті жоқ екендігін және КСРО мен Германияның жақындасуына зор мүмкіншіліктер бар екендігін хабарлауды тапсырды. «Империялық үкімет Балтық теңізі мен Қара теңіз аралығындағы кеңістікте екі елді толық қанағаттандырыллықтай дәрежеде реттелмейтін мәселе жоқ деп есептейді. Бұған Балтық теңізі жағалауындағы елдер, Польша, Оңтүстік-Шығыс Еуропа және басқа жерлер туралы мәселелер жатады. Оның үстіне екі жақтың өзара саяси ынтымағы өте пайдалы болар еді», – деп жазды Риббентроп [3]. Хаттың соңында Сталинге Гитлердің тікелей сәлемін жеткізу үшін Риббентроптың Мәскеуге келуіне рұқсат алу қажеттілігі айтылды. Шуленбург келесі күні Молотовпен кездесіп, Риббентроптың сәлемін хабарлады. Молотов кеңес үкіметі Германияның кеңес-герман қатынастарын жақсартуға ұмтылуын қолдайтынын айта келіп, мынадай сұрақтар қойды: Германия Кеңес Одағымен өзара шабуыл жасаспау туралы келісімге қол қоюға дайын ба, әбден шиеленісіп, шекаралық қақтығысқа дейін жетіп отырған кеңес-жапон қатынастарын реттеу үшін Германия Жапонияға ықпал жасай ала ма, Прибалтика мемлекеттерінің қауіпсіздігіне Германия мен Кеңес Одағының бірлесіп кепілдік беруі туралы мәселеге неміс үкіметі қалай қарайды [4]. Бұл ұсыныстарды Шуленбург 16-тамызда Берлинге хабарлады. Германия бұл ұсыныстарды толық қабылдады. 18-тамызда Риббентроп Шуленбургке шабуыл жасаспау туралы келісімнің немістер жасаған жобасын хабарлады. Жоба екі баптан ғана құралған еді: 1-бап: «Германия мен КСРО қандай жағдай болса да бір-біріне қарсы соғысқа кіріспейді және күш қолдануды көздеген шараларды қабылдамайды»; 2-бап: «Осы келісім қол қойылған бойда күшіне енеді және 25 жыл сақталады» [5]. Бұл жоба 19-тамызда Молотовқа жеткізілді. Сол күні елшінің қолына келісімнің кеңес үкіметі жасаған жобасы тапсырылып, Риббентропты Мәскеуде 26-27-тамызда қабылдайтыны хабарланды. Кеңес Одағы ұсынған жобада 5 бап болды және аяғында «соңғы сөз» деген ескерту беріліп, онда: «Осы келісім Келісуші жақтардың сыртқы саясат саласындағы мүдделері туралы ерекше хаттамаға бір

мезгілде қол қойылғанда ғана күшіне енеді», – деп көрсетілді [6]. Демек келісімге қосымша құпия хаттамалар жасау туралы ұсыныс кеңес үкіметі тарапынан болған. Қосымша хаттама жасауға кеңес үкіметінің өте мүдделі болғанын Гитлердің 20-тамызда Сталинге жіберген жеделхатының мазмұны да дәлелдейді. Кеңес Одағында осы келісімшарт туралы алғашқы мақалалар жарық көре бастағанда, Гитлердің аталған жеделхаты қысқартылып жарияланды, соның ішінде қосымша хаттамалар туралы сөз қозғалған 4-пункті тұтастай, ал 2, 5, 6-пункттерінің бір бөлігі аударылған жоқ. Өйткені бұл мәтіндер құпия хаттамалардың бар екендігін және олар Сталиннің бастамасымен жасалғанын білдіріп қоятын еді. 4-пунктің мазмұнына көз жіберейік: «Кеңес Одағының үкіметі қалап отырған қосымша хаттама жуық арада өзім оның мәнін түсінген соң, герман жауапты қызметкері Мәскеуде келіссөздер жүргізген жағдайда ғана жасалады. Олай болмаса, Империялық үкімет қосымша хаттама жасау мәселесі қысқа мерзімде қалай шешіліп, қалай жасалатынын айта алмайды» [7]. Гитлер Сталиннен Риббентропты Мәскеуде 22-тамызда немесе 23-тамыздан кеш қалмай қабылдауды өтінді (Нацистердің соншалықты асығуына себеп – бұл кезде Польшаға шабуылды 26-тамызда бастау туралы шешім бекітіліп қойылған еді).

21-тамызда Сталин Гитлердің ұсынысымен келіскенін білдіріп, жеделхат жіберді [8]. 1939 жылы 23-тамызда Сталин мен Молотов Москвада Риббентропты қабылдады. Кремльде кешке қарай басталған келіссөздерге И. Сталин, В. Молотов, Й. Риббентроп, В. Шуленбург және екі жақтың тілмаштары ғана қатысты. Келіссөздер нәтижесінде Молотов пен Риббентроп шабуыл жасаспау туралы келісімге және оның құпия хаттамаларына қол қойды. Келісімнің негізгі мәтіні ашық түрде баспасөзде жарияланды. Ал құпия хаттамалар ұзақ уақыт жарыққа шығарылған жоқ. 1946 жылы Нюрнбергтегі Халықаралық сот процесінде Й. Риббентроптан жауап алу кезінде құпия қосымша хаттамалар болғандығы бірнеше рет аталды. 26-наурызда адвокат М.Хорн Риббентропқа: «Сіз Мәскеуге барған кезде қандай келіссөздер жүргіздіңіз?» – деген сұрақ қойды. Риббентроп неміс-орыс қатынастарына қатысты бірқатар құжаттарға, соның ішінде өзара шабуыл жасамау туралы келісімшарт пен оның қосымша хаттамаларына қол қойғанын айтты. 1-сәуірдегі Нюрнберг сотының алдында берген жауабында Риббентроп тағы да аталған келісімшарт пен оның қосымша хаттамаларының бар екенін мәлімдеді [9]. Алайда Кеңес Одағы батыстық одақтастарымен қатынастарының жақсы болғандығын пайдаланып, бұл мәселені өршітпей, басып тастады. Нюрнберг сотының бұл құжаттары орысша басылымына енгізілген жоқ.

Құпия хаттамалардың фотокошірмесін алғаш рет 1948 жылы АҚШ Мемлекеттік департаменті неміс және ағылшын тілдерінде басып шығарды [10]. Бұған жауап ретінде шығарылған кеңес жарияланымында американдық басылымын тарихи шындықты бұрмалады деп айыптады, бірақ бұл кітапта құпия қосымша хаттамалар мүлде аталған жоқ [11]. Фотокошірмелерді американдар қолдан жасаған жоқ еді. 1943-1944 жылдарға дейін бұл құжаттардың неміс және орыс тілдеріндегі түпнұсқалары Берлинде Сыртқы істер министрлігінде сақталды. Одақтастар Берлинді бомбалауды күшейткен кезде Риббентроптың бұйрығымен аса маңызды құжаттардың фотокошірмелері жасалды. 9725 құжаттың фотокошірмесі соғыс жаңа аяқталған кезде Америка Құрама Штаттарында сақталып, 1959 жылы Германия Федеративтік Республикасына қайтарылды. Осы көшірмелердің ішінде «F 19» (Фильм 19) деген атпен жоғарыда аталған құпия қосымша хаттамалар сақталған [12]. Фотокошірме құжаттардың барлығының дерлік түпнұсқалары Германия мұрағаттарында бар, тек қана 1939 жылғы екі кеңес-герман келісімі мен оларға қосымша құпия хаттамалардың түпнұсқасы жоқ болып кеткен. Бұл құжаттардың неміс тіліндегі нұсқасы Германияда бірнеше рет жарық көрді [13]. Алайда Кеңес Одағы бұл басылымдардың түпнұсқадан алынбағандығын тілге тиек қылып, құпия хаттамалардың болғанын мойындамай қойды. Құпия хаттамалардың екі тілдегі түпнұсқалары Ресей президентінің мұрағатынан табылып, 1992 жылы басылып шықты. 1989 жылы КСРО Халық депутаттарының съезінде Эстонияның өкілі профессор Э. Липмаа 1939 жылғы 23-тамыздағы келісімге саяси және құқықтық баға беру мәселесі бойынша комиссия құруды ұсынды. Комиссия жұмысының нәтижесінде 1989 жылы 24-желтоқсанда КСРО Халық депутаттары съезінің «1939 жылғы шабуыл жасаспау туралы кеңес-герман келісіміне саяси және құқықтық баға беру туралы» қаулысы шықты. Қаулыда келісімнің құпия хаттамалары заңдылық тұрғысынан алғанда мүлде негізсіз деп көрсетілді.

Көптеген зерттеулерде 1939 жылғы 23-тамыздағы кеңес-герман келісімі мемлекетаралық келісімшарттар жасау өлшемдеріне сәйкес келеді деген пікір орын алып жүр. Шындығында бұл келісімнің Кеңес Одағының 20-30-жылдарда басқа елдермен жасаған өзара шабуыл жасамау туралы келісімшарттарынан елеулі айырмашылығы бар. Кеңес Одағының 1926 жылдың 28-қыркүйегінде – Литвамен, 1932 жылдың 21-қаңтарында – Финляндиямен, 5-ақпанында – Латвиямен, 4-мамырында –

Эстониямен, 25-шілдесінде – Польшамен, 29-қарашасында – Франциямен жасалған бір-біріне шабуыл жасамау туралы келісімдерінің барлығында келісуші екі жақтың біреуіне басқа мемлекет шабуыл жасай қалса, осы келісімдер дереу күшін жояды деген шарт бар. Демек, аталған келісімдер тек қана бейбіт жағдайда күшін сақтайды. Ал кеңес-герман келісінде мұндай шарт жоқ, бұл келісім екі жақтың біреуіне басқа ел шабуыл жасаған жағдайда немесе осы екі жақтың біреуі басқа елге шабуыл жасаған жағдайда да өз күшін сақтайды. Сонымен қатар бұл келісімшарт Кеңес Одағының Польшамен және Балтық елдерімен жасаған өзара шабуыл жасамау туралы келісімдерінің күшін жойды [14]. Келісімнің 4-бабы бойынша, КСРО мен Германия «келісуші жақтардың бір де біреуі мемлекеттердің тікелей немесе жанама түрде екінші жаққа қарсы бағытталған қандай да болмасын тобына қатыспайтын болады» деген міндеттеме алды. Бұл бап 1935 жылы жасалған өзара көмектесу туралы кеңес-француз келісімінің күшін жойып жіберді. Келісім Германия Еуропаның қандай мемлекетімен соғысса да, КСРО тарабынан наразылық болмайтынын негіздеп, Гитлердің басқыншылық саясатын емін-еркін жүргізуіне жол ашып берді.

1939 жылдың 23-тамызындағы кеңес-герман келісімінің қосымша құпия хаттамаларының мазмұны бұл келісімшартты КСРО мен нацистік Германияның Польша мен Балтық елдеріне қарсы басқыншылық одағы ретінде қарауға болатынын дәлелдейді. Келісімнің құпия хаттамасында Германия мен Кеңес Одағының Шығыс Еуропаны ықпал аймағына бөлісуі туралы мәселе қаралды. Финляндия, Эстония, Латвия, Бессарабия және Польшаның Нарев, Висла, Сан өзендерінен шығысқа қарай жатқан жерлері Кеңес Одағының ықпал аймағына берілді. Әлбетте, Шығыс Еуропаны осындай түрде ықпал аймағына бөлісу мәселесі бірден шешіле қалған жоқ. Сталин келіссөздер кезінде Германияның қолына берілетін жерлер ішінде аталған Лиепая (немістер «Либау» деп атаған) және Вентспилс (Виндау) порттары мен Бессарабия Кеңес Одағының ықпал аймағына берілуін талап етті. Риббентроп Берлинге телефонмен мынадай жедел хабар жіберді: «Фюрердің өзіне ғана дереу хабарлаңыз. Сталинмен және Молотовпен келіссөздер жүріп жатыр. Келіссөздер барысында барлық мәселе ынтымақшылдықпен шешілуде, тек қана орыстар үшін аса бір маңызды мәселе Либау мен Видауды олардың ықпал аймағына енгізілетіні біздің мойындауымызды талап етіп отыр» [15]. Берлинде хабар күтіп отырған Гитлер Сталиннің талаптарына дереу келісу туралы нұсқау берді.

Құпия хаттамалардың мәтінін талқылаған кезде Польша мәселесіне байланысты Сталин аса бір қатаң саясат ұстайтынын көрсетті. Германия Гданск (Данциг) дәлізін алған соң, Польшаның Кеңес Одағы алған шығыс бөлігінен басқа жерінде Польша мемлекетін сақтауды жобалаған еді. Алайда Кеңес Одағы Польша мемлекетінің сақталуын мүлде қаламады. Сондықтан құпия хаттаманың 2-бабында: «Тәуелсіз Польша мемлекетін сақтау екі жақты мүдделерге қажетті ме және бұл мемлекеттің шекаралары қандай болады деген мәселе алдағы уақыттағы саяси даму барысында түпкілікті анықталатын болады», – деп көрсетілді. Демек, Польшаны мемлекеттік тәуелсіздігінен айыру туралы ұсыныс та Кеңес Одағы тарапынан болған. Осы келісімнен кейін КСРО мен Германияның жақындасуы жылдам күшейді.

1939 жылы нацистік Германия Польшаға Гданск (Данциг) дәлізін беруді талап етіп, қоқан-лоққы жасай бастады. Англия Польшаның 1919 жылғы Париж бітім конференциясында белгіленген шекараларын өзгертуге келіспейтіндігін білдірді. Сәуір айында жасалған өзара көмектесу туралы ағылшын-поляк келісімін 1939 жылы 25-тамызда ағылшын парламенті бекітті. Нацистік Германия енді көздеген жерін дипломатиялық жолмен ала алмайтынын түсінді.

Осыдан кейін тамыздың соңғы аптасында нацистер Польшаға қарсы бірқатар арандату әрекеттерін жасады. 25-26-тамызда неміс офицері бастаған бір топ қарулы адам Цешиндік Силезиядағы Мосты станциясына шабуыл жасады. Поляк әскерлері бұл шабуылды қайтарып тастады. Осылайша Германияның соғыс ашу үшін қандай да бір сылтау іздейтіні белгілі болды. Сондықтан Польшаның әскери басшылары 31-тамызда мобилизация жариялады. 31-тамызда СС офицері А.Х. Науйокс неміс түрмелерінде отырған қылмыскерлер тобын Силезияға жеткізуге тапсырма алды. Мұнда оларға поляк әскери киімін кигізіп, Гляйвице (Гливице) радиостанциясына әкелді, радиодан пистолеттердің атысының дыбысы берілді, одан кейін «шабуылшылар тобын» СС бөлімдері жаппай қырып тастады. Осылайша «поляк әскерлері шабуылының» жалған көрінісі жасалды. Үшінші Рейхтің барлық радиолары поляктар түн қараңғылығын жамылып, Гляйвицтегі радиостанцияға шабуыл жасады деп жар салды. Соғыс аяқталғаннан кейін Нюрнберг сот процесінде АҚШ-тың өкілі куэгер А.Х. Науйокстің қолы қойылған жазбаша куәлікті оқып беріп, айыптау құжаттарына қосуды өтінді. Бұл куәлікте осы жерде сипатталып отырған Гляйвиц оқиғасы суреттелген еді. 1939 жылы 1-қыркүйекте Германия Польшаға соғыс жарияламастан шабуыл жасады. Нацистік Германияның 2800 танк, 2100

ұшақпен қаруланған 1,85 миллион адамдық әскеріне поляктар 880 танк, 400-ге жуық ұшақпен жабдықталған 1 миллиондық әскерді қарсы қойды, әрине, күш тең емес еді. 3-қыркүйекте Ұлыбритания мен Франция Польшамен одақтастық міндеттерін орындау мақсатымен Германияға соғыс жариялады. Осылайша екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Неміс ұшақтары Польшаның қалалары мен ауылдарын, темір жолдарды, станцияларды бомбалап, бейбіт халық мен босқындарды қырып жатты. Ұлыбритания мен Франция соғыс жариялаумен ғана тынып, белсенді соғыс қимылдарын жүргізген жоқ. Екі елдің бұл әрекеті екінші дүниежүзілік соғыс тарихында «оғаш соғыс» деген атауға ие болды.

8-қыркүйекте немістер Варшаваға келіп жетіп, поляктармен арадағы қырғын шайқастардан кейін келесі күні Варшаваны қоршап алды. 1939 жылы 9-қыркүйекте Молотов Германияның елшісі Шуленбургке телефон соғып: «Герман әскерлерінің Варшаваға кіргені туралы хабарыңызды алдым. Герман империясының үкіметіне менің құттықтауымды және сәлемімді жеткізіңіз», – деді [16]. Польшамен соғыс басталған бойда Германия Кеңес үкіметінен Польшаға қарсы соғысқа кірісуді талап етті. Алайда Кеңес Одағы Польшаның жеңіліске ұшырауын күтіп, соғысқа жылдам кірісе қоймады. Егер Польша жеңілсе, онда кеңес әскерлерін Польшаның шығысына енгізудің сылтауын табу оңай болар еді. Шуленбург 14-қыркүйекте Германия Сыртқы істер министрлігіне салған жеделхатында Польшаға кеңес әскерлерінің енгізілуін саяси жағынан негіздеу «Польшаның күйреуі және орыс текстестерді қорғау» міндеті болуға тиісті, сондықтан Молотов неміс әскерлері Варшаваны қашан басып алатынын хабарлауды өтінеді деп жазды [17]. 17-қыркүйекте кеңес әскерлерінің 4 мың танк, 5,5 мың зеңбірек, 2 мың ұшақпен жабдықталған 600 мыңдық тобы Польшаның шығыс аудандарына басып кірді. Молотов сол күні радиодан берілген сөзінде бұл әрекет Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның халқын қорғау мақсатын көздейді деп мәлімдеді. Ал шындығында Кеңес Одағының бұл әрекеті халықаралық құқық пен келісімдерді (1921 жылғы Рига келісімі; 1932 жылғы бір-біріне шабуыл жасамау туралы кеңес-поляк келісімі; Ұлттар лигасының жарғысы; 1928 жылғы Бриан-Келлог келісімі; 1933 жылғы «Басқыншыны анықтау» туралы конвенция) өрескел түрде бұзу болатын. Кеңес әскерлерінің украин және белорус халықтарын қорғау үшін келмегені аталған халықтарды топ-тобымен туған жерінен алысқа (Қазақстанға, Орта Азияға, Сібірге) көшіріп жіберуінен көрінді. Кеңес әскерлерінің Польшаға басып кіруі, шын мәнінде, 1939 жылдың 23-тамызындағы кеңес-герман келісімінің құпия хаттамасында көрсетілген Шығыс Еуропаны ықпал аймағына бөлісуді іске асырудың бастамасы болатын. Бұл бастама неміс және кеңес әскерлерінің Польшаның жеңілуін бірлесе тойлаған салтанатты шеруіне жалғасты. Польша әкери-экономикалық қуаты жағынан өзінен әлдеқайда басым екі мемлекетке – Германия мен Кеңес Одағына қарсы ұзақ соғыс жүргізе алмайтын еді. Алайда 15-қыркүйектегі немістердің Варшаваны алдық деген хабары жалған болатын, Варшава одан кейін де екі апта берілмей соғысты. Польшаның жеңілгендігі туралы шартқа 4-қазанда қол қойылды.

Польшаны бірлесе отырып басып алған соң Германия мен Кеңес Одағы ортақ шекара шегін белгілеуге тиісті болды. Германия Польша мемлекетін сақтау жобасынан бас тартты. 1939 жылы 28-қыркүйекте «Достық және шекаралар туралы» кеңес-герман келісімі жасалды. Бұл келісімде Польша мемлекеті ыдырады, сондықтан осы жердегі бейбітшілік пен тәртіпті қалпына келтіруді Кеңес Одағы мен Германия өз мойындарына алады деп көрсетілді. Келісімге қосымша берілген картада Висла, Сан, Нарев өзендерімен өтетін сызық кеңес-герман шекарасы болып белгіленді.

Нацистік гестапо мен кеңестік қауіпсіздік органдары Польшаның басып алынған жерлерінде ойран салды. Кеңес әскерлері 180-250 мың шамасындағы поляк жауынгерлері мен офицерлерін тұтқындады. БК(б)П Орталық комитетінің 1940 жылғы 5-наурыздағы шешімі бойынша 21 857 поляк түгелдей өлтірілді. Гданск (Данциг) дәлізі Германияға қосылды да, ол жерлерде жергілікті тұрғындарды немістендіру саясаты жүргізілді. Польшаның орталығы Варшавамен қоса Империяның (Үшінші Рейх) құрамындағы Генерал-губернаторлық деп саналды. Бұл жерге Гиммлер келіп кеткен соң, нәсілдік тазалау әрекеті басталды. Освенцим (Аушвиц) мен Майданекте концлагерьлер құрылды. 15000 поляк зиялылары, саясаткерлері, мемлекет қайраткерлері және священниктері тұтқындалып, лагерьлерге жіберілді, олардың басым бөлігі қаза тапты. 1939 жылдың аяғында Польшадағы барлық еврейлерді геттоларға қамады да, қоршаған ортасынан мүлде оқшауландырып тастады. 1943 жылы Варшаваның геттосындағы еврейлерді ажал лагеріне айдау басталған кезде гетто тұрғындары көтеріліс жасап, жалғыз өздері басқыншылармен бір ай бойы шайқасты. Ақыры басқыншылар геттоны талқандап, еврейлерді Треблинка лагеріне айдап апарып, қырғынға ұшыратты. Осылайша Германия мен Кеңес Одағы Польша егеменді мемлекетін жойып, оның жерін бөлісіп алды. Польшаның 389 мың шаршы километр жерінің 201 мыңы Кеңес Одағына, қалған жері (Польшаның оңтүстігіндегі

Словакияға берілген аз ғана жерді қоспағанда) Германияға берілді. Сталин мен Гитлер Поляк мемлекеті жойылды деп санады. Алайда Парижге кеткен поляк үкіметі қызметін жалғастыра берді. 1939 жылдың 30-қыркүйегінде Парижде Владыслав Рачкевич Польшаның президенті, Владыслав Сикорски премьер-министрі қызметтеріне кірісті. Олар Ұлыбританиямен екі елдің соғыс-теңіз күштерінің бірлесіп әрекет жасауы туралы келісімге қол қойды. Франциямен осы жерде Поляк әскерін құру туралы келісім жасалды. Поляк халқы басқыншыларға қарсы күресін тоқтатқан жоқ, эмиграцияға кеткен поляк үкіметінің шешімімен құрылған Армия Крайова нацистер басып алған Еуропадағы Қарсыласу қозғалысының ең қуатты бөлімдерінің бірі болды.

1. *Bundesarchiv (Berlin), R 1501/112388, Bl. 254-255.*
2. *Hildebrand K. Das vergangene Reich. Deutsche Außenpolitik von Bismark bis Hitler, 1871-1945. – Stuttgart, 1996. – S. 460.*
3. *August 1939. Der Hitler-Stalin-Pakt. Dokumentation. Hrsg. G. Hass. – Berlin: Dietz Verlag, 1990. – S. 155-157.*
4. *Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29722, Bd. 11, Bl. 23935-23941.*
5. *Ibid., Bl.23949-23951.*
6. *Ibid., Bl.23965-23966.*
7. *Akten zur deutschen auswärtigen Politik. 1918-1945. Serie D. Bd.VII. – Baden-Baden, Frankfurt a/M: P.Keppler Verlag KG, 1961. – S.131.*
8. *Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29722, Bd. 11, Bl. 23985.*
9. *Der Prozess gegen die Hauptkriegsverbrecher von dem Internationalen Militärgerichtshof in Nürnberg vom 14. November 1945 bis 1.Okttober 1946. Bd.X. – Nürnberg: Sekretariat d. Internat. Gerichtshofs, 1947. – S.276-279; 302-305.*
10. *Das nationalsozialistische Deutschland und die Sowjetunion. 1939-1941. Akten aus dem Archiv des Deutschen Auswärtigen Amts.– Washington: Department of State, 1948; Nazi-Soviet Relations. 1939-1941. Documents from the Archives of the German Foreign Office. – Washington: Department of State, 1948.*
11. *Bonwetsch B., Junge M. Die Vertuschung der deutsch-sowjetischen Geheimabkommen von 1939 – eine unendliche Geschichte // Osteuropa. – 1993. – H.2. – S.132-134.*
12. *August 1939. Der Hitler-Stalin-Pakt..., S.13.*
13. *Akten zur deutschen..., S.206-20*
14. *Gornig G.-H. Der Hitler-Stalin-Pakt: eine völkerrechtliche Studie. – Frankfurt a/M; Bern; New York; Paris: Lang, 1990. – S.79-80.*
15. *Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29722, Bd. 11, Bl.24017.*
16. *Sowjetstern und Hakenkreuz. 1939-1941. Dokumente zu den deutschen-sowjetischen Beziehungen. Hrsg. K. Pätzold. – Berlin: Akad.-Verlag, 1990. – S.249.*
17. *Ibid., S.250.*

Резюме

Статья посвящена исследованию одной из сложных периодов развития германо-польских отношений. Позиция автора во многом отличается от устоявшихся в советской и постсоветской научной литературе мнений о германо-польских отношениях в 1918-1939 гг.

Summary

The article is devoted to a research of difficult periods in a german-polish relations development. The position of the author differs from opinions which are settled in Soviet and post-Soviet scientific literature on german-polish relations in 1918-1939.

ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ЭКОНОМИЧЕСКАЯ БЛОКАДА СЕФЕВИДСКОГО ГОСУДАРСТВА СО СТОРОНЫ ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ В ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XVI в. (на основе французской историографии)

Н.В. Мамедова –

младший научный сотрудник Института Истории НАН Азербайджана

Установление в Тебризе нового государства при активном участии кызылбашей Анатолии, всю территорию которой османский султан, предвидя неизбежное ближайшее крушение государства Ак-коюнлу, намеревался присоединить к своей империи, разрушало эти планы.

Воспользовавшись ослаблением Османской империи в последние годы правления султана Баязида II, Шах Исмаил стремился захватить те территории на востоке Турции, население которых приняло шиизм и которые ранее входили в состав государства Ак-коюнлу. Этому способствовало и расширяющееся в Восточной Анатолии движение кызылбашей. С этой точки зрения существование могучего государства Сефевидов представляло для Османской империи также серьезную внутреннюю опасность.

Основывая эти события данными османских источников, французский исследователь пишет: «Обеспокоенный этими успехами (кызылбашей – Н.М.), которые отныне невозможно было скрыть, Баязид разволновался, когда в течение 1502 года слух распространился в его столице, где согласно данным, среди населения Стамбула насчитывалось 5000 сторонников шаха. Видно, как он (султан – Н.М.) принимает тогда против них первые меры наказания и репрессии: закрывает городские ворота, проводит массовые аресты. Эти меры тотчас же были распространены и на южную Анатолию, где на основании указа о депортации большое число кызылбашей было переселено в Пелопоннес, который султан только что завоевал у Венеции». В источнике, который процитировал исследователь, говорится о насильственном переселении кызылбашей из Теке и Хамида на юг Мотона и Корона в Пелопоннесе [1]. К сожалению, исследователь не смог установить численность населения, которую затронули репрессии и тогда, и в последующие годы.

В отечественной историографии довольно подробно исследованы события, связанные с запретом перемещения азиатских кызылбашей с османской стороны на территорию Сефевидов [2]. Этот процесс исследован и в работах французских авторов. Желая пресечь распространение шиизма среди населения восточной Анатолии, которая находилась под властью османов, исследователь в частности пишет: «Он (Баязид II – Н.М.) направил пограничным губернаторам приказы, запрещающие им разрешать кызылбашским подданным оставлять оттоманскую территорию, и так же, как будет видно далее, мешать возвращению тех, кто уже уехал. Мера, по всей видимости, очень строгая, однако, эффективность которой кажется случайной. Действительно, она применялась только к кызылбашам; караванам и путешественникам разрешалось свободно переходить границу по их желанию: ничто не указывает, что в этот период торговля с Ираном (Сефевидским государством – Н.М.) подверглась замедлению. Итак, можем спросить себя о критериях, которые позволяли оттоманским пограничным властям определить, кто кызылбаш, а кто нет. Кроме того, рассматривалась ли линия границы в ту эпоху, поэтому намерения двора установить там общий и постоянный контроль с учетом местности, были иллюзорными... Оттоманская территория граничила с территорией шаха высокой долиной Кызылырмак... Анатолийский кызылбаш, решивший присоединиться к шаху, безусловно, мог найти множество мест для перехода в этой гористой зоне...[3]. Как мы увидим далее, Селим, в принципе развил и усилил практику закрытия границы с Сефевидским государством, предпринятую Баязидом II еще в 1502 году. Если в период Баязида эти действия носили сугубо политический характер, при Селиме они приобрели и экономический характер.

Вот что пишет по этому поводу Ж-Л.Бак-Грамон: «Хотя, вероятно, эта эффективная мера Баязида в любом случае нам кажется очень значительной, однако она представляет блокаду не более строгую, чем та, которую установит Селим на восточных границах вскоре после своего прихода. Баязид, кажется, вполне распознал, что военное могущество шаха Исмаила было главным образом основано на *etrak*, особенно более на *etrak* оттоманской Анатолии, чьи пропагандисты *safaviyye* давно подготавливали умы. «Заключение в темницы в стране Рум» оттоманских кызылбашей... означало таким образом задержать и даже разрушить намерение шаха, испытанного ранее как потенциальный грозный противник и фактор волнений в Анатолии. Если бы это было иначе, то Баязид мог предполагать, что, позволяя этим иноверным присоединиться к шаху Исмаилу, число которых таким образом увеличивалось, в случае конфликта создавалась бы несомненная опасность во всех отношениях. Но шах был еще только в начале своей карьеры. В это время его власть почти не распространялась за пределы нынешнего иранского Азербайджана»[4, 5]. Эта мера «избирательной блокады», как ее обозначил исследователь, явилось началом дипломатической связи Сефевидов с османами. По мнению автора, об этом свидетельствует письмо из эпистолярного сборника Фирудин бека, датированный месяцем сафар 908 г.х., т.е. 6 августа – 3 сентября 1502 года, в котором шах

демонстрирует большую почтительность. Обращаясь к султану, которым был издан приказ о блокаде, шах умышленно не упрекает непосредственно его самого, а только порицает инициативу правителей османских приграничных территорий и жалуется на это. Далее автор пишет: «К тому же, если верить ему (шаху Исмаилу – Н.М.), жертвами были только анатолийские сторонники *safaviyye*, желающие совершить паломничество в Ардебиль, чтобы посетить там могилы своих предков...»[6].

Однако почтительный тон письма из Сефевидского двора, по мнению автора, не оказало должного влияния на Баязида, ибо «Султан не мог быть обманут. Его ответ не менее любезен и рассматривает проблему предельным образом, а на просьбу шаха отвечает лишь косвенно. Баязид показал, что большое число оттоманских подданных использовали это паломничество как повод, чтобы покинуть пределы страны, что повлекло сокращение населения, и, следовательно, чувствительную потерю доходов от *timariotes* (тимариотов)». Далее исследователь выражает сомнение в искренности султана, так как причина закрытия границы для перемещения кызылбашей более чем неубедительна: «Причины, на которые ссылается Баязид, кажутся очень обманчивыми. Проверка реестров *timars* Анатолии того периода позволили бы констатировать, имело ли тогда действительно место снижение доходов, спровоцированное этим важным переселением населения. Но даже, если это и произошло, то этому способствовало решение двора о депортации в Пелопоннес» [7].

По мнению исследователя, ответ Баязида не делает никакого намека на экономическую блокаду, о которой упоминается в османских хрониках. Как он отметил: «Речь идет о пожертвованиях (*nezir*), которые кызылбаша периодически отправляли сефевидам (*safaviyye*) и которые являлись для шаха ощутимым источником доходов в то время, когда он лишь правил на ограниченной территории, разоренной длительным периодом волнений, предшествовавшим его приходу к власти».

Высказывая недоверие тому, что «этот добровольный налог», посылаемый за пределы Османского государства, наносил ему ущерб, автор пишет: «Нам кажется сомнительным, что этот аспект вещей смог сыграть роль, определяющую решение Баязида... Чтобы снять блокаду, султан ставит довольно ясное условие, которое, он хорошо знает, не будет принято шахом: по возвращении оттоманские кызылбаша должны были проходить службу, чтобы другие в будущем могли свободно совершать паломничество. Золото, которое приносила рассматриваемая кампания (паломничество – Н.М.), помогало шаху изгнать последних Ак-коюнлу и укрепить свою власть» [8]. И все же, в период правления султана Баязида II политические и экономические связи с сефевидами носили более лояльный характер. Ситуация изменилась после вступления на трон принца Селима.

Как только султан Селим пришел к власти, почти весь военно-экономический потенциал Османской империи был брошен в первую очередь против Сефевидского государства. Прежде всего, он самыми жестокими мерами установил в стране спокойствие: уничтожил дворцовую оппозицию; нанес поражение братьям Коркуду и Ахмеду, начавшим было вооруженную борьбу за власть и поддерживаемым Сефевидами; расправился с народным движением в Анатолии, проходившим под знаменем шиизма.

 67. *История Киргизской ССР*. Фрунзе, 1968. Т.1. С. 296-297.

Түйін

Бұл мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстандағы Қокан хандығының езгісіндегі халықтардың азаттық үшін күресі талданады.

Summary

In this article focuses on international relations in Central Asia in the first half of the XIX century. Also considered the joint struggle of the population of southern Kazakhstan and Kyrgyzstan's Strike against the Kokand Khan's oppression.

КАРТА КАННИДО 1402 Г. – ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ЭКЕ МОНГОЛ УЛУС

Н.Кенжеахмет –

*доктор PhD, СНС института Востоковедения им. Р.Б.Сулейменова
 (Жалғасы. Басы өткен санда)*

В «Юань ши» (гл.3) есть интересное упоминание о государственном устройстве Эке Монгол улуса, известном из жизнеописания императора Сянцзуна (Менгу-каан):

«Первый год правления (1251 г.) императора Сяньцзуна Яливача, Бучжиэра, Волубу, Дудаэра и др. назначил управляющими делами Яньцзинской провинции, Сайдянчи, Нигуймадин назначились (их) помощниками; Нахуая, Талахая, Масуху назначили управляющими делами Бешибаликэской провинции, Андуля, Узуна, Ахэма Едэша назначились (их) помощниками; Аэрхуна назначили управляющим делами провинции Аму-Дарьи, Фахэлудин, Ничжиммадин назначились его помощниками».

По словам Рашид-ад-дин Фазлуллах Хамадани в разделах «Рассказ об обращении внимания Менгу-каана на дела государства, о появлении в нем благоустройства и порядка; об изъявлении милостей по отношению к разным сословий людям и о рассылке правителей в разные концы [страны]» есть такие сообщения: «Восточные страны он (Менгу-каан) пожаловал сахибу Махмуду Ялавачу, который к своим прошлым заслугам присовокупил последующую преданность и [который еще] до счастливого восшествия на престол удостоился чести служить [ему], а города Туркестана и Мавераннахра, города уйгуров, Фергану и Хорезм -- эмиру Мас'уд-беку, который по причине дружбы и преданной службы его высочайшей особе видел много страха и опасностей и точно так же, как и [его] отец, раньше других удостоился чести припасть к стопам [его величества]; на основании этих установившихся прав [Менгу-каан] отпустил их раньше [других], а лица, прибывшие отовсюду вместе с ними, были отмечены различными наградами. А затем -- эмира Аргун-ака, который из-за дальности пути прибыл [уже] после курилтая и общего разъезда и еще раньше отличался преданной службой его высочайшей особе и выдвинулся исполнительностью и пониманием сути вещей. Ему было поручено управление областями Ирана -- Хорасаном, Мазандераном, Ираком, Фарсом, Керманом, Луром, Арраном, Азербайджаном, Гурджистаном, Арменией, Румом, Диярбекром, Мосулом и Халобом. [Все] мелики, эмиры и битикчи, служившие у него, получили награды по его благоусмотрению (Рашид-ад-дин Фазлуллах Хамадани, том I, книга первая, 1952: 140-141).

На северном берегу Черного моря отмечены городов *Фаши* 法失, ошибочная форма *Цеши* 怯失 Керч, *Судали* Судак или Солдайя, *Чицзина* Кикенеиз, *Пууй* Фори (Форос), *Цюсунь* Херсон. Сугияма Масааки реконструирует Судали как Суздал (Sugiyama Masaaki 杉山正明, 2007: 59, № 94). По словам Виктор Мыц, что в татаро-генуэзских договорах 1380 и 1381 гг. Речь идет о 18 селениях, принадлежавших городу Солдайя, но не Готии, число же селений последней в договорах специально не оговаривалось, а массарии Каффы отмечают только 11 приморских «казалий» из поселений Южнобережья: Лусту, Лампаду, Партениту, Гурзувий, Сикиту (Никиту), Ялиту, Мисхори, Ореанду, Лупико (Алупку), Кикенеиз и Фори (Виктор Мыц, 2007: 97).

Хала-а 哈刺阿Килия находится в устье Дуная, в нескольких десятках километров от берега Черного моря.

В вассальной зависимости от Бату находились различные государства к западу от этих рубежей. Это были:

- Русское государство (“Киевская” Русь), вассал монголов с 1242 г.;

- Болгария (Тырновское царство) с ее балканскими владениями (вассал с 1242 г.); Наместником этих стран и причерноморья тогда был назначен из дома Чингизхана темник кн. Ногай. Такова была Болгария, когда она с 1242 г. подчинилась князю Ногаю, как наместнику ханов Золотой Орды, которые, в свою очередь, управляли улусом Джучиевым или Кипчакским царством на правах западного удела Великой Монгольской Империи (Эренжен Хара-Даван, 1992: 225) Соответственно и карта Каннидо несколько неуверенно изображает это государство, называя имя её столицы *Талина* 他里那Тирнова;

- Грузия с ее армянскими владениями (вассал монголов с 1231 г.).

Главным независимым государством на рубежах владений Бату было Великое княжество Литовское. На карте Каннидо выделяется имя *Латаба*, можно идентифицировать Литва. Но по место это искаженная форма Владимир (Суздальский). На территории южной России можно идентифицировать такие города и исторические области: *Шан-нигу* 上尼古Чернигов, *Дундала* 東大刺Дмитров, *Сабал* 撒八София (?). В 1239 году монголы проходя по нынешней Украине взяли Чернигов, а в 1240 году – Киев.

Южная, номинальная часть улуса Джучи обнимала весь Иран. Ее восточная граница спускалась, обходя Пешавар (на карте Бесюбуши) и Синд, к индийскому океану. Здесь монголы соседствовали с Кашмиром и Делийским султанатом. На карте Каннидо надпись *Фаши* 法失, (Sugiyama Masaaki □□□□, 2007: 59, № 22). Сугияма реконструирует как *Цеши* 怯失, и пишется Кешмир~Кашмир, но в другом места на карте Кашмир пишется *Гуцзюми-эр* 古拘弥兒. А Фаши, это несомненно Вахш.

Махула 馬胡刺 (Sugiyama Masaaki □□□□, 2007: 59, № 25), Сугияма отождествляет с Мекраном. Но на карте Махула находится на востоке от Дехли, на территории Индии. Сугияма здесь ошибается, поскольку Мекран – область Ирана. У мусульманских авторов, рядом с формой Мекран, встречается форма Макуран. При арабах в Мекране возвысился Кедж, у арабских географов *جيك* или *زيك* остававшийся главным городом области в средние века; писатели XIII, XIV и XV вв. часто употребляли для обозначения всей области термин *ناركم جيك*, Кедж теперь также находится в пределах Белуджистана (Бартольд В.В., том VII, 1971: 150-151.). На карте Каннидо имеется надпись (населенный пункт) *Хачи* 哈持. По моему мнению, вполне возможна связь между топонимом Кедж и надписью Хачи на карте Каннидо.

В территории Делийского Султаната есть такие города: *Судуван* 速都王Садусан, *Баньнофэйэр* 般若非兒Парасравар или Парасур, *Нафу* 那弗Нахрвала. Эти города все встретится в труде Жувейни (Ala-ad-Din Ata-Malik Juvaini, Vol. II, 1958: 416-417).

На карте Каннидо вся территории Кавказа и Ирана изображена более подробнее: от северных рубежей Кавказа до берегов Персидского залива. На севере показано несколько кавказских областей с городами и местами *Чжанхулу* 瞻胡魯Шамкур, *Шихуануюй* 蒔花普于Сухраверд, *Алими* 阿里迷г. Урмия, *Алан* 阿郎Арран (Арран – это не город, это огромный ренион, в который входил практически весь Азербайджан). Шамкур (Shamkūr, Шамхор) находится близ Гянджи, на дороге в Тифлис (Hudūd al-ʿĀlam, 1937: 144; Бартольд В.В., том III, 1965: 472). На территории Иран помещены *Абухали* 阿不哈利Абхар, *Шиласы* 失刺思Шираз и *Шилафу* 失里行Сираф, *Асытаху* 阿思答忽Истахр, *Бусыси* 不思細Бушире, *Мижан* 米囊Мешан или Майсан, *Сисы* 昔思Шиз (Бартольд В.В., том VII, 1971: 164, 188, 198.), *Баласы-эр* 八刺思兒Буруджирд, *Шусо* 孰所Сус, *Кэ-инь* 可困Каин, *Фашан* 法尚Бушенг или Бушендж, *Фамин* 法明Варамин, *Субуна* 速不那Симнан, *Амэй* 阿梅Амул, и.т.д. Еще на карте имеется надпись *Гуаньтаха* 關它哈 Кандахар. Сугияма Масааки ошибочно читает как Ланьтаха (蘭它哈), и реконструирует «Rantha(mbhor)» (Sugiyama Masaaki 杉山正明, 2007: 59, № 59). Город *Ла-инь* 刺因, Сугияма Масааки реконструирует Rā'in (Sugiyama Masaaki 杉山正明, 2007: 59, № 62). Однако в топонимах, обозначенных у Каннидо, остается много искаженных иероглифов. Второй иероглиф топонима «инь» является искаженной формой *кунь* 困. Например, на карте Каннидо город Куллуг ошибочно пишет *Иньлю* 因六, а Qayin-- *кэкунь* 可困. А *Ла-инь* 刺因, все вероятно, это Радкан или Райкан (Бартольд В.В., том VII, 1971: 119). Радкан — древнее селение в долине р. Кашеф-руд выше Туса по дороге в Кучан, расположен к северо-западу от Мешхеда.

Еще один город *Вайфала* 外法刺. Сугияма Масааки полагает это город Zūfār (Sugiyama Masaaki 杉山正明, 2007: 59, № 144). Это очевидно город Убулла, главная гавань Персидского залива.

На карте расположены важнейшие города Ирана: *Сайсыдай-эр* 賽思歹兒, Сугияма Масааки правильно реконструирует как Shūshtar (Sugiyama Masaaki 杉山正明, 2007: 59, № 97). Шуштар – главный город Хузистана, у арабов Тустер. Сугияма Масааки еще пишет город *Душидай-эр* 東石歹兒, реконструирует как Тустар (Tustar) (杉山正明, 2007: 59, № 98). Но на карте имеется надпись *Асыдунши* 阿思東石, за рамкой, отмечанной город, пишется местность *Дай-эр* 歹兒. Сугияма Масааки посчитал, что Шустер и Тустар были два города. Как известно, Шуштар и Тустар – название одного и того же город (Бартольд В.В., том VII, 1971: 184.). А надпись *Дай-эр* 歹兒 дана вне рамки, и размещена возле реки, поэтому, Дай-эр, очевидно, название крепост Теир (Tēir). Теир находится к югу от Багдада, вблизи Кербала, на берегу реки Тигр (The travels and adventures of the Turkish admiral Sidi Ali Reïs in India, Afghanistan, Central Asia, and Persia, during the Years 1553-1556, 1899: 6). Асыдунши можно идентифицировать с Абдаси ('Abdastī) в Ираке (Hudūd al-'Ālam (The regions of the world), 1937: 131). Еще один город *Алими* 阿里迷, Сугияма полагает Ardabīl (Sugiyama Masaaki 杉山正明, 2007: 59, № 88). По моему мнению, вполне возможна связь между топонимом Алими и Урмия.

Город *Бава-эр* 八哇兒 (Sugiyama Masaaki □□□□, 2007: 59, № 42). По предположению Сугияма, возможно, Бахарз (Bākharz) – в Герате. Город Бава-эр 八哇兒, несомненно, Баверд или Абиверд, центр культуры в местности к северу от Копет-Дага. Старый Абиверд находится в другом месте, чем нынешнее селение того же имени, и носит теперь название Пештак.

На карте встречается города *Цю-ни-ша-сы* 旧尼沙己 Чинаших, город к востоку от Астрабада (Ala-ad-Din Ata-Malik Juvaini, Vol. II, 1958: 670).

Еще топоним *Хацзилисаань* 哈己里撒俺, Сугияма Масааки полагает, что это Qaysariyya (Sugiyama Masaaki □□□□, 2007: 59, № 152). Однако, в другом месте на карте Кайсария написана *Гайсалина* 盖撒里那. Город *Хасылисаань* 哈己里撒俺 можно соотнести с Каср-и Ширином, вблизи Хулвана (Бартольд В.В., т. VII, 1971: 192). Западная граница проходила в основном по Загросу, но Хузестан принадлежал Аббасидскому халифату в Ираке, а зенгидский *Машили* 麻失里 Мосул подчинился монголам как вассал. Далее граница шла на северо-запад, включая бассейн озера Ван, а затем все анатолийские территории до Кызыл-Ырмака. У монголов здесь было множество вассальных владений, прежде всего Румский сельджукский султанат, он входил в особое наместничество “Рум”, включавшее, кроме него, еще и округ прямого подчинения монголам с центром в *Акэлия* 阿渴里牙 Анкаре, греческая Трапезундская империя с центром в *Дабаличжу* 達八里渚 Трапезунд, армянское государство в Киликии (на карте Каннидо 哈乐Халэ).

Независимыми соседями монголов на западе были: в Малой Азии - Византийская (Никейская) империя, на западе от Ирана - Багдадский халифат и владения различных ветвей курдов-Эйюбидов в Северной Месопотамии (они были покорены монголами в 1245, но почти сразу отложились), в самом Иране - исмаилитское государство (т.е. крепости ордена исмаилитов в *Алу-у-сы* 阿魯無思 Эльбурсе и Кухистане), на востоке от Ирана - мусульманский Делийский султанат и индуистский Кашмир. Эти топонимы на карте Каннидо пишется *Негу* 捍古 Никейя, *Негубудэ* 捍古哺的 Никомедия, *Алу-усы*, название которого можно сопоставить с Эльбурсом, *Лю-хэ-да* 六合打 Багдад (по предложению Сугияма Масааки, первый иероглиф лю六 искаженная форма ба 八, (Sugiyama Masaaki □□□□, 2007: 59, № 101), *Гуцзими-эр* 古拘弥兒 Кашмир, *Дили* 滿里 Дели. На востоке, Бадахшано-Памирское княжество, вассальное монголам, также, вероятно, входило в сферу управления имперской армии. *Сисынань* 昔思難 Сисан также был вассальным княжеством. Области по верхнему Инду (в округе Пешавара) - Кухиджуд и Бинбан - составляли княжество Сайфуддина Хасана Карлука, который в 20-х - 30-х гг. был вассалом Дели, а в 1236-1239 признал монгольскую власть и получил монгольского резидента - шихну.

На карте Каннидо встречается города Румский сельджукский султанат *Ахэсана* 阿合撒那 и *Ахэсуби* 阿合蘇必. Оба города Сугияма Масааки полагает как Aq-shahr (Sugiyama Masaaki □□□□, 2007: 59, № 164). На карте эти города помещены вблизи Кайсария *盖撒里那*, тем более, эти два различных города. Но можно полагать, что Ахэсана это Аксарай. Ахэсуби 阿合蘇必 – Ак-шехр.

В континенте Африки можно идентифицировать такие города и исторические области Африки, как: *Махадашу* 麻哈答束 Могадисо, *Ахамин* 阿哈明 Акнун или Экмин, находится к югу от Каир, *Мисы* 密思 Миср, т.е. Каир, *Хасатанина* 哈撒它你那 Сугияма Масааки расшифровать как Qustantiniyya (Sugiyama Masaaki □□□□, 2007: 59, № 220). Константина — город в Алжире, сохранилась мечеть 1221 года, расположен на северо-востоке страны в 80 км от побережья Средиземного моря, с этим не путается Константинополь в Турции, в карте Каннидо последний пишется как *Хунутабо* 忽奴它波, а в

карте Юань цзинши дадяньту пишется *Цзисы даньда ни-я*, т.е. Qustantiniyuа), *Фасу* 法蘇 Фез или Фас, *Шанхэма* 上合麻 Сиджилмаса (город на юге Феза. Ala-ad-Din Ata-Malik Juvaini, 1958: 649.), *Ашина* 阿失那 Арзила, *Вай-е-мин* 外也明 Walili, *Таласыбулу* 他刺思布魯 Тарабулус, *Канпувань* 看普般 Кайруван, сейчас город в Тунисе, самый святой город мусульман Магриба и четвёртый по святости город Ислама и другие.

Таковы те сведения, которые предоставляет в наше распоряжение карта Каннидо по истории Еуразии XIII в. Разумеется, данная статья представляет собой лишь самый поверхностный обзор, призванный обратить внимание исследователей на этот памятник истории и культуры Средних веков. Упомянутые в данной статье названия городов и областей являются не более чем отдельными примерами из тех многих сотен имен и названий, которые могут быть интересны для историка, географа или этнографа при изучении истории Евразии. Точная идентификация многочисленных городов требует отдельного исследования с привлечением текста «Худуд ал-Алам», Джувейни и Рашид ад-Дин.

1. *Ala-ad-Din Ata-Malik Juvaini: The History of the World-Conqueror, Vol.I.II. Translated from the text of Mirza Muhammad Qazvini by John Andrew Boyle. Manchester university press, 1958.*
2. *Археологическая карта Казахстана, Алма-Ата, 1960.*
3. *Aoyama Sadao 青山定雄: 《元代の地図について》, 《東方学報》第8卷, 東京, 1938年.*
4. *Ахинжанов С.М., Кыпчаки в истории средневекового Казахстана, Алматы, 1999.*
5. *Бартольд В.В., Түркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинения в IX томах. Т. I. Москва, 1963.*
6. *Бартольд В. В., Работы по исторической географии. Сочинения в IX томах. Т. III. Москва, 1965.*
7. *Бартольд В. В., Историко-географический обзор Ирана. Сочинения в IX томах. Т. VII. Москва, 1971.*
8. *Bretschneider E., A Chinese Itinery of the Ming period from North-western Frontier to the Mediterranean Sea. The China Review. Vol.5, 1876.*
9. *Bretschneider E., Medaeval Reseaches from Eastern Asiatic Suorces, Vol. I, II, London, 1910.*
10. *Буцзи и Жиоужси, Сигияма Маса-аки, Кинда Акихиро. Дайчи но Шозо—Езу. Чизы га қата рү секай. Киото. 2007. 藤井 讓治, 杉山 正明, 金田 章裕 (編集): 大地の肖像—絵図・地図が語る世界. 京都大学学術出版会, 2007年*
11. *Буцзи и Жиоужси, Сигияма Маса-аки, Кинда Акихиро. 17 сейки изен но Нихон, Чугоку, Чосен канкей езу чизу мокуроку. Киото, 2007. 藤井 讓治, 杉山 正明, 金田 章裕 (編集): 17世紀以前の日本. 中国. 朝鮮関係絵図地図目録. 京都大学大学院文学研究科, 2007年*
12. *Виктор Мыц, Крым и Золотая Орда в 60--80-х годах XIV в. Средневековая Археология Евразийских Стеней, том 2, Казань, 2007.*
13. *Donald Ostrowsky, The Tamma and the dual-administrative structure of the Mongol impire. Bulletin of the school of Oriental and African studies, University of London, vol 61, no 2, 1998, pp. 262-277.*
14. *Hudūd al-'Ālam (The regions of the world), a persian geography. Translated and explained by V. Minorsky. — London, 1937.*
15. *Niu Zhongxun 收入曹婉如等: 《中国古代地》: 1990年.*
16. *Li Zhichang 李志常: 《長春真人西游記》, 石家庄: 河北人民出版社, 2001年.*
17. *Lin Meicun 林梅村: 《元经世大典图》考, 《松漠之间》, 北京: 三联书店, 2007年.*
18. *Miya Noriko 宮紀子: <混一疆理歴代国都之図>への道, モンゴル時代の出版文化, 明古屋大学出版会, 2006年.*
19. *Карамзин Н.М., История Государства Российского. М., 2010.*
20. *Рашид-ад-дин Фазлуллах Хамадани: Сборник летописей, Т.1 Кн.1, Москва-Ленинград, 1952.*
21. *宋濂: 《元史》, 北京: 中華書局, 1976年.*
22. *Sugiyama Masaaki 杉山正明: 《東西の世界図が語る人類最初の大地平》, 藤井 讓治, 杉山 正明, 金田 章裕 (編): 《大地の肖像—絵図・地図が語る世界》, 京都大学学術出版会, 2007年.*
23. *The travels and adventures of the Turkish admiral Sidi Ali Reïs in India, Afghanistan, Central*

Asia, and Persia, during the Years 1553-1556. Translated from the Turkish, with notes by A. Vambery. London, 1899.

24. Takahashi Tadashi 高橋正: 《東漸せる中世イスラーム世界図主として混一疆理歴代国都之図について》, 《龍谷大学論集》第374期, 1963年。

Summary

Abstract: : Hunyi Jiangli lidai guodu zhitu (Kangnido) 混一疆理歴代国都之圖 is one of the most important historical map which is preserved until today and records and narrates history and geography of Eurasia in Yuan Dynasty. It depicts the general form of the Old World, from Africa and Europe in the west to Japan in the east; from Desht-I Kipchak in the north to India, Srilanka and Persian gulf in the south.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

**ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ - РСФСР ҰЛТ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ
ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛЕТТІ ӨКІЛІ
(1921 ЖЫЛ, АҚПАН-СӘУІР АЙЛАРЫ)**

О.М.Қоңыратбаев–

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

1920 жылы мамыр-маусым айларында Мәскеуге арнайы делегацияны басқарып барып, В.И. Лениннің алдында «Тұтас Түркістан» идеясы мен Түрістан Республикасының егемендігі туралы талаптарын [1] өткізе алмаған Т. Рысқұлов және ол басқарған Мұсылман Бюросының қайраткерлері Орталық биліктің шовинистік саясатына наразылық ретінде шілде айында барлық қызметінен бас тартып, отставкаға кетеді [2]. Қыркүйек айында Баку қаласында өткен Шығыс халықтарының I сиезінде [3] Т. Рысқұлов жаңадан құрылған «Шығыстағы насихат және іс-қимыл кеңесіне» мүше болып сайланады [4], бірақ бұл қоғамдық негіздегі қызмет болатын.

Шығыс халықтарының I сиезінде Шығыс пен Батыстың көптеген елдерінен жиналған 2000-нан аса делегаттың алдында сөз сөйлеген Т. Рысқұлов Мәскеудің түркі-мұсылман халықтарына қатысты саясатын империалистік саясат ретінде әшкерелеп, сиезд фракциясы атынан В.И. Ленинге өзі бас болып қол қойған хат түсіртеді [5].

1920 жылы 14 қазанда РКП (б) Орталық Комитетінің Саяси Бюросы Баку сиезінің қорытындылары туралы арнайы мәжіліс өткізіп [6], сиезд фракциясы делегаттарының талабына орай Т. Рысқұловты қуғындауды тоқтатқан болып, оны РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В. Сталиннің орынбасары етіп тағайындау туралы қаулы шығарады [7].

Саяси Бюроньң шешімі - уақыт ұту үшін жасалған алдамшы саясат болатын. Шын мәнінде большевик көсемдері оппозициялық ниеттегі Түркістан өкілінің РСФСР-дағы ұлт істерін басқарып отырған комиссариатта басшылық қызметке келуін қаламай, қаулы екі жылдай уақыт сөз бұйдаға салынып, іске асырылмады [8].

Саяси Бюроньң қаулысына сәйкес Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары міндетін атқаруға кіріспек болған Т. Рысқұловты И.В. Сталин комиссариаттың орталық аппаратына

қабылдамай, 1920 жылы қазан-желтоқсан айларында қызметсіз және жалақысыз жүруге мәжбүр етеді. Түрікшіл қайраткерді Мәскеу сынды саяси орталықтан алыс ұстау үшін И.В. Сталин 1921 жылы 6 қаңтарда Әзербайжан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Наримановқа жазған хатында оны іскер де қабілетті басшы деп мақтай отырып, РСФСР Ұлт істері жөніндегі комиссариатының өкілетті өкілі ретінде Бакуге жіберілетіндігі туралы хабарлайды [9]. Бірақ И.В. Сталин неліктен Т. Рысқұловты РКП (б) Орталық Комитетінің Саяси Бюросының шешіміне сәйкес өзіне орынбасарлық қызметке тағайындамай, алыстағы Бакуге «жер аударып» отырғандығы туралы ештеңе демеген!?

1920 жылы Қызыл Армия Әзербайжан Демократиялық Республикасын қиратқаннан [10] кейін Әзербайжан Кеңестік Социалистік Республикасы құрылған болатын. РСФСР мен Әзербайжан КСР-і арасында дипломатиялық байланыс орнатылып, 1920 жылы 21 желтоқсанда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Әзербайжан республикасында Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының өкілетті өкілдігін ашу туралы қаулы қабылдайды [11]. Осыны пайдаланған И.В. Сталин орынбасарлыққа тағайындалған Т. Рысқұловты Бакуге баруға мәжбүр етті.

И.В. Сталиннің кесірінен Мәскеуде жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылған Т. Рысқұлов өзінің орынбасары, түркістандық досы Жорабаевты ертіп 1921 жылы қаңтар айының соңғы күндері РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының өкілетті өкілінің мандатымен Бакуге келеді. Өкілетті өкілдік Әзербайжан республикасына келген алғашқы уақытта үлкен қиыншылықтарға ұшырайды. Комиссариаттың өкілетті өкілдігіне жергілікті билік орындары нақты көмек бере алмайды, олардың алғашында не тұрғылықты мекен-жайы, не кеңсе қызметкерлері, не көлігі болмады. Комиссариаттың өкілдіктің қажетіне деп бөлген қаражаты Мәскеуден Бакуге дер кезінде аударылмайды.

Т. Рысқұлов Әзербайжан республикасының басшыларына ресми хат жолдап, РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының өкілетті өкілдігінің мақсаты мен міндеттерін мәлімдейді. Өкілетті өкілдік ең алдымен Әзербайжан республикасының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайын зерттеуге, екіншіден, республикадағы ұлттар мен ұлтаралық қарым-қатынас мәселесін, тіл, баспасөз, білім беру ісін анықтауға, ұлттық азшылық мәселесімен шұғылдануға, осы мәселелер бойынша Әзербайжан республикасының басшылары мен РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатына айына бір рет есеп беріп, ұсыныстар айтуға міндетті екенін жеткізеді [12].

РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатынан бөлінген қаржы келіп түскенге дейін қолда бар мүмкіндікті пайдаланып өкілдіктің қызметін ұйымдастыру үшін Т. Рысқұлов 1921 жылы 2 ақпанда Әзербайжан республикасының ревкомына кеңсе заттары мен іс қағаздарын басатын машинистка сұрап хат жазады [13]. Әзербайжан ревкомы өздері де сауатты хатшыларға мұқтаж болып отырулары себепті машинистка бөлетін мүмкіндіктері жоқ екендіктерін айтып жауап берген [14]. Т. Рысқұлов 1921 жылы 13 ақпанда қаржы табу мәселесімен реввоенсовет төрағасы С. Орджоникидзеге хат жолдап, әскери мекеменің қаражатынан өкілдік үшін қарызға 2 000 000 рубль бөлдіруді сұрайды [15]. 1921 жылы 24 ақпанда Кавказ майданының құрамындағы 11-ші армияның реввоенсоветі Т. Рысқұловқа қаржы тапшылығына байланысты өкілдікке ақшалай қарыз беруге мүмкіндіктері жоқ екендігін айтып, №468-і жауап хатын жолдаған [16]. Т. Рысқұлов 1921 жылы 13 ақпанда Әзербайжан үкіметі жанындағы Орталық баспасөз бөліміне республикада түркі және орыс тілдерінде жарық көріп жатқан барлық газет-журналдар мен басқа да мерзімді баспа өнімдерін өкілдікке жіберіп тұруларын сұрап, хат жолдайды [17]. Баку қалалық атқару комитетіне жолдаған келесі қатынас хатында Т. Рысқұлов өкілдікті материалдық жағынан қамтамасыз етуді тағы да өтінеді [18]. Т. Рысқұлов ақпан айының басында Баку қалалық атқару комитетіне, баспанамен қамтамасыз ету орталығына және қатарынан үш рет Азревкомға да хат жолдап, қаланың әкімшілік ауданынан өкілдіктің жұмыс орны үшін төрт бөлмелі пәтер бөлдіртуді өтінеді [19]. Азревком да қалалық баспанамен қамтамасыз ету орталығына үш рет тапсырма беріп, өкілдікті орналастыратын үй тауып бере алмай қиналады. Т. Рысқұлов өкілдіктің материалдық жағдайын шешуге бағытталған әрекетті одан әрі жалғастырады. 1921 жылы 19 ақпанда ол Баку қалалық кеңесінің юстиция бөлімінен өкілдіктің заңнамалық мәселелеріне көмектесуі үшін халық судьясы Д. Алиевті өкілдік қарамағына жіберуді өтінеді, бірақ қалалық кеңес 1921 жылғы 21 ақпандағы жауап хатында судьялардың тапшылығына байланысты бұл ұсынысты қанағаттандыра алмайтындықтарын білдіріп кешірім сұраған [20].

Т. Рысқұлов өкілдіктің қызметін ұйымдастыру мәселесінде туындаған объективті қиыншылықтарға қарамай-ақ басты міндеттерді іске асыруға қызу кіріседі. Бакуде болған екі апта ішінде Әзербайжан республикасындағы ұлттар мен ұлтаралық қарым-қатынас мәселесін зерттеп көрген Т. Рысқұлов 1921 жылы 13 ақпанда республиканың Халық ағарту комиссариатының аз санды ұлттар

жөніндегі бөліміне хат жазып, өзің бұл саладағы барлық мәліметтермен мұқият таныстыруды талап етеді [21]. Бұл айларда азамат соғысынан енді ғана ес жия бастаған Әзербайжанда халық санағы әлі жүргізілмеген болатын, үкімет мекемелерінің қолында республиканы мекендеп отырған ұлттардың саны туралы нақты деректер болмады. Сондықтан да, Т. Рысқұлов республиканың тиісті мекемелерінен барлық уездерге арнайы нұсқау жіберіп, халықтың ұлттық құрамы туралы жалпы мәліметтерді анықтап беруді өтінеді. Халық ағарту комиссариатының аз санды ұлттар жөніндегі бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы С. Шахназаров Т. Рысқұловтың тапсырмасын орындап, 1921 жылы 24 ақпанда тиісті мәліметтерді жинастырып береді [22]. Бірақ, өкінішке қарай, Баку қаласында тұрақты орналасып болмаған өкілдіктің бұл апталарда республикадағы ұлт мәселесін терең зерттеуіне мүмкіндігі болған жоқ.

Осылайша, аса ауыр саяси және әлеуметтік жағдайды басынан кешіріп отырған Әзербайжан республикасы қаржы мен құралдың аздығынан өкілдікті дер кезінде орналастырып, керекті жабдықтармен қамтамасыз ете алмайды. Баку қаласының басшылары тек сәуір айының ортасында ғана өкілдік үшін Молоканская көшесі, 11 үйден бөлме беруге мүмкіндік табады [23].

Кремль көсемдері наурыз айында Ресей Коммунистік партиясының X сиезін өткізу үшін қызу даярлық жұмыстарын бастаған болатын [24]. Ақпан айының ортасында Баку қаласында Әзербайжан Коммунистік партиясының III сиезі ұйымдастырылады. Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Н. Наримановтың шақыруымен өзінің Әзербайжан Коммунистік партиясының III сиезінде ұлт мәселесі бойынша баяндама жасауға даярланатындығы және одан әрі Әзербайжан делегациясының құрамында Мәскеуге аттанатындығы себепті Т. Рысқұлов өкілдіктің қызметін ұйымдастыруды орынбасары Жорабаевқа тапсырады [25].

Т. Рысқұлов Баку қаласында өтіп жатқан Әзербайжан Коммунистік партиясының III съезіне делегат болып қатынасып, 1921 жылы 18 ақпанда РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының өкілетті өкілі ретінде ұлт мәселесі бойынша сөз сөйлейді [26]. Жоғарыда айтып өткеніміздей, сиезде 1921 жылы наурыз айында Мәскеу қаласына шақырылған РКП (б) X съезінде жасалатын Әзербайжан Коммунистік партиясының есепті баяндамасы талқылады. РКП (б) X съезінің күн тәртібіне ең басты мәселе ретінде ұлт мәселесі енгізілген болатын. Сондықтан да, Т. Рысқұлов X съезінің күн тәртібіне ең басты мәселе ретінде ұлт мәселесінің енгізілгендігі уақыт талабына сай келетін дұрыс саяси шешім болғандығын қуаттайды. РКП (б) X съезіндегі ең басты мәселенің бірі, дейді Т. Рысқұлов, бұл ұлт мәселесі. Сиездің қарауында тұрған ұлт мәселесі, негізінен алғанда Шығыс мәселесі болып табылады, сондықтан да бұл мәселенің сиезде талқыланатын дүниежүзілік мәні бар басқа да мәселелерден кемдігі жоқ. Егер біз РКП (б) VIII съезінде ұлт мәселесін тек таза теориялық тұрғыдан ғана талқылаған болсақ, таяуда ғана өткен Коминтернінің II конгресінде бұл мәселенің тек отарлар туралы қырына ғана көңіл бөліп, негізгі бағдарламаларды талқылаумен айналыстық, ал РКП (б) X съезі ұлт мәселесінің практикалық мәселелерін шешуі тиіс. «Қазір партияның алдында тұрған әрбір мәселеге тек ресейлік көзқарас тұрғысынан ғана қарамау керек» [27], - дейді Т. Рысқұлов. Барлық мәселеге тек ресейлік көзқарас тұрғысынан қарудың негізсіздігін баяндай келе, Т. Рысқұлов іске ең алдымен дүниежүзілік экономикалық қауымдастықтың мүддесі тұрғысынан келіп, Шығыс мәселесін, Шығыстағы ұлт мәселесінің шешілу жолдарын осы дүниежүзілік экономикалық қауымдастықтың мүддесіне байланыстыра қарастыруды ұсынады. Т. Рысқұлов «барлық іске тек ресейлік көзқарас», «ресейлік мүдде» тұрғысынан келіп, дүние жүзілік проблеманы, дүние жүзілік экономикалық жағдайды есепке алмаудың қателігін атап көрсетеді, яғни Ресей алдында тұрған экономикалық проблемаларды дүние жүзілік экономикадан жеке бөліп алып шешуге болмайтындығын баяндайды. «Техниканың, қатынас жолдарының орасан зор көлемде дамуының нәтижесінде, жер шарының барлық бөлігінде өзара тауар айналымының өрістеуі мен толассыз отарлық басып алушылықтың нәтижесінде капитализм дүние жүзілік шаруашылыққа айналып отыр, барлық елдер, жер шарының барлық артта қалған бөліктері осы механизмге, дүние жүзілік шаруашылыққа тартылды. Осы шаруашылықтан белгілі бір ірі экономикалық топтың бөлініп кетуі барлық жүйені, оның тепе-теңдігін бүлдіреді» [28], - дейді Т. Рысқұлов.

Одан әрі, Т. Рысқұлов осы қалыптасып қалған дүние жүзілік капиталистік экономикалық шаруашылықтағы отар және жартылай отар елдердің маңызын баяндайды. Сондықтан да, дейді ол, Коминтернінің II конгресі белгілеп бергендей, осы бұрынғы және қазіргі отар және жартылай отар елдердің маңызын үнемі есте ұстап, сол елдердегі халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарына барынша қолдау көрсету қажет. Дүние жүзіндегі отар және жартылай отар елдердің басым бөлігі Шығыста

жатқандықтан да, Шығыс мәселесі - ең маңызды мәселенің бірі, бұл мәселеге РКП (б) барынша жіті мағына беруі қажет.

Т. Рысқұлов Коммунистік партияның Шығыс елдеріндегі іс-әрекеті мен саясатын нақты белгілеп, Шығыс елдерінің басым көпшілігінің аграрлы елдер болуына байланысты онда таза «социалистік революцияларды» іске асыру мүмкін емес екеніне, ондағы қозғалыс - әлеуметтік сипаты жағынан шаруалардың қозғалысы болатынына назар аударады. Шығыста жұмысшы қозғалысы емес, шаруалар қозғалысымен ұласқан ұлт-азаттық қозғалыстар болып жатыр және бұл қозғалыстарды сол ұлттардың әлеуметтік жағынан үстем таптары мен ұсақ буржуазиялық топтары басқарып отыр. Сондықтан да, «...бұл қозғалысты әлеуметтік қозғалысқа айналдырып, еңбекшілер бұқарасы шын мәнінде өкіметті өз қолына алуы үшін партия тарапынан көмек көрсетілуі тиіс» [29]. Коммунистік партия, дейді Т. Рысқұлов, Шығысқа тек революциялық ұрандармен ғана бармауы қажет, ең алдымен нақты практикалық шаралармен, нақты іспен баруы тиіс. Себебі, коммунистік ұрандардың Түркістанда практикалық тұрғыдан нақты қалай іске асырылып жатқанын бүкіл Шығыс жіті бақылап отыр [30].

Өз сөзінде Т. Рысқұлов Шығыс халықтарына қатысты экономикалық саясат туралы да ойларын ортаға салады. «Біз, - дейді Т. Рысқұлов, - экономикалық жағдайды түздіктердің тұрмыс жағдайын түсінген жерде ғана жақсарта аламыз. Түздіктердің тұрмыс жағдайы мүлдем басқа, ол еуропалықтардың жағдайынан көп жағынан ерекшеленеді. Мұнда мақта шаруашылығы мәселесі бойынша, мақтаны өңдеу әдісі мен өнеркәсіптің басқа түрі бойынша, жер шаруашылығы, астық шаруашылығында біз Шығыстың өзіне тән ерекшеліктерін көреміз, сондықтан да, бұл ерекшелікпен санасу қажет. Егер біз осы ғасырлар бойы қалыптасқан ерекшеліктерді мүлдем ескермей, оны ығыстырып, мақтаны еуропалықтарша өсіргіміз келеді деп мәлімдейтін болсақ, онда ол қате болады» [31]. Одан әрі Т. Рысқұлов жалпы экономика туралы, республикалар арасындағы экономикалық байланыстарды реттеу жайлы, Орталық пен республикалардың өзара көмегі хақында маңызды ойларын білдірді.

Сөзінің соңғы бөлігін Т. Рысқұлов РСФСР құрамындағы республикаларда (әсіресе, Шығыс республикаларында) мәдени-ағарту шараларын іске асыру мәселесіне арнайды. Мәдени-ағарту шаралары кеңес өкіметінің ең басты міндеті екенін, халықтың қалың бұқарасын сауаттандырып, мәдени жағынан көтермелемей кеңес өкіметінің табысқа жете алмасын атап көрсетеді. «Қашан біз оны (халық бұқарасын. - О.Қ.) сауаттандырғанымызша, оған өзінің таптық мүддесін түсіну қиын болып қала береді, сондықтан да, ең алғашқы соққыны оқу ағарту майданында беруіміз қажет. Ал, оны қалай беруіміз керек? Біріншіден, мектеп ісін дұрыс ұйымдастыру арқылы. Материалдық қамтамасыз етуді дұрыс ұйымдастыру арқылы. Сосын тіл мәселесін реттеу арқылы. Түздік шаруа бұқарасы оқу-ағарту саласында да, саясатта да алға қарай тек өзінің ана тілі арқылы ғана анағұрлым тез, анағұрлым жылдам қадам жасай алады. Егер біз тілдің осындай маңызын ысырап қоятын болсақ, немесе оған екінші дәрежелі маңыз берер болсақ, онда біздің мақсатымыз орындалмайды. Біз бұл мәселеде көптеген қателікті көріп отырмыз. Біз орыс тілінде жазылған өте үлкен көлемдегі әдебиеттерді, тіпті оқулықтарды да көріп отырмыз. Бұл әрине, тұрғындардың еуропалық бөлігі үшін өте жақсы. Бұл қажет нәрсе, бірақ кейде шамадан тыс өрістетіліп, өте көп қаржы еуропалық мектептерге жұмсалады. Мен Түркістандағы өз тәжірибемнен білетіндей, орыс тілінде оқытатын университет ашылған кезде, оған тек орыс тіліндегі гимназияларды бітіргендер ғана түсеуге мүмкіндік алды, ал қажетті кітаптар мен құрал-жабдықтардың жоқтығынан оған түздік тілде оқығандар түсе алмайды. Орыс тілінде сан алуан газет болса, түздіктердің тілінде өте аз. Мұндай практика, әрине дұрыс емес. Сіздер бұл мәселеде шаруалар бұқарасына көмектесулеріңіз керек» [32].

Т. Рысқұлов сиезге дейін-ақ Әзербайжанда түрікшіл қайраткер ретінде жақсы танымал болатын. Т. Рысқұловтың Түркістан республикасының егемендігі жолындағы күресі мен 1920 жылы қыркүйек айында Баку қаласында өткен Шығыс халықтарының I сиезінде түрікшіл идеяларымен ерекшеленіп көзге түсуінің нәтижесінде Әзербайжан қайраткерлері тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Әзербайжанның ұлт қайраткерлерінің арасында Т. Рысқұловтың жақын достары көп болатын, мысалы ол Н.Н. Наримановпен, Г.М. Мұсабековпен, М.Д. Гусейновпен, Д.Х. Буният-задемен және т.б. өте тығыз қарым-қатынас жасап тұрды. Олар Т. Рысқұловты ақылдылығы, іскерлігі, адалдығы және табандылығы үшін сыйлады. Өкінішке қарай, бұл тұста Түркістан сияқты Әзербайжанда да саяси билік жергілікті түркі-мұсылман қайраткерлерінің қолында емес, республикаға сырттан жіберілген армян, грузин, орыс және еврей коммунистері мен Кавказ майданына қарасты XI армия басшыларының қолында болды. С. Орджоникидзеге мен С.М. Киров бастаған Қызыл Армия Әзербайжан Демократиялық республикасын қиратқаннан кейін оның басшылары толық қуғындалып, саяси билік

европалық және кавказдық большевиктердің қолына шоғырланған болатын. Олар, әсіресе армян большевиктері, Т. Рысқұловты түркішілдігі мен 1919 жылы Мұсбюро төрағасы кезінде Түркістанда армяндардың экстремистік бағыттағы іс-әрекеттерімен жексұрын болған ұлтшыл партиясы - «Дашнакцуютунның» жергілікті бөлімшілерін заңнан тыс деп жариялап, таратып жібергені үшін жек көретін. Сондықтан да, Т. Рысқұлов РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының өкілетті өкілі ретінде Бакуге келген кезде армян большевиктері өкілдіктің жұмысын жолға қоюға барынша кедергі жасаумен болды. Өкілетті өкілдіктің тұрғын үй, кеңсе, көлік және қаражат мәселесінде үлкен қиындықтар көруінің бір себебі осында жатты.

Әзербайжан Коммунистік партиясының III съезінде Т. Рысқұлов делегаттардың сеніміне ие болып, республика партия ұйымының атынан РКП (б) X сиезіне баратын Әзербайжан делегациясының құрамына кіргізілді. Оның үстіне И.В. Сталин де 1921 жылы 6 қаңтарда Н. Наримановқа жазған хатында Т. Рысқұловты РКП (б) X сиезіне келетін Әзербайжан делегациясының құрамына енгізудің қажеттілігін атап көрсеткен еді [33].

Т. Рысқұлов наурыз айының басында РКП (б) X сиезіне қатынасу үшін Әзербайжан делегациясының құрамында Мәскеуге аттанады, бірақ өкінішке қарай, Т. Рысқұловтың Мәскеуде РКП (б) X сиезіне нақты қатысқан-қатыспағандығы туралы құжаттардың мәліметтері әр қилы. Әзербайжан Коммунистік партиясының III сиезі жарияланған бюллетеньдердің мәліметі бойынша Т. Рысқұловтың Әзербайжан делегациясының құрамына енгізілгені анық, бірақ РКП (б) X сиезінің 1933 жылы жарияланған мәжіліс хаттамаларында [34] да, РКП (б) X сиезінің 1963 жылы жарияланған стенографиялық есебінде [35] де делегаттар тізімінде Т. Рысқұловтың есімі көрсетілмеген. Бірақ, 1933 жылы жарияланған сиездің мәжіліс хаттамаларында сиез делегаттарының бір бөлігінің түрліше себептермен тізімге ілінбей қалғаны туралы жазылған.

РКП (б) X сиезі өз жұмысын 1921 жылы 8 наурызда бастап, 16 наурызда аяқтағаны белгілі, ал сиез алдында және сиездің алғашқы күндері төрт күн бойы, яғни 6-9 наурыз аралығында Мәскеуде РКП (б) Орталық Комитетінің шешімімен сиезге келген түркі халықтары коммунистерінің II кеңесі болып өтеді [36]. Кеңесті ұйымдастырушы РКП (б) Орталық Комитеті жанындағы Түркі халықтары ортасында үгіт пен насихат жүргізетін Орталық бюро болды. Кеңеске РСФСР-дің ішкі губернияларынан, барлық түркі тілдес ұлт республикалары мен облыстарынан өкілдер қатынасады. Кеңеске шешуші дауыспен қатынасып, сөз сөйлегендер арасында Түркістан республикасының өкілдері – Н. Төрешұлов, С. Қожанов, Х. Бурнашев және т.б. бар. Қазақ республикасынан келген делегаттардың тізімінде кеңесші дауыспен С. Сәдуақасовтың есімі де тіркелген, бірақ ол кеңесте сөз сөйлемеген.

РКП (б) Орталық Комитеті Түркі халықтары коммунистерінің II кеңесінде ұлт мәселесі бойынша жасалатын негізгі баяндаманы Кремльдің Түркістандағы эмиссарлық органы – Түрікбюроның мүшесі Г.И. Сафаровқа тапсырады (Г.И. Сафаров - нағыз фамилиясы Сафарян, бірақ «Сафаров», «Егоров», «Володин» деген лақап аттарымен танымал болған, әкесі армян, шешесі поляк қызы, 1920 жылы арнайы тапсырмамен Ташкентке келіп, Түркістандағы жалпытүркілік азаттық қозғалысын басып-жаншу, Т. Рысқұлов ұйымдастырған Мұсылман Бюросы мүшелерін қуғындау, жергілікті түркі-мұсылман және қазақ қызметкерлерінің өзара қырқысын ұйымдастыруда аса белсенділік танытқан адам).

Кеңесте Г.И. Сафаровтың ұлт мәселесі бойынша жасаған баяндамасын талқылауға түркі республикаларынан келген көптеген коммунистер қатынасқан, бірақ олардың көпшілігі өз ойларын ашық айтпай, жалпылама пікірлермен шектелген. Түркістанда жүргізіліп жатқан ұлттық саясатқа қатысты баяндамашымен ымыраға келмейтін көзқараста болған Т. Рысқұлов Г.И. Сафаровтың ұлт мәселесі бойынша жасаған «теориялары» мен тұжырымдарына қирата соққы береді. Т. Рысқұлов баяндамадағы жалғандықты ашып көрсетеді.

Т. Рысқұловтың Түркі халықтары коммунистерінің II кеңесінде сөйлеген сөзінде уақыт өте келе тарихи дамудың өзі дұрыстығын мойындатқан кесек-кесек ойлар бар.

Бұл ойлардың маңыздылығына байланысты, оны кеңірек талдау қажет. «Ұлт мәселесін әр түрлі көзқарас тұрғысынан қарастыруға болады, - дейді Т. Рысқұлов сөзінің басында. Ұлт мәселесі біздің партия сиезінде қарастырылатын қырынан алғанда, әрине жалпы мәселе болып табылады. Мұнда, түрік коммунистерінің кеңесінде біз ұлт мәселесінің Шығыс бөлігін ғана қарастырамыз, әрі десеңіз баяндамашы негізінен осы бөлігін қамтыды. Жалпы ұлт мәселесінің Шығыс бөлігін қарастыруға мен де ынталымын және осы бағытта өз ойымды білдірем» [37].

Одан әрі Т. Рысқұлов РСФСР ішіндегі ұлт мәселесінің, әсіресе түркі халықтарына қатысты саясаттың қазіргі таңда ерекше зор маңызы бар екеніне көңіл аударады. «Шығыс коммунистері

арасында азды-көпті белсендірек болып жүрген біз, түрік коммунистері, - дейді Т. Рысқұлов, - әлемдік революция көсемдері мен әлемдік революцияның басқарушы ұйымдарының қазіргі таңда Шығыста қалыптасқан жағдайы түсініп, Шығыс ісі мен Шығыстағы міндеттерді жүзеге асыру жолында бізге тосқауыл келтіріп отырған кедергілерді жою үшін сөз жүзінде ғана емес іс жүзінде де қолғабыс жасап, тірек болуына мүдделіміз» [38].

Т. Рысқұлов Г.И. Сафаровтың ұлт мәселесін шешуде Түркістанды басқа аймақтар үшін үлгі етіп көрсетуге тырысқан әрекетіне соққы берді. «Ол (Сафаров) Түркістан тәжірибесі жалпы барлық Шығыс аймақтары үшін даяр тәжірибесі болуы мүмкін деп ойлайды. Мен бұл қате деймін. Шығыс бөліктегі ұлт мәселесіне Түркістан тұрғысынан қарау мүмкін емес. Егер Түркістанның жарасы - отарлық мәселе, яғни жергілікті қаналаушыларды жергілікті орыс қаналаушыларымен теңестіру болса, ал Азияда бұл мәселе басқаша жағдайда тұр... Сондықтан да, Түркістан тәжірибесі барлық аймақтар үшін үлгі бола алмайды» [39]. Шын мәнісінде, Түркістанды басқа аймақтар үшін үлгі етіп көрсету барып тұрған сорақылық болатын, өйткені патша өкіметінің отарлау саясаты мен Түркістанға арнайы миссиямен келген Түріккомиссия мен Түрікбюроның тап күресі саясатының салдарынан жергілікті халқы сұмдық қырғынға ұшырып, үш миллионнан аса адамға азайған, тәркілеу мен басқа да озбырлықтың құрбандығына айналып, босқыншылыққа ұшыраған, туған өлкесінде өмір сүріп отырса да, «екінші дәрежелі» халықтар қатарына жатқызылған, «басмашылық» атты большевиктік айдар тағылған орасан зор ұлт-азаттық қозғалысы өрттей лаулаған, қағаз жүзіндегі ұлттық республикаға ие болса да, бірақ оның негізгі мемлекеттік тұтқаларына ие бола алмаған өлкенің жағдайын және оның еуропалық эмиссарлардың басшылығымен «бақытты өмір кешіп жатқан» жергілікті халықтарының жағдайын басқа аймақтар үшін үлгі етіп көрсету сорақылықтан басқа ештеңе де емес еді.

Т. Рысқұлов Г.И. Сафаровтың Түріккомиссия мен Түрікбюроның Түркістанда жүргізген ұлт саясатын ақтау мақсатында айтқан сөздерін бұлтартпас дәлелдермен жоққа шығарады. Т. Рысқұлов РКП (б) Орталық Комитетінің түркі халықтарына қатысты ұлт саясатын «қызыл империализм» деп айыптаған. «Түріккомиссия Түркістанда, бір жағынан, отаршылармен, қоныс аударушы кулактармен, Ресей капиталының қалдықтарымен, шенеуніктерімен, екінші жағынан, феодалдық қатынастармен, яғни жергілікті қаналаушылармен күрес саясатын жүргізгеніндей, жолдас Сафаров Түркістан мәселесіне шектен тыс тоқталды. Бірінші кезекте, жергілікті коммунистерге, түздіктерге қарсы күрес жүргізілді. Жолдас Сафаров, өзінің бір жылдық қызметімен Түріккомиссия жұмақ орнатты деп ойлайды. Мен Түркістан үлгісі мен тәжірибесі нағыз сорақы тәжірибе, нағыз сорақы мәселе болды деп айтамын, ол тек Мәскеудің алдында, партияның Орталық Комитетінің күн тәртібінде ғана тұрған жоқ, сондай-ақ РСФСР-дің сорақы саясаты ретінде, қызыл империализм ретінде өз шешімін күтіп Лондон конференциясында да және біздің Түркиямен келіссөздерімізде де тұр» [40], - дейді Т. Рысқұлов. Өзі саяси қуғындалу жағдайында жүріп және Мәскеуде, РКП (б) көсемдерінің қарсы алдында тұрып, оның жүргізіп отырған саясатын «қызыл империализм» деп айыптау кез келген саясатшының батылы жетер шаруа емес болатын.

Т. Рысқұлов РКП (б) Түріккомиссия мен Түрікбюроның ұлт саясатын әшкерелей отырып былай дейді: «Мен отарлау мәселесіне тоқталып өтем... Мен Жетісу облысында туылдым, кедей қазақтардың ортасынан шықтым, кулактардың талай зорлығын көрдім және соған қарамай-ақ, жергілікті коммунистер осы отарлаушы элементтермен, отарлаушылардың езгісімен күрес жүргіздік, бірақ оларды құрта алғанымыз жоқ, барлық үмітті Орталық өкілдеріне, Түріккомиссияның алғашқы құрамына арттық. Түріккомиссияның алғашқы құрамы отарлаушылармен күрес, келімсектер мен жергілікті халықтың жағдайын теңестіру және кеңес өкіметіне қарсы бас көтерген орыс кулактары мен орыс-қазақтардан жасақталған қызыл әскерлерді тарату туралы бақандай бес қаулы қабылдаумен тынды, бірақ бұл қаулылардың бәрі де тек қағаз жүзінде қалды. Сондықтан да, жергілікті коммунистер Түріккомиссия жергілікті кулактарға арқа сүйеп, соларды пайдаланады деп мәлімдеуге тура келді. Орасан зор Түркістан майданы кулактарға қарсы іс жүзінде ешқандай шара қолданбады. Түріккомиссияның алғашқы құрамына тағылған айып - бұл ұлт мәселесі бойынша тағылған айып болатын» [41].

Бұдан әрі Т. Рысқұлов Түріккомиссияның екінші құрамының қызметін сынайды. «Ал, енді біз Түріккомиссияның екінші құрамынан нені көріп отырмыз <...>. Кулактарды талқандаймыз, жер мәселесін теңестіреміз деп Түркістан газеттері жазып, қаулылар қабылданып жатқанмен де, іс жүзінде ештеңе атқарылған жоқ <...>. Біз, жолдас Сафаровтың қазақтарға бір адым да жер қайтармағанын жақсы білеміз» [42].

Т. Рысқұлов Түрікбюроның Түркістанда жүргізіп жатқан әскери саясатын қатты сынға алады. «Әскери мәселені алайық, - дейді Т. Рысқұлов. <...>. Ұзақ арпалыстан соң Түркістан қайраткерлері Қызыл армияға 30 000 мұсылманның шақырылуына қол жеткізді. Мәскеуден мұсылмандардың ешқандай міндеткерлік атқармауы туралы ескертілді <...>. 30 000 адам шақырылды, олар лагерьлерде орналастырылды. Бірақ кейінірек біз нені көрдік, осы армиядан не шықты? Біз жалаңаш тобырды, өлесі ашыққандарды көрдік және осы 30 000 адамның жартысы өз ауылдарына қашап барып, қарапайым қара жұмысшыға айналып жатыр. Ал, қағаз жүзінде бізде қазақ бөлімшесі, өзбек бөлімшесі дегендер бар. Міне, әскери мәселенің жағдайы» [43].

Кеңесте сөйлеген сөзінде Т. Рысқұлов әскер мәселесіне арнайы тоқталып, Түркістандағы қоныс аударушы орыс кулактары мен жергілікті халықтың жағдайын теңестіру үшін, кеңес өкіметін мойындамай отырған орыс-қазақ атты әскерін талқандау үшін неліктен қару қолданылмайтындығын түсіндіруді талап етеді. «Мен неліктен қару пайданылмайды, неліктен қазақтардан олардың өз құқықтарын өздері қорғай алатынын дәлелдеу үшін армия жасақталынбайды деп сұраймын. Өйткені, отарлау мәселесі ұлттық кемсітушілікке айналды. Мен басқа аймақтарға бұл жолмен жүруге болмайды деп кеңес берем. Солтүстік Кавказда отарлау мәселесі басқаша жолмен шешілді. Онда жергілікті халықтардың қолында қару болды және олар орыс-қазақтарының революцияға қарсы бас көтерулерінің тас-талқанын шығарды. Ал, біздің жолдастар (Түркістан майданы басшылары. - О.Қ.) қолдарында 100 000 армиясы болса да, отарлау мәселесін жоя алмай отыр» [44], - дейді Т. Рысқұлов.

Т. Рысқұлов Г. Сафаровтың Түріккомиссияның Түркістанда жүргізіп отырған тіл саясатын мадақтау мақсатында айтқан пікірлерінің жалғандығын әшкереледі. «Жолдас Сафаров, - дейді Т. Рысқұлов, - орыс тілінің орнына жергілікті халықтардың тілін дамытып жатырмыз деп айтқанымен де, біз керісінше, жергілікті халықтар үшін керегі шамалы декреттердің, Лениннің суреті салынған барлық қаулылар мен декреттердің орыс тілінде шығарылып жатқанын, оларға өзін-өзі жарнамалау үшін Кагановичтің қол қоятынын көріп отырмыз» [45].

Түріккомиссияның экономикалық саясатын да назардан тыс қалдырмады. «Түріккомиссияның өмірі сүріп отырғанына бір жылдан асты, ол мылжыңдықпен айналысты, бірақ мақта шаруашылығын толығымен күйретті. Мақта мәселесі толығымен күйреді, жолдастар, енді Түркістан Мәскеуден нан сұрауға мәжбүр. Астық салығы орталықта 70-80 пайызға орындалған кезде, ол Түркістанда не бәрі 20 пайызға жетер жетпес ғана орындалды және бұл астық тек Түркістанда өмір сүріп отырған армияны асыруға ғана жетеді. Мұндай саясатпен айналысуға, Түркістанды үлгі етіп көрсетуге болмайды» [46]. Т. Рысқұлов атап көрсеткен, Түркістанда астық салығының не бәрі 20 пайызға ғана орындалуының өзіндік себебі бар еді, өйткені астық салығы негізінен астық өсіріп, егіншілікпен шұғылданатын келімсек орыс қоныс аударушыларынан алынатын, сондықтан да, Түріккомиссия бұл салық жоспарының толығымен орындалуына мүдделі болған жоқ. Ал, толығымен күйреу дәрежесіне жеткен мал және мақта шаруашылықтарымен Түркістанның жергілікті халықтары айналысатын. Кеңес өкіметі жергілікті халыққа тек салық объектісі ретінде ғана қарады. «Біз кеңес өкіметінің пайдалы екенін іс жүзінде дәлелдеген жоқпыз» [47], - дейді Т. Рысқұлов.

Информационный потенциал фонодокументов, как своеобразных источников, сохраняющих для последующего поколения неповторимые факты минувшей и современной истории, неисчерпаем. Его использование в исторических исследованиях предполагает всестороннее источниковедческое изучение аудиальных документов.

1. Розанова Л.Н. К понятию авторства фонодокумента // Советские архивы. - 1983. - № 5. - С. 17-21; Кобелькова Л.А. Фонопроизведения и проблемы установления их авторства // Отечественные архивы. - 1994. - № 4. - С. 24-26.
2. Кобелькова Л.А. Звукозапись России первой половины XX в.: информационные возможности Архивного фонда Российской Федерации // Отечественные архивы. - 1998. - № 1. - С. 20-27.
3. Закон РК «Об авторском праве и смежных правах» от 10 июня 1996 г.

Түйін

Мақалада дыбысқұжаттар тарихи дерек көзі ретінде қаралып отыр. Аудиоқұжат ретінде ол өзінде дыбыстық ақпараттарды қамтиды. Бұл дыбыстық ақпарат арнайы құрал жабдықтар көмегімен таспаға басылады.

Тарихи дерек ретінде дыбысқұжат кез-келген дерек көзіне ұқсас белгілері бар. Дыбысқұжат адамның сөзін таспаға жазып сол арқылы тындаушыға үлкен эмоциялық әсер береді. Ол тек қана дыбыстық ақпарат бермей сол кездегі таспаға жазылған адамның сөздері арқылы, сол адамдардың жалпы психологиялық күйін зерттеушіге мәлім етеді.

Summary

The article analyzes the source study aspects of this type of sources, such as audio documents. As auditory document, it contains sound information captured by any system sound recording, which is used when obtaining the information is possible only with the help of (recorded voices of people, animals, birds, the sound of musical instruments etc.).

As a historical source and records endowed with characteristics inherent to any form of documentation. Phonodocuments with exhaustive record of human speech and have the ability to great emotional effect on listeners. They convey to the listeners not only the semantic content of speech, but also transmit all of its intonational features that help recreate the psychological state of speakers. Study of the sources Phonodocuments takes into account the specifics of its creation and transmission of audio information.

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ИСТОЧНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Г.Е. Отепова –

д.и.н., Павлодарский государственный педагогический институт

Обращение ученых к историческим источникам не является случайностью, так как именно они позволяют без прикрас, эмоций восстановить историческую действительность. Если до недавнего времени исследования источников носили непоследовательный, отрывистый характер, то теперь сама действительность диктует необходимость их системного использования. Большую роль в восстановлении объективной исторической действительности играют законодательные акты, потому что они раскрывают суть проводимой государством официальной политики.

При изучении законодательства Российской империи XVIII - начала XX века следует обратить внимание на то, что в историко-правоведческих исследованиях не было выработано общего понятия «закона» применительно к периоду абсолютизма России. Исследователями юристами и историками высказывались различные точки зрения по этому вопросу. Основными отличительными признаками закона интересующей нас эпохи остается факт санкционирования закона царем, факт так называемого высочайшего утверждения. Действительно, и мнение Совета, и указы всех видов, и министерские доклады, и все иные формы актов, обращавшихся в царской России в качестве законов, имели одну общую черту – утверждение их царем. Однако юристы-практики дополнили эту теорию своими идеями и выделили следующие основные критерии законодательных актов данного периода. Во-первых, это утверждение закона государем, во-вторых, это документы, которые были включены в состав Полного собрания законов Российской империи (ПСЗ РИ), и, в-третьих, фиксированный порядок принятия закона, который был выработан на протяжении XVIII - XIX вв.

При изучении законодательных актов очень важно использовать метод исторического толкования, главная цель которого заключается в том, чтобы выяснить вопросы происхождения закона, причины и условия его появления. Данный метод помогает ответить на вопрос: что конкретно законодатель хотел изменить в обществе, но что текстом закона прямо не выразил. Тем более этот метод важен при изучении законодательства дореволюционного периода, когда законы просто издавались, но их смысл не объяснялся. Многие законодательные акты, в особенности в отношении покоренных народов, носили завуалированный характер. Одним из главных условий научного подхода к изучению законодательных актов как исторического источника является их системное, совокупное использование. Сведения, собранные из всей совокупности различных источников, позволяют определить место и значение отдельных источников в ряду других, выявить связь между источниками, сопоставить источники по степени достоверности и точности.

Метод грамматического толкования имеет первостепенное значение для изучения законодательного акта, так как это особо юридически оформленный акт. Чтобы суметь правильно прочитать его, необходимо учесть временное и юридическое значение слов, а также знать специфику примененных в тексте понятий. Метод грамматического толкования позволяет определить смысл употребляемого слова или понятия, какие предметы и явления реальной жизни они охватывают. Иногда в тексте трудно найти значение того или иного слова, тогда необходимо обратиться к сопоставлению источников или к справочно-юридической литературе. Если закон употребляет слова, которые сейчас не распространены или со временем изменился их смысл, то нужно брать за основу то значение, которое данное слово имело в свое время. Совершенствование формы и регламентации документов привели к языковым и стилистическим изменениям в законодательных источниках. Общие стилевые черты текстов деловой письменности, в частности законодательных документов, формировались на основании таких особенностей, как стремление к точности, доступности изложения фактов действительности. Постепенно формируется четкий и своеобразный порядок расположения слов в предложениях законодательной письменности, который отличается от порядка слов в художественном, научном или разговорном тексте. В текстах, на смену сложным, запутанным и длинным предложениям, появились простые и сложноподчиненные предложения, характерные для синтаксической системы современного русского языка. Порядок слов и словосочетаний в законодательных документах XIX –начала XX века почти не отличается от прямого порядка слов в современном языке.

Преимущество статистического метода заключается в том, что, характеризуя количественную сторону явления, он помогает полнее представить присущую им закономерность проводимой царским самодержавием политики и его эволюцию. Статистический метод позволяет объективно проследить, как и сколько принималось законов по тому или иному вопросу. Все законодательные акты по истории Казахстана можно сгруппировать по хронологии, по принципу историзма, а также социально-экономическим, политическим, территориальным и т.д. проблемам.

Применим к материалам законодательства и метод сравнительного анализа, широко используемый при изучении других видов исторических источников. Анализ законодательных актов по одному и тому же вопросу, но изданных в разное время, позволяет проследить изменение политики самодержавия, направление его эволюции в связи с изменением исторических условий. Комплексное использование различных методов источниковедения позволило рассмотреть законодательные источники как явление культуры изучаемой эпохи.

История Казахстана, начиная с XVIII века, неразрывна была связана с историей Российского государства. Почти все основные этапы нашей истории отразились на страницах законодательных материалов: присоединение Казахстана к России, политика царизма в начальный период присоединения, проведение в жизнь различных административно-правовых реформ, изменение судебной, налоговой систем, земельный вопрос, отношение официальных властей к казахской знати и шаруа, изучение и освоение природных богатств, развитие товарно-денежных отношений и многие другие. Именно политика царского самодержавия, направленная на расширение своих территорий, захват новых колоний, рынков сбыта и проводимая в соответствии с этим политическая линия в Российском государстве, обусловила принятие, внедрение и осуществление законодательных актов царизма на территории Казахстана в XVIII-начале XX века.

Для российского законодательства нового времени при относительно самостоятельном его развитии главной особенностью является изменение соотношения обычая и закона как источников права. Устанавливаются новые принципы российского законодательства – такие, как «незнание закона

не освобождает от ответственности», «закон обратной силы не имеет». Выявление особенностей законодательных актов исследуемого периода имеет большое значение, так как они оказывали свое непосредственное влияние на появление тех или иных законодательных документов. Одним из важных свойств законодательных источников нового времени, в сравнении с предшествующим периодом является их огромный количественный рост. Огромный количественный рост законодательных актов, расширение сферы законодательного регулирования, увеличение количества разновидностей законодательных актов не только обуславливают определенные свойства законодательных источников нового времени, но и порождают ряд его проблем при их исследовании. Охватить для исследования все законодательные акты того времени просто не возможно, необходимо выяснить их особенности, закономерности функционирования, и какое они имели значение для развития того или иного общества. Поэтому рассматривать законодательство лучше по отдельным проблемам, тогда можно проследить эволюцию развития закона и решения проблемы, в связи с изменившимися историческими условиями.

Законы четко регулировали все общественные отношения в российском обществе, и всегда играли большую роль в выработке определенной политики в отношении покоренных народов. На первом месте всегда стояла выгода и польза государству, а затем частные интересы правящих кругов. Присоединяя Казахстан, Россия на первом месте ставила вопросы о получении прибыли с новых приобретенных земель. Главное, что оно не только определяет все основные направления деятельности государства, но и становится довольно мелочной. При рассмотрении вопросов, связанных с решением проблем на территории Казахстана, поражает насколько, царское законодательство пыталось регулировать все стороны жизни казахского общества.

Главной характерной особенностью законодательства этого периода было то, что оно издавалось в интересах господствующего класса, на пользу Российского государства, но неизменно характеризовалось как изданное в интересах народа. При помощи особых приемов формулирования отдельных статей законов или всего закона, царское правительство стремилось скрыть истинный смысл документа, подменить один тезис другим. Для этого отдельные статьи, положения закона излагались неясно, двусмысленно, противоречиво. Расхождение между мнимыми целями и действительным содержанием закона еще одна характерная черта царского законодательства данного периода. Во все времена царское самодержавие пыталось придать законодательным актам видимость заботы об интересах народа, о благе всех своих подданных, «дабы тот народ высочайшую ее величества милость чувствовал и подданства здешней империи пользу свою признавал».

Одной из характерных черт исторических источников для данного периода было увеличение роста числа разновидностей законодательства. Для законодательства данного периода не существовало определенных отличительных форм. Характер закона носили указы, уставы, регламенты, инструкции, манифесты, указы и т.д. Фактически разновидностей законодательных актов было гораздо больше, но их соотношение постоянно менялось. Не разграниченность законодательных актов соответствовала духу самодержавия, где главным было правило: «всякое повеление царя есть закон».

Закон проходил длительный путь, прежде чем оказывался на столе у императора. Следовательно, надо иметь в виду, что официально санкционированное законодательство на местах не всегда совпадало, а иногда даже вступало в противоречие с местными обычаями и законами шариата. Поэтому на содержание и суть законодательства, разрабатываемого для Казахстана, большое влияние оказывали губернаторы и местная администрация. Именно с их подачи, так называемых, предложений, докладов, записок, создавалась картина «истинного положения дел в крае», на основе которых принимались те или иные узаконения, и решалась судьба целого народа. Анализируя тексты законодательных документов, помещенных в официальные издания царского правительства, можно отметить, что вся данная в них информация соответствовала духу самодержавия и была направлена на защиту существующего строя, интересов господствующих классов и на ущемления прав угнетенного казахского народа.

В результате проведенного научного исследования было выявлено из разных источников около 1500 законодательных актов (цифра не окончательная, т.к. работа над их выявлением продолжается), принятых в отношении Казахстана царским правительством за исследуемый период. На основе статистического метода изучения законодательных актов было выявлено, что в XVIII в. принимались в основном указы (именные, сенатские), грамоты, рескрипты. Со второй половины XVIII в. почти до конца XIX века наиболее распространенной формой законодательных актов был именной указ. Постепенно к середине XIX века исчезают из употребления грамоты, инструкции, рескрипты,

регламенты, уставы; со второй половины XIX века все большее значение приобретают положения, правила и утвержденные мнения Государственного совета, утвержденные положения Комитета министров, Сибирского комитета, Военного совета. Усовершенствование системы законодательства приводит к тому, что с конца XIX века в период правления Николая II все большее значение приобретают законы, в прямом смысле этого слова и те законодательные документы, которые проходили утверждение в официальных государственных органах. В конце XIX века появляется новая форма законодательных актов Высочайшее повеление. Самое большое количество 316 документов было принято в период правления Александра II (1885-1881), так это был один из переломных моментов в истории Казахстана, когда шло активное внедрение административно-территориальных реформ и укрепление колониальной политики царизма на территории края. Именно в этот период принимаются основные положения (16), регулирующие все направления деятельности жизни Казахстана. На период правления Александра III (1881-1894) и Николая II (1894-1917) приходится, в общем, около 250 законодательных актов, что также объяснимо изменившимися историческими условиями.

При сравнительном анализе становится ясным, что не все законодательные акты, принятые в отношении Казахстана, были помещены в ПСЗ РИ, особенно секретные указы Коллегии иностранных дел и Военной коллегии, связанные с вопросами урегулирования конфликтов с казахами в начальный период присоединения Казахстана к России. Из 63 указов Коллегии иностранных дел ни один не вошел в ПСЗ РИ, из 22 указов Военной коллегии были включены в ПСЗ РИ только 4. Конечно, наибольшее количество законодательных актов было издано в XIX веке. Для этого периода было характерно издание самых различных видов законодательных актов, начиная с инструкций и кончая утвержденными и одобренными законами. Однако здесь следует отметить, что такие виды законодательных актов, как грамоты, рескрипты, инструкции уже отходят на второй план и к концу века полностью были вытеснены другими видами, как положения, правила и различные утвержденные официальными государственными органами документы, что также свидетельствует о совершенствовании аппарата государственных органов самой России. Естественно, эти изменения наложили определенный отпечаток на принятие тех или иных законодательных актов, касающихся управления Казахстаном.

Из анализа законодательных актов, принятых в отношении Казахстана, наибольшее внимание царизм обращал на вопросы внедрения российской системы судопроизводства, так именно они регулировали отношения в казахском обществе и от этого зависел успех проведения остальных нововведений на территории Казахстана. На втором месте стоят вопросы освоения новых источников сырья, разработка и освоение различных месторождений природных богатств края, а также вопросы внедрения российской системы налогообложения. Этот факт подтверждает мысль, что Россия с первых дней присоединения Казахстана рассматривала его как источник сырья и рынок сбыта для своей развивающейся промышленности. И только на третьем месте рассматривались вопросы внедрения российской системы управления в крае. Таким образом, мы видим на основании изучения исторических источников, что видов законодательных актов в дореволюционной России было очень много. Их многообразие было обусловлено закономерностями общественного развития, отсутствием четкого определения понятия закона, некомпетентностью многих царских чиновников, сложностью структуры государственных органов управления России, длительностью процесса присоединения Казахстана к России.

В целом можно сделать вывод, что это было колониальное законодательство, которое защищало и отстаивало права и основы существующего монархического строя, носило антигуманную, античеловеческую направленность, мелочный характер, регулирующее все стороны казахского общества, было направлено на порабощение и угнетение казахского народа, его эксплуатацию и за счет этого получение максимум прибыли. Развитие товарно-денежных отношений, расширение капитализма «в глубь», совершенствование аппарата управления, усиление эксплуатации в самой метрополии, как в зеркале отражались на территории Казахстана в виде различных законодательных документов и оказывали свое непосредственное влияние на их появление и особенности содержания. Нет ни одного более или менее значимого вопроса истории Казахстана данного периода, который бы не нашел отражение в законодательных источниках.

Следовательно, законодательные акты Российской империи XVIII - начала XX века являются ценнейшими источниками по изучению социально-экономической, общественно-политической истории Казахстана. Законодательные источники помогают извлечь наиболее полную информацию о

местных органах власти, их взаимосвязи с центральными учреждениями, дают характеристику административной, судебной, налоговой системы и других вопросов. Материалы законодательства позволяют проследить политику царского правительства в развитии, помогают понять ее истинные планы. Изучение и анализ законодательных материалов показывают, какими средствами, как и для чего осуществлялась колонизация края, раскрывают истинные масштабы закабаления казахского народа. В совокупности с другими источниками они дают возможность исследовать и понять комплекс проблем, вопросов, касающихся истории нашего государства в прошлом.

Түйін

Мақала патша өкіметінің қазақ өлкесіндегі ішкі және сыртқы саясатының мәнін анықтап, оның заң актілерін меңгерудегі әдістерінің ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Автор Ресей империясының заң актілерін тарихи дерекнама ретінде негіздеп, Қазақстанның отарлау тарихын әрі қарай меңгеру үшін оның ролін ашады.

Summary

The article is devoted to the tsarist government legislative acts survey methods peculiarities of research. The acts defined the core role of the Kazakh internal and external policy. The author gives a sound basis of the Russian Empire legislative acts studies necessity as a historical source and discovers their role for further Kazakhstan colonization history study.

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА ХАЛЫҚТАРДЫҢ КҮШТЕП ЖЕР АУДАРЫЛУЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Б.Қ.Омарова –

т.ғ.к., «Астана медицина университеті» АҚ доценті

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар ішінде еліміздің кеңестік кезеңдегі тарихы туралы ақиқатты айтуға, оның әлі де толық зерттелмеген көлеңке беттерін ашу мүмкіндігіне қол жеткіздік. Тәуелсіздіктен кейінгі уақыт ағымында үлкен бетбұрыс жасалып, демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет құрылды. Бүгінде Қазақстан көп ұлтты мемлекет оның ұлан ғайыр кеңістігінде 130-дай түрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүруде.

Қазіргі таңда ең күрделі үрдістер, яғни әміршілдік-әкімшілік жүйенің жаппай саяси қуғын-сүргіні тарихты қайта зерделеуге арқау болуда. Бірақ тұтас халықтардың күштеп жер аудару тарихын зерттеу объектісі әлі де болса тереңірек ізденістерді талап етеді.

Қазақстан өлкесіне күштеп жер аудару саясаты XIX ғасырдың ортасында басталды, яғни орыс ұлты өкілдерін патшалық үкімет күштеп қазақ жерлеріне қоныстандыра бастады. Ал, XX ғасырдың 20-шы және 50-ші жылдарында КСРО-да көптеген ұлттарды, ұлыстарды күштеп жер аудару кеңінен орын алған болатын. Әкімшілдік-әміршілдік жүйе миллиондаған азаматтардың тағдырымен ойнады. Сол жылдары ұлттық мүддені қорғаған зиялыларды, қарапайым еңбек адамдарын жазықсыз қудаласа, кейіннен бұл саясат шекаралық аймақтағы тұтастай халықтарды туған жерінен айырып, басқа аймаққа күшпен жер аударды. Оларды қоныстандырған жердің негізгі қатарында Қазақстан республикасы да бар еді. Осындай аласапыран заманда Қазақстандағы демографиялық ахуалдың күрт төмендеуін жер аударылғандар толықтырды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде гитлерлік әскер мен режимге жәрдемдесті деген сылтаумен Еділ бойындағы немістер, Солтүстік Кавказ, Қырым жағалауын мекендеген біраз халықтар қудаланып, туған жерінен тыс, алыс жерлерге күшпен жер аударылды. Егер осындай адамдар немесе жеке бір топтар болған жағдайда тек соларға ғана заң жолымен шара қолданудың орнына кеңес үкіметі тұтастай халықтар мен этникалық топтарды күштеп жер аударған болатын. Мемлекеттің кең көлемде жүргізген осы заңсыз шаралары бүгінгі күнге дейін толық зерттелмей, тариханамалық тұрғыдан жүйеленбей келе жатқан күрделі мәселе. Әсіресе кеңестік жүйе тұсында саяси қуғын-сүргін бірнеше сатыдан өтті деуге болады. мәселен, ол патшалық Ресей тұсындағы Сібірге жер аудару, каторгаға жіберу, сонымен қатар депортация немесе күштеп жер аудару бұрынғы жүйеге қызмет еткен жеке адамдарға, одан кейін коммунистік партияның қарсыластарына, онан соң тұтас ұлттарды қамтыған болатын. Кеңестік қуғын-сүргін жылдары орын алған саясат,

күшпен жер аударылғандарды ұлттық болмысынан, дінінен, мәдениетінен айырып, негізсіз кінә тағып, қатал жазалады. Бұл кеңестік ұлт саясатының заңдылығының сақтамауының айқын көрінісі еді. Бірінен соң бірі жарыққа шығып жатқан сол кездегі заң актілері күшпен жер аударылған халықтардың өсіп-өніп дамуына, келешегіне түбегейлі кедергі келтірді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында және соғыс жылдарында Қазақстанға жер аударылған кәріс, неміс, шешен, ингуш, болгар, месхеттік түріктер, поляк, Қырым татарлары және басқа халықтар мен этникалық топтар өкілдері соғыс кезінде және соғыстан кейінгі жылдары республика халық шаруашылығының барлық саласында еңбек етіп, оның өркендеуіне өз үлестерін қосты. 1957 ж. олардың елдеріне қайтуына, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарының қалпына келтірілуіне байланысты КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлықтары мен КСРО үкіметінің қаулы-қарарларына қарамастан олардың негізгі бөлігі осында түпкілікті қалып қойды. Тек Кавказ түріктері, немістер мен Қырым татарларына еліне қайтуға жағдай жасалған жоқ. Бүгінде олардың бәрі Қазақстан Республикасының тең құқықты азаматтары. Олардың Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі арнайы тарихнамалық тұрғыдан бір жүйеге енгізілген зерттеуді қажет етеді.

Кеңестік дәуірдегі Сталиндік қуғын-сүргін кезеңін, яғни тарихтың құрамдас бөлігі ретінде депортацияның күрделі мәселелерін зерттеу қазіргі таңда отандық тарихнама ғылымының басты міндеттерінің бірі болып отыр. Саяси қуғын-сүргін тарихы, халықтарды жазықсыз жер аудару мәселесі кеңестік кезеңде құпия сақталып келді. Бұл күрделі мәселелер туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу түгіл, оларды баспасөз бетінде жариялауға да тыйым салынды. Тек XX ғ. 80-ші жылдарының соңында ғана КСРО көлеміндегі демократиялық үрдістердің нәтижесінде, бұрын ақиқат тұрғысынан айтуға тыйым салынған тарихтағы «ақтаңдақтар» мәселесі көтерілді. Солардың қатарында КСРО-ның бір аймағынан екінші жеріне күштеп жер аударылған халықтар мен олардың тағдыры туралы зерттеу жұмыстарын жүргізуге жол ашылды. Осы мәселеге байланысты бұрыннан құпия сақталған мұрағат құжаттары ашылып, араға 50-60 жыл салып барып кеңестік күштеп қоныс аудару саясатының орны толмас зардаптары туралы ғылыми конференцияларда баяндамалар жасалынып, алғашқы материалдар жарық көрді.

Кеңестік биліктің халықтарды жер аудару туралы жоспарлары, олардың іске асырылуы, тұрмыстық және құқықтық жағдайлары жөнінде құжаттарды алғаш рет Ресей ғалымдары Н.Ф. Бугай, В.Н.Земсков, А.М. Некрич жариялаған болатын.

Алғаш рет 1960-шы жылдары күштеп жер аудару саясатының үрдісіне назар аударған шетелдік зерттеуші Роберт Конквест болды. Ол «Советские депортации народов», «Большой террор» деген тақырыпта ғылыми еңбек жазды. 1990-шы жылдардың басында бұл тақырыптағы тарихнамалық зерттеулердің ауқымы кеңейді. Сонымен қатар, Сталиндік жүйе кезіндегі депортация тақырыбы шетелдік М.Гелб, П.Холквист, С.Виола, Ж-Ж. Мари және т.б. ғалымдардың зерттеу қызығушылығын туғызып, осы тақырып төңірегінде бірқатар ғылыми тұрғыда жазылған еңбектері жазылды. Сондай-ақ шешен ұлтынан шыққан шетелдік ғалым А.Авторханов солтүстік-кавказ халықтарының тағдыры туралы «Народоубийство - убийство чечено-ингушского народа» тақырыбында ғылыми зерттеу еңбегін жазды. XX ғасырдағы өзге ұлттарды күштеп жер аудару саясатының мән-мағанасына талдау жасай отырып ғылыми еңбектер жазған Б. Уильямс, Н. Наймарк, Т. Мартин және т.б. болды.

Ал, жаппай КСРО халықтарының күштеп жер аудару саясаты мен репрессияға ұшырағаны туралы А.И. Солженицынның «Архипелаг ГУЛАГ. 1918-1956: опыт художественного исследования» және А.М.Некричтің «Наказанные народы» деген тақырыпта жазылған еңбектері 70-ші жылдары жарық көрді. Бұл еңбектер тарихшылар мен қоғам қайраткерлерінің жаппай күштеп жер аудару саясатының үрдісі ғылыми тұрғыда жаңа зерттеулерге деген қызығушылықты туғызды. Кең ғылыми зерттеу деректеріне сүйене отырып Н.Ф. Бугай «Л. Берия - И. Сталину: «Согласно Вашему указанию...» тақырыбында жазылған монографиясы тұңғыш рет 1930 жылдардың басы мен 1950 жылдары жаппай күштеп жер аударылған КСРО-ның халықтарының тағдыры туралы жазылды және В.Н. Земсковтың «Спецпоселенцы в СССР, 1930-1960» тақырыбында жазылған монографиясы демографиялық аспектке назар аударылған. Сондай-ақ «арнайы қоныстандру» саясатына назар аударылған зерттеулерде, әсіресе А. Герман, Л.Белковц, В. Брул, Т.Иларионова, Т. Чебыкина, Т.Черновалардың еңбегі жатады. Сонымен қатар Кронгардттың монографиясы «Немцы в Кыргызстане», В.Э. Кригера «Рейн-Волга-Иртыш: из истории немцев Центральной Азии».

Қазақстанның тәуелсіздік алуы тек қазақ халқы тарихының ақтаңдақ беттерін ғана ашып қойған жоқ. 1990 жылдан бері атамекендерінен қуылып, күштеп қоныс аударылған, бүгінде екінші

отанында тұрақтап қалған басқа да ұлт өкілдерінің өткен тарихының көлеңкелі тұстарының шынайы беттерін де ашты. Осы күрделі тарихи кезеңді алғашқылардың бірі болып зерттеген еліміздің көрнекті ғалымы, академик М.Қ.Қозыбаев. Ал Қазақстанның мәдени дамуына өзге ұлттардың қосқан үлесі туралы Н.Е.Едыгенов, Р.Б.Сүлейменовтың зерттеулерінде қарастырылды. Елімізге күштеп көшірілген халықтарды атамекендерінен жер аудару саясатының жасырын ұйымдастырылып, орындалу барысын қашан және қанша адамның Қазақстанға қалай орналасқанын, еңбек армиясына қатынасуын нақты деректермен талдау жасай отырып дәлелдеген Қ.С.Алдажұмановтың зерттеулерінің мазмұны мен маңызы тереңдігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, қудалаудың негізгі нысанасы болған немістердің тарихына орай К.Н.Эрлиха, Э.В.Лайгер, В.И.Пассат, В.А.Ауман, А.А.Герман, В.И.Бруля, В.Бауэр, А.А.Айсфельд, Я.Е.Дитц, А.Н. Кичихин, Г. Вормсбахер, Л.А. Бургарт, В.П. Емельянов, А.В. Фитц сияқты авторлардың публикациялық еңбектері, құнды деректерімен тарихнамаға қосылған үлкен үлес екені белгілі.

Кавказдық ұлттардың депортация тақырыбына арналынған зерттеулер К.И.Чомаев, М.Н.Жабаев, Д.В. Шабаев, Р.С. Агиев, Э.А. Аджиева, Р.С. Тебуевтардың еңбектерінде көрініс тапты. Ал поляктардың күштеп жер аударылуы тарихындағы зерттеулерді С. Жаманкулов, Л. Михайлова, С.М.Мәшімбаев, Л.Т.Исовалар қарастырды. Сонымен қатар күштеп жер аударудың заңдылық аспектісін зерттеген ғалымдарымыз Ю.И.Романов, М.Т.Баймаханов, Б.Жангутин болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тылдағы халықтан құрылған жүйе – Еңбек армиясы. Еңбек армиясын зерттегендер жер аударылғандар туралы көптеген нақтылы мәліметтерді жарияласа, аталған мәселенің мазмұнын М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, М.Т. Баймаханов т.б.ғалымдарымыздың құнды еңбектері аша түседі. Кеңестік қуғын-сүргін науқанының Қазақстанға жер аударылған Қырым, Кавказ және Еділ бойы халықтарына қолдану тәсілі, қуғындалу себептері Т.Омарбеков еңбектерінде жан-жақты талданып, көптеген мәліметтермен салыстырыла отырып, нақты дәлелдермен мәселенің шынайылығын көрсетеді. Қазақстан территориясына күштеп көшірілген халықтардың бірі кәріс. Жер аударылғаннан кейінгі кәрістердің Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын сипаттауға арналған Г.В. Кан, Г. Хан, Г.Н. Ким, И.Югай, А.Хегай, С.Ку, Ким Сын Хва, И.Ким, Л.Квон, З.Ким, Н.Пан. Д.Меннің ғылыми еңбектері жарияланған. Осы мәселеге байланысты Қазақстандағы тарихи демографиялық үрдістердің орны айрықша. Кеңестік тоталитарлық жүйе кезеңінде халықтың демографиялық құрамы өзгерістерге ұшырап отырды, сондықтан да тарихи-демографиялық дамуы, олардың сандық, көрсеткіші туралы ғылыми талдаулар жасалды. Бұл мәселеге М.Х. Асылбеков пен А.Б.Галиевтің, А.Н. Алексеенконың, М. Тәтімөвтің, Л.Т. Қожекееваның, М.Х. Асылбеков пен А.И.Құдайбергенованың бірлескен авторлықтағы зерттеулерінен көрініс тапты. Кеңестік жүйенің тұсында арнайы жазалау орындары - еңбекпен түзеу колониялары үздіксіз жұмыс істеді. Түрлі себептермен тұтқындалғандар мен күштеп қоныс аударылған халықтардың «отанын сатқандар» ретінде лагерлерде, жазасын қалай өтегендігі туралы С.Д. Дильманов, Қ.С. Алдажұманов, Г.К. Бельгер, О. Дымов және т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде жазылған. Қазақстанға жер аударылғандардың өмірі туралы деректер Т.Кульбаев, А. Хегайдың «Депортация» (Алматы, 2000) және А.Т. Орымбаевтың «Депортация чеченского и ингушского народов в Казахстан в годы Великой Отечественной войны и их положение в послевоенные годы» (Астана, 2006) атты еңбектерінен көрініс тапқан. Зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей қатысты күштеп қоныс аударылған халықтардың орналасқаннан кейінгі келген ортаға бейімделуі мен олардың келген жерлерінде жалпы еңбекке араласуы тарихын сипаттайтын кандидаттық диссертациялар бар. Батыс Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтардың орналасу барысы және олардың сол аймақтарда соғыстан кейінгі атқарған жұмыстары туралы Ж.Қыдыралинаның «Депортированные народы в Казахстан» (А.,1999) монографиясы. А.Н.Табулденовтың «Депортации народов и эвакуационно-миграционные процессы в Северном Казахстане (1937-1956 гг.)» атты кандидаттық диссертациясы, Соғыстан кейінгі жылдары жер аударылып келген немістердің Қазақстанның ауылшаруашылығын қалпына келтіру, олардың тың және тынайған жерлерді игеруге қатынасуы А.Н. Фризеннің кандидаттық диссертациясында тыңғылықты зерттелген. Сол сияқты М.Ч. Калыбекованың кандидаттық диссертациясында жер аударылғандардың Қазақстанға келуі, соғыстан кейінгі саяси-құқықтық жағдайы зерттелген. Қ.К.Қожанованың «Қазақстанға жер аударылған халықтар және олардың Республиканың халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуға қосқан үлесі (1946-1960жылдар)»тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында соғыстан кейінгі кезеңде олардың елдің экономикасын дамытуға қосқан елеулі еңбегі туралы мәселе көтеріліп, күштеп жер аударылған халықтар еңбек саласында ауыр жұмыстарда жүріп, қиын кезеңдерді басынан өткізгені, олардың істеген еңбектері мен атқарған жұмыстары туралы баяндалды. 1946-1960

жж. арасында жер аударылғандар қандай жағдайда болды, қалай еңбек етті деген мәселені сол халықтардың өздерінің өкілдерінің естеліктерінен білуге болады. Бұл туралы Д.В. Шабаевтың, Т.А.Курдаевтың, Х.Х. Боковтің, Н. Нәдіровтің естеліктері мол мағлұмат береді.

Тағдыр тауқыметімен көп ұлт қоныстанған Қазақстанда олардың өзара және жергілікті халықпен қарым-қатынасының ерекше маңызы бар. Олардың қалай еңбек еткенін, қиын-қыстау кезеңдерінде қол ұшын берген қазақ халқына деген ризашылықтарын Ж. Балапановтың, Г.К.Бельгердің, В.А. Ауманның, Ш. Жарылғановтың кітаптары мен мақалаларынан көруге болады. Мұрағат құжаттарының ашылуына байланысты жер аударылған халықтардың соғыстан кейінгі жағдайын, республика халық шаруашылығының әр саласында қалай еңбек еткенін көрсететін құжатты жинақтар жарық көрді. Сонымен бірге Ресейден шыққан «Сборник законодательных и нормативных актов о реабилитации жертв политических репрессий» М., 1993 және 2 томнан тұратын «История Российских немцев в документах (1763-1992 гг.) М., 1993, «История Российских немцев в документах (1965-1992 гг.) М., 1994 атты жинақтарда да жер аударылған халықтарға қатысты құқықтық құжаттар жарияланды. Негізгі қазақстандық тарихнаманың кеңестік дәуірде жер аударылған халықтар мен өнеркәсіп аудандардың кәсіпорынымен көшірілуі кезеңін Г.А. Абишев, В.Я. Басина, В.С.Городецкая, Ж. Абуталиповтердің зерттеу жұмыстарында айтылған. Соғыс кезіндегі әскери-өнеркәсіптің дамуының Қазақстан экономикасына тигізген әсері туралы, зерттеу жұмыстары «Эшелоны идут на Восток: Из истории перебазирования производительных сил СССР в 1941-1942 гг.», «Очерки экономической истории Казахской ССР», «Великая Отечественная война Советского Союза. 1941-1945», «Очерки истории народного хозяйства Казахской ССР» деген еңбектерден көрініс тапты.

Ф.Н.Базанованың монографиясында соғыс кезінде жер аударылған халықтардың Қазақстанның тұрғын санының көбеюіне әсер еткен факторлары туралы жазылған. Ю.Шокаманов, Б.О.Жангутин еңбектерінде Қазақстан территориясына жер аударылған халықтар мен өнеркәсіп орындарының ерекшелігі қарастырған. Қазақстан Республикасының ел басы Н.А.Назарбаев өз баяндамасында депортацияға ұшыраған халықтардың тағдыры «әлемдік тарихтағы көлемі мен қаталдығы жағынан орны толмас қайғы» деген. Шындығында да депортация мәселесі кеңестік тарихнамада жарты ғасыр бойы жабық күйінде көтерілмеді, оның себебі сол кездегі мемлекеттің саяси-идеологиялық саясатына байланысты. Көбінде жер аударылу халықтардың өз еркімен басқа жерге қоныс аударуы немесе жоспарлы жер аударылу деп түсіндірілді. Бірақ оның саяси астарын түпкілікті зерттеу болмады. Тек КСРО мемлекеті ыдырап оның құрамындағы республикалар өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана бұл тарихтың жабулы беттері ашылды.

1. Николай Бугай. *Депортация народов (конец 30-х - начало 40-х годов)* // *Историки спорят.* - М., 1994.
2. Вормсбехер Г. *Немцы в СССР* // *Знамя*, 1988. - № 11. - С. 193-203.
3. Кичихин А.Н. *Советские немцы: откуда, куда и почему?* // *Военно-исторический журнал.* - 1990. - № 8. - С. 32-38, № 9. - С. 28-38;
4. Штрек В.К. *Немцы.* - Алматы: Білім, 1999. - 102 с.
5. Орымбаев А.Т. *Депортация чеченского и ингушского народов в Казахстане в годы Великой Отечественной войны и их положение в послевоенные годы.* - Астана, 2006.

Резюме

В статье рассматриваются процессы депортации народов, имевшие место в Советском Союзе, одни из трудных и сложных периодов нашей истории в 1930–1950-е годы. Массовые принудительные перемещения крупных социальных, национальных, профессиональных и иных групп населения, разрушившие ареалы традиционного проживания этносов, смешавшие представителей разных народов.

Summary

In clause the processes deportation of the peoples having a place in the Soviet Union, in one of the difficult and complex(difficult) periods of our history - in 1930 - 1950 years are considered(examined). Mass compulsory movings of large social, national, professional and other groups of the population which have destroyed ареалы traditional residing этносов, mixed the representatives of the different peoples.

Әлемдік тарих сахнасына «моңғолдар» атауымен дамыған ортағасырлық кезең бас кезінде-ақ кең түрде танылған Орталық Азияның көшпелі моңғол-түрік тайпалары мен халықтарының тарихы бірнеше ғасырлардан бері тарихшы, археолог, этнолог, деректанушы, заңгер, әдебиетші және мәдениеттанушылар тарапынан жан-жақты қарастырылып келеді. Қазіргі таңда олардың тарихы мен мәдениетіне қатысты жүздеген іргелі еңбектер жазылған, бұл зерттеулерде түріктер, моңғолдар құрған мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуы, негізгі кезеңдері, өзіндік саяси тарихы мен әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірі толымды түрде сараланған. Сонымен қатар осы уақыттардағы мемлекеттердің тарихына қатысты азды-кемді мәселелер мамандар назарынан қағыс қалып келе жатқандығы немесе зерттеушілер тарапынан белгілі бір тақырып аясындағы сауалдарға сан алуан көзқарастар, әрқелкі тарихи ұстанымдар әлемдік тарихнамада қалыптасқандығы да белгілі. Кейбір жайттарға не болмаса түйіні түйіткілді проблемаларға қатысты соны пайымдаулар мен тұжырымдамалар жасалғанымен, оған қарсы айтылған ой-пікірлердің де жетіп артылатындығы тарихнамадағы қалыпты жағдай екендігі де рас. Көбіне тарих ғылымында орныққан мұндай жағдайды мәселенің байыбына барып, оны тереңінен зерделеген не таразылаған іргелі тарихнамалық ізденістердің жетіспей жатуымен де түсіндіруге болады.

Әсіресе сан жылдар бойы кеңестік тарихнама тұсында зерделенген кейбір ортағасырлық кезеңдердегі тақырыптар аяусыз мансұқталып, маркстік-лениндік ілімге сай келмейтін тарихтың шешуші тұстары саяси өктемдікпен жазылды. Мысалы, ұзақ жылдар бойы кеңестік идеология тарапынан ортағасырлық кезеңдегі мемлекеттердің, әсіресе моңғол шапқыншылығы, Шыңғыс-хан саяси келбеті мен Алтын Орда тарихын зерттеу ісі қатты қысымға ұшырап келді. Оны 1944 жылғы 9 тамыздағы БКП (б) ОК-нің «О состоянии и мерах улучшения массово-политической и идеологической работы в Татарской партийной организации» атты және 1945 жылдың 27 қаңтарындағы «О состоянии и мерах улучшения агитационно-пропагандистской работы в Башкирской партийной организации» Қаулыларынан да көруге болады. Соңғы құжатта ғылыми ізденістерде ұлтшылдық белең алып жатқандығы сынға алынып, оны түзеудің жолдары қарастырылса, алғашқы аталған Қаулыда коммунистік партия мамандардың ең алдымен неге назар аударуы қажет екендігін тәпшіштеп көрсетіп берді. Ортағасырлық тарих беттерінің шынайы зерделенуіне кері әсерін тигізген, оның саясилануына тікелей ықпал еткен бұл Қаулыда мынадай мәтін кездеседі: «обратить особое внимание на исследование и освещение истории совместной борьбы русского, татарского и других народов СССР против чужеземных капиталистического гнета, захватчиков, против царизма и помещичье, а также на историю социалистического преобразования Татарии в период Советской власти и популяризацию выдающихся деятелей, ученых и революционеров татарского народа и его сынов-героев Отечественной войны» [1, 114]. Аталмыш Қаулылар бір шетінен автономиялық республикалар тарихын сол кездегі әкімшілік бөлініс аумағы негізінде ғана жазуға мәжбүрлеген еді; екіншіден, «моңғол-татар» тарихын жазуда мәселеге таптық тұрғыдан келуге күштеді; үшіншіден, ортағасырлық мемлекеттердің тарихын баяндауда «дәріптеудің» мүлдем болмауы керектігін шегеледі; төртіншіден, одақтық республикалар тарихшыларының барлығы осы құжат шеңбері негізінде ғылыми ізденістермен айналысулары тиіс екендігін тұспалдап болса да аңғартқан еді.

Мұндай іс-шаралардан кейін одақтық мектеп оқулықтарында, тіпті университеттік оқу құралдарында моңғолдардың тарихи рөлін теріс көрсету кеңінен белең алды. Санаға қатып-семіп қалған мұндай жаңсақ пікірлер қазіргі таңда ресейлік мектеп оқулықтарында өріп жүргендігін татар тарихшылары баса көрсетіп отыр. Олар 6 сыныпқа арналған (Данилов, Косулина, 2007; Сахаров, 2007) мектеп оқулықтарында XIII ғасырдағы ағылшын миниатюрасы бар екендігін, ондағы сурет астындағы түсініктеме сөз «Моңғолдардың айуандығы» деп берілгендігін, соның негізінде авторлар моңғолдарды адам етін жегіштер ретінде көрсеткендігін қынжыла баяндайды [2]. Міне, бұл ресейлік тарихнаманың «қасіреті» болып табылады, ал оның тамыры өткен ғасырларда-ақ «великоростар» тұсында орныққан секілді. Ресейлік әріптестер тарапынан жіберіліп отырған мұндай олқылықтар (тіпті кереғар таптауырындар, догматикалық постулаттар) тарих толқынындағы оқиғаларға жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан келмеуден де туындап отырған секілді.

Моңғолтанудың қалыптасу барысында патшалық Ресей немесе оның мирасқоры Кеңестер Одағы тұсындағы озық ойлы тарихшылар тұрмақ, тіпті моңғолдардың тарихына шынайы бағасын

берген шет елдердегі мамандардың да еңбектері маркстік ілім аясынан тыс деп танылып, айтылған пайымдаулары терістелді, бұрынырақта жасалынған тұжырымдамалары жоққа шығарылды. Жетекші мамандардың өздері де кейде қызуқандылыққа салынып, шетелдік әріптестерін «буржуазияшыл көзқараста», «фашистік тұрғыдан пайымдау жасаған» деген күлдібадам бағыттағы қаралауларға да көшкен еді. Мәселен, өз заманында моңғолтануға қомақты үлес қосқан Бертольд Шпулер (Spuler) атты неміс тарихшысының «Алтын Орда. Моңғолдар Ресейде, 1223-1502 жж.» деген 1943 жылы шыққан еңбегі (1965 ж. Висбаденде екінші рет толықтырылып жарық көрген) бірқатар зерттеушілер тарапынан үнемі сынға ұшыраумен болды. Белгілі тарихшы А.Ю. Якубовский оның «жұмысы мол әдебиеттерді қамтитындығына және академиялық тұрпатына қарамастан, ғылыми ізденіс емес, еңбек орыс халқының тарихын бұрмалайды және татарларға қарсы күресін нақты аша алмайды» деп жазды [3, 9-10]. Ал М.Г. Сафарғалиев болса: «Автордың қомақты дереккөздері мен зерттеулерді пайдаланғанына қарамастан, Жошы ұлысы тарихының жекелеген сауалдарына тоқталған кезде ол мәселенің дұрыс шешімін таба алмаған. Шпулер көшпенділердің жекелеген заттай мәдениетін, әсіресе сауда мен қолөнер салаларын тым әсерлеп бояу жолымен айналысып кеткен» деп көрсетті [4, 282-283]. Алтын Орда мемлекетіндегі заттай мәдениетін жан-жақты зерделеген көрнекті археолог Г.А. Федоров-Давыдов та Б. Шпулерге фашистік кезеңге сай реакцияшыл ұстанымдағы неміс тарих ғылымының шырмауынан шыға алмаған деген сынайдағы айыптаулар тақты [5, 6]. В. Егоров болса, еңбекте берілген сілтемелерге автор түсініктемесі жетіспейді, онда тарихи география мәселелері қамтылмаған деп қорытынды жасады [6]. Дегенмен кеңестік тарихнама өкілдері Б. Шпулердің мол деректік қорды талдағандығын, еңбектің академиялық сипатта екендігін мойындауға мәжбүр болды, татымды уәж айтпаса да, заман талабына сай монографияның кемшін тұстарын «әшкерелеуге» тырысып бақты.

Әйтсе де, Алтын Орда тарихы туралы алғашқы ғылыми ізденістер өткен ғасырларда жүргізіле бастағанымен, қомақты зерттеу жұмыстары бола қоймағандығын, сондай-ақ бұл тақырып неміс ғалымдарының бастамасымен XIX ғасыр алғашқы жартысында кең түрде қарастырыла бастағандығын да айта кеткен жөн. Бұл мемлекеттің саяси тарихына алғашқылардың бірі болып монография түзген Й. Хаммер фон Пургшталл (Й. Хаммер-Пургсталл) болып табылады [7]. Оған дейін ресейлік Ғылым академиясында XIX ғасыр бас кезінде осы тақырыпты зерттеу керектігі айтыла бастаған болатын. Мәселен, 1808 жылы академияда «моңғол» кезеңін зерттеген еңбекке арнайы сыйақы берілуі керектігі айтылды, одан соң аталмыш мәселе 1826 жылы Ғылым академиясының 100 жылдығына орай қайта қозғалып, тақырыпқа арнайы конкурс та жарияланды. Конкурс талаптары бойынша моңғолдардың Ресейдегі үстемдігі қандай болды, мемлекеттердің саяси байланысына, ішкі жүйесіне, білім саласына не әкелді деген сауалдарды зерттеуші барлық жазба дереккөздерін (орыс, шығыс және батысеуропалық) кешенді түрде қамтуы арқылы талдап шығуы тиіс болды. Алайда 1826 жылғы Алтын Орда тарихын жазуға арналған бірінші академиялық конкурс ешқандай нәтиже бермеді, мәселе 1832 жылы қайтадан күн тәртібіне қойылды. Конкурсты ұйымдастырушылардың бірі академик Х.М. Френ келешекте жазылатын монографияда Алтын Орданың қалыптасуының алғы-шарттары, даму және құлдырауы, өзіндік өмір өткелдері, халқының өмірі мен тұрмысы, діни көзқарастары, саяси тарихтағы негізгі оқиғалар мен іргелес мемлекеттермен қарым-қатынасы, соның ішінде орыс жерімен байланысы ашылуы тиіс деген талаптардың қойылуын дұрыс деп тапты. Ол жазбаша дереккөздерімен қатар нумизматикалық материалдарды да ғылыми айналымға енгізу керектігін айтты [8]. Шамамен осы уақытта Ресей Ғылым академиясының конкурсына жоғарыда айтылған Йозеф Хаммер-Пургсталл [7] еңбегі (1979 ж. қайта басылып шыққан – Г.С.) ұсынылған болатын. Алайда оған ресейлік зерттеушілер дереккөздеріне шынайы әрі сыни баға бере алмаған деп айыптады. Й. Хаммер-Пургсталлдан кейін Жошы ұлысының ішкі жағдайына қалам тартқан шығыстанушы И. Березинді [9] де атап кеткен ләзім. Одан соң Ш. Маржаниді [10] де атауға болады. Осы кездері патшалық Ресей тарихнамасында Алтын Орда дәуіріндегі, оның қарсаңындағы және одан кейінгі саяси-мәдени жағдайлар басқа да ғалымдардың (Ш.Ш. Уәлиханов, М.И. Иванин, В.В. Бартольд, Б.Я. Владимирцов, т.б.) еңбектерінде де көтерілді. Отандық тарихнамада олардың еңбектері біршама толымды түрде қарастырылған. В.В. Бартольд мәселенің нақты шешімін таппай жатқандығын жазба дереккөздерінің аздығымен деп түсіндірді.

XX ғасыр алғашқы жартысындағы қазақстандық зерттеушілер (М.Тынышпаев, С.Асфендияров, т.б.) де еңбектерінде Жошы ұлысының тарихы баяндалды. М. Дулатов өзінің бір мақаласында «Алтын Орда» атауының себептеріне, Жошы ұлысына, қазақтың үш жүзге бөліну үрдісіне, «Алаш» атауына, Қазақ хандығына және олардың хандары жайында толымды мәліметтер берсе, Е. Омаров «Қазақ календары» журналына жариялаған «Қазақ тарихынан» деген мақаласында Шыңғыс хан тұсында

Қазақстан аумағында тіршілік еткен тайпалар туралы да қызықты мәліметтер келтірген [11]. Олардан өзге де ұлт зиялыларының еңбектерінде де осы мәселелер камтылды.

Ал XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Жошы ұлысының тарихы бірқалыпты қарастырыла бастады. Оған жаңа серпін берген В.Г. Тизенгаузен құрастырған «Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды» деректемелік жинақтардың 1940 жылдары 2-томының (1-томы 1884 жылы жарияланған – Г.С.) жарыққа шығуы деуге болады [12]. Бұл жинақтарды ғылыми жұртшылық кеңінен пайдаланып қадеге асырды. Ғалымдардың талдауынан Жошы ұлысына қатысты көптеген жайттар өте бастады. Осы кезеңдегі тарихқа қатысты зерттеулер жүргізген А.П. Григорьев «Монгольская дипломатика XIII-XV вв.», «Ярлык Менгу-Тимура: Реконструкция содержания», «Время написания ярлыка Ахмата» сынды еңбектерін жариялап, жазба дереккөздеріндегі мәтіндерге үңілді [13]. А.Н. Насонов, Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский, А.А. Али-Заде, И.П. Петрушевский, М.Г.Сафаргалиев, Г.А. Федорова-Давыдов, Л.О. Бабаян, И.Б. Греков, К.А. Пищулина сынды кеңестік және қазақстандық ғалымдар Алтын Орда тұсындағы және одан кейінгі замандардағы тарихтың қатпарлы беттеріне қалам тартып, монографияларын, мақалаларын жариялады. Олардың еңбектеріндегі Алтын Ордаға қатысты тұстарына кезінде В.Л. Егоров терең тарихнамалық шолу жүргізген [6]. Сондай-ақ Жошы ұлысында тіршілік еткен халықтардың заттай мәдениетін зерттеуге археологтар да өздерінің үлестерін молынан қосты. Олардың арасынан Г.А. Федоров-Давыдов, Э.Д.Зиливинская, И.С. Вайнер, Л.М. Носкова, Н.Н. Бусятская, т.б. ерекше атап кетуге болады. Есімдері аталған ғалымдардың еңбектерінде алтынордалық археологияның көптеген мәселелері (қоғамдық құрылыс, баспана, монша, шыны өндірісі, керамика, нумизматика, т.б.) айшықталды. Сонымен қатар, мамандар тарапынан жекелеген билеушілердің (Бату, Берке, Мөңке-Темір, Ахмет, т.б.) ғұмырнамасы нақтыланды. Алтын Орданың дербестікке қай ханның тұсында қол жеткізгендігі сынды проблемалар қаузалып, қазіргі таңда оған қатысты ғалымдардың ой бір жерге тоқайласқан. Көпшілік мамандар бүгінде Беркенің ақша шығаруы орталық тарапынан қарсылыққа ұшырағанын айтып, бұл Мөңке тұсында жолға қойылды, яғни осы кезден бастап Алтын Орда дербес мемлекетке айналды деп ой түйген [2; 13].

Қазақстандық академиялық басылымдарда да Алтын Орданың тарихы жан-жақты камтылды. Мысалы, 1970-1980 жылдары шыққан көптомдық «Қазақ ССР тарихында» қарастырылып отырған кезеңге қатысты тыңғылықты жұмыс жасалғандығын бірқатар мамандар (Кычанов, т.б.) айтып өткен. Дегенмен жіберілген кемшіліктер де бар екендігін бірқатар мамандар көрсетті, солардың бірі В.Л.Егоров авторлар Ноғай Еділ жағалауындағы өз ұлысын Батудың ұлы Мөңке-Темірден алды дейді, алайда бұл жаңсақтық, себебі ең алдымен Мөңке-Темір Батудың ұлы емес, бұдан кейін Ноғай ұлысы Еділ бойында емес, Днестр өңірінде болған және Ноғай мен Ноғай Ордасы екі тарихи-географиялық түсінік дейді [6]. Оның айтқан сөздерінің жаны бар, дегенмен бұл жерде кеңестік тарихнамада тарихи география саласы бұл уақытта дами қоймағандығын да ескеру керек, оның үстіне мұндай олқылықтар кейінгі басылымдарда біршама түзетілді.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап ресейлік және қазақстандық тарихнамада Жошы ұлысын зерттеу жаңа белеске көтерілді. Осы уақыттардан бері жинақталған тарихнамалық қор зерделеуден өте бастады. Бүгінгі күні бірнеше бағытта зерттеулер жүргізілген. Мәселен, Р.Ю. Почекаев «Право Золотой Орды» атты монографиясында құқықтық құжаттар, акт материалдары, жылнамалар секілді дереккөздерінің негізінде алғаш рет Алтын Орда құқықтық жүйесін, оның негізгі принциптері мен құқықтық қатынастардың реттелуін, Русь құқығына әсерін толымды түрде талдаған [14]. Ал «Монголы, татары, Золотая Орда и Булгария» деген монография авторы А.Х. Халиков [15] сыртқы байланыстарға, оның ішінде Еділ өңіріндегі саяси жағдайларға, Бұлғарияның Алтын Орда құрамына өтуіне тоқталған. Зерттеуші Л.Ф. Абзалов [16] Жошы ұлысындағы ресми жазба тіл мен кеңселік (канцеляриялық) мәдениетті саралаған, автор іс жүргізу коммуникациясы тәсілдері мен тілі, іс жүргізу жүйесі мен практикасына ерекше назар аударған. Тізе берсе, мұндай тың тақырыптарға арналған ізденістер ресейлік тарихнамада көп-ақ. Олардың бір парасына тоқталған біздің ойымызша, келешекте Жошы ұлысына арналған осындай еңбектердің барлығы да кешенді тарихнамалық талдаудан өтуі тиіс.

Отандық зерттеушілер де Жошы ұлысы тарихына қатысты көптеген зерттеулер жүргізді. Олардың арасынан З. Қинаятұлы [17], З. Жандарбек [18], Б. Батырша-ұлы [19], Қ. Өскембай [20], т.б. зерттеушілердің еңбектері атап кеткен жөн. Мамандар арасында сан алуан проблемалар көтерілді, белгілі бір проблемаға қатысты соны тұжырымдар да жасалды. Дегенмен кейбір жайттарға келгенде зерттеушілер арасында әртүрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, «Алтын орда» атауын алар болсақ, оны бірқатар мамандар (Б. Батырша-ұлы) «Дешті-Қыпшақ мемлекеті» ретінде қарастырады, келесілері оны

«Жошы ұлысы» немесе «Жошы-Қыпшақ ұлысы» деп атау керектігін жазады (З. Қинаятұлы), үшіншілері (Қ. Салғара) «Жошы-Қыпшақ империясы» деп атаған дұрыс дейді. Қазандық тарихшылар оны «Жошы ұлысы (Алтын Орда)» деп қана атауда [2]. Біздіңше, соңғы атау біршама дұрыс секілді, дегенмен оны нақтылай түсу қажет. Бұл жерде ресейлік, батысеуропалық және шығыстық дереккөздері мен әлемдік тарихнамаға да азды-кемді жүгініп, барлық талаптарға жауап беретін мәселенің оңтайлы шешімін шығарған да дұрыс сияқты.

Айта кететін бір жайт, кезінде кеңестік тарихшылар (А.Г. Митрошкина, Г.А. Богатова, Г.А.Фёдоров-Давыдов, В.Л. Егоров, т.б.) да «Алтын Орда» атауының шығу тәркінін зерттеу нысанына айналдырған болатын. Олардың еңбектерін саралап шыққан Т.И.Сұлтанов кейінгі орыс дереккөздеріндегі «Алтын Орда» мен «Алтын Ұлы Орда» ерте кездердегі шығыстық терминдерден (Сыра орда, Урду-и заррин-и бузург) бастау алуы мүмкін екендігін айтады да, «Алтын Орда» сөзінің тарихи еңбектерде ХІХ ғасырдан бастап қана толық қалыптасқандығын айқындайды. Зерттеуші бұл терминмен Жошы ұрпақтарының мемлекеттері ғана емес, хан резиденциясы да ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда аталғандығын айтып өтеді [21].

Қорыта айтқанда, Жошы ұлысының баянын тарихи зердеден өткізген ғалымдардың ізденістері белгілі ғылым салалары (деректану, археология, т.б.) негізінде бірнеше бағыттар бойынша тармақталады деуге болады. Олардың қай-қайсысы болмасын Жошы ұлысының өткен тарихынан, мәдениетінен хабар беретіндіктен тек ғылыми ғана емес, көпшілігінің танымдық-тәрбиелік, көркемдік маңызы да зор. Тіпті халық бұқарасының сана-сезіміне қозғау салатын еңбектер де ұшырасады. Мұндай еңбектерге тарихнамалық тұрғыдан баға беру бір мақала шеңберінде атқарыла да, ашыла да қоймайтындығы белгілі жайт. Әйтсе де болашақта Жошы ұлысының тарихнамасы отандық мамандар тарапынан кеңінен қарастырылуы тиіс деген пікірдеміз.

Бүгінгі күні Жошы ұлысынан өз тарихи дамуын бастайтын немесе оны ұлттың қалыптасуындағы маңызды кезең ретінде қарастыратын түрік тілді бірқатар халықтар бар. Олардың өткенін танып-білу мен жаңғырту жалпыадамзаттық өшпес құндылықтар негізінде өрбітілуі тиіс. Сан ғасырлар бойғы жинақталған дереккөздерін игеру де қоғам алдында тұрған мәселелерді оңтайлы шешуге ықпал ететіндігі де белгілі. Жоғарыда келтірілген тарихнамалық шолудан, Жошы ұлысының тарихын зерттеудің негізгі үш кезеңі анық байқалады. Оның біріншісі осы заманға қатысты дереккөздерін жинақтаумен, ғылыми айналымға енгізумен анықталынатын патшалық Ресей тұсындағы кезең болса, екіншісі кеңестік кезең болып табылады. Соңғы аталған кезеңде де Жошы ұлысына қатысты деректік қордың шоғырлануы одан ары жалғастырылды, жүздеген ғылыми мақалалар мен ондаған іргелі еңбектер жарияланды. Саяси тарих, археология, мәдениеттану сынды бірнеше ғылым салалары бойынша қызықты ізденістер жүргізілгенімен, Жошы ұлысының тарихнамасында кеңестік саяси өктемдік лебі де байқалып тұрды. Ал КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңде Жошы ұлысының тарихнамасы бұрынғы идеологиялық қыспақтардан арыла бастады, жекелеген тарихи тұлғалардың саяси келбеті қайта қалпына келтірілді. Келешекте бірқатар сауалдар шешілуі тиіс, олардың арасында тарих ғылымының дамуы жағдайында Жошы ұлысының зерттелу кезеңдерін айқындау, түйіні түйіткілді сауалдарға қатысты зерттеушілердің пайымдауларын таразылау, мемлекеттілік үрдістердің трансформациясын айқындау және шетелдік тарихнаманы саралау тұр. Бұдан даулы мәселелер төңірегіндегі теориялық-методологиялық сауалдар да қағыс қалмағаны абзал.

1. *КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Изд. 8-е, доп. и испр. – Т. 6. – М.: Политиздат, 1971. – 527 с.*

2. *История татар. Том III. Улус Джучи (Золотая Орда). XIII - середина XV в. - Казань: Институт истории АН РТ, 2009. – 1056 с.*

3. *Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 479 с.*

4. *Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды // На стыке континентов и цивилизаций. Из опыта образования и распада империй X-XVI вв. / Сост. И.Б. Муслимов. – М.: Инсан, 1996. – 768 с.*

5. *Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники. – М.: Изд-во МГУ, 1966. – 275 с.*

6. *Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – М.: Наука, 1985. – 246 с.*

7. *Hammer-Purgstall J. Geschichte der Goldenen Horde im Kiptschak, das ist der Mongolen in Russland. – Pest, 1840.*

8. Арапов Д. Ю. Русское востоковедение и изучение истории Золотой Орды // Куликовская битва в истории и культуре нашей Родины. – М.: Изд-во Мос. у-та, 1983.
9. Березин И.Н. Очерк внутреннего устройства улуса Джучиева // Труды восточного отделения имп. археол. общ-ва. – СПб., 1864. – Т. 8.
10. Марджани Ш. Очерк истории Болгарского и Казанского царств // Тр. IV археол. съезда. – Казань, 1884. – С. 40-58.
11. Смагулова С.О. XX ғасырдың 20-30- жылдарындағы қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы. Тар. ғыл. докт... дисс. автореф. – А., 2010. – 49 б.
12. Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 2. – М.-Л., 1941. – С. 84-85.
13. Григорьев А.П. Монгольская дипломатика XIII-XV вв. – Л.: Наука, 1978. – С. 20-21; Григорьев А.П. Ярлык Менгу-Тимура: Реконструкция содержания // Историография и источниковедение истории стран Азии и Африки. – 1990. – Вып. XII. – С. 67, 69; Григорьев А. П. Время написания ярлика Ахмата // Историография и источниковедение истории стран Азии и Африки. – 1987. – Вып. X. – С. 38-47.
14. Почекаев Р.Ю. Право Золотой Орды. – Казань: Фэн, 2009. – 260 с.
15. Халиков А.Х. Монголы, татары, Золотая Орда и Булгария. – Казань: Фэн, 1994. – 102 с.
16. Абзалов Л. Ф. Официальный письменный язык и канцелярская культура Улуса Джучи. Автореф. дисс... канд. ист. наук. – Казань, 2009. -26 с.
17. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана, 2004. -325 б.
18. Жандарбек З. Шыңғыс хан және түркі мемлекетінің қайтадан қалпына келтірілуі // Қазақ тарихы. - 2006. - №6. – 6-9 б.; Жандарбек З. Алтын Орда мемлекетіндегі билер институты // Қазақ тарихы. - 2006. - №3. - С. 9-14 б.
19. Батырша-ұлы Б. Деішті-Қыпшақ мемлекетінің Мысыр Мамлук елімен XIII-XV ғасырлардағы тарихи байланыстары // «Қайнар» университетінің хабаршысы - 2008. - № 4/1 . - 21-31-б.; Батырша-ұлы Б. Мысыр мамлук мемлекетінің Деішті-Қыпшақпен байланыстары XV ғ.з. // Жамбыл. - 2006. - №2. - 185-218 бб.; - №3. -180-214 бб.
20. Өскенбай Қ. Жошы ұлысының құрылуы // Абай. - 2002. - №1. - 12-14 б.
21. Султанов Т.И. Как улус Джучи стал Золотой Ордой // Татарский мир, 2004. – №12.

Резюме

В статье автором подведены некоторые итоги и определены основные направления дальнейшего изучения историографии Улуса Джучи. Можно утверждать, что с XVIII века до наших дней данная проблема всегда находилась в центре внимания исторической науки. Автором выделены основные три периода. Каждому периоду было свойственно свое видение и оценка этого процесса и в итоге на концептуальный подход ученых почти всегда влияли идеологические факторы.

Summary

The article the author presented some results and identified key issues for further study of the historiography of Ulus Jochi. It can be argued that since the XVIII century to our days, the problem has always been the focus of historical scholarship. The author has identified three key periods. Each period was typical of his vision and evaluation of this process and ultimately to the conceptual approach of scientists is almost always influenced by ideological factors.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-нің ПАЛЕОЛИТ МУЗЕЙІНЕ - 10 ЖЫЛ

Ж.Қ.Таймағамбетов –

т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ деканы, профессор

К.М.Рүстем - палеолит музейінің меңгерушісі

2000 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарихындағы тарихи оқиғалардың бірі, университет жанынан спецификалық жағынан алғанда Сорбон мен Кембридж университеттерінен кейін әлемде үшінші орында, ал ТМД елдеріндегі бойынша алғашқы – тас дәуірінің (палеолит) мұражайының ашылуы еді. Музейдің ашылуына жоспарлы түрде Қазақстан территориясында жүргізілген археологиялық экспедиция жұмыстары нәтижесінде табылған палеолит, мезолит, неолит дәуірінен мәлімет беретін артефактілердің көптеп табылуы негіз болған.

Музей қорында, яғни тас өңдеу зертханасында Қазақстан территориясынан табылған тас дәуірінен мағұлмат беретін 500 000-ға жуық артефактілер жинақталған. Бұл тас құралдар Қазақстан территориясында әр жылдарда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Қазақстаннан шыққан жетекші маман археологтар - Х.А. Алпысбаев, А.Г. Медоев, Ж.Қ. Таймағамбетов, Б.Ж. Әубекеров, О.А.Артюхова мен 1992 жылдан бері он жылға жуық Қазақстан территориясында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген біріккен, кешенді Қазақстан - Ресей (РҒА СБ археология және этнология институты) археологиялық экспедициясы жұмыстарының жемісі болып табылады.

Музейдің ашылу салтанатында университет басшылығымен қатар, Қазақстанға белгілі ғалымдар: ҚР ҒА корреспондент мүшелері К.М. Байпақов, О.И. Исмагулов, К.Н. Нұрпейісов, палеонтолог Б.С.Қожамқұлова және мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінің қызметкерлері, «Атамұра» корпорациясы өкілдері мен т.б. ғалымдар қатысып, өздерінің лебіздерін білдіріп, музейдің пікір кітабында өз қолтаңбаларын қалдырған. Енді осы ғалымдардың пікірлерінен үзінді бере кетсек:

К.Н. Нәрібаев ҚР ҰҒА академигі - «Бұл музей барлығы ойлағандай экспонат көретін ғана музей емес, бірінші орында бұл – оқу қызметін атқарады. Себебі, тарихты тек кітаптан ғана оқымай, сонымен бірге көзбен де көру керек. Бәріміз білетініміздей тарихта саясат көп. Бұрын барлығын орталықпен келісу керек болса, қазіргі таңда біз өз тарихымызды археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу арқылы зерттей аламыз. Менің ойымша, палеолит музейі тек қана оқу процесінде ғана қолданылмай, болашақта жастарымызды адамгершілігі мол, өнегелі, патриоттыққа тәрбиелейтін ғылыми орталық болады деген ойдамын...»

Б. Алтаев ҚР мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігі мәдениет Комитеті төрағасының орынбасары - «...Мұндай тамаша музейдің мәдениетті қолдау жылында ҚазҰУ жанынан ашылуының өзі аса маңызды. Ендігі жерде студенттер археологиялық экспедицияларға бармай-ақ профессор Ж.Қ. Таймағамбетов ашқан 500 мыңнан астам тас құралдар жиналған лабораторияда жұмыс жасауларына болады...». Сондай-ақ елдің мәдениетіне қосқан ерен еңбегін ескере отырып, т.ғ.д., профессор Ж.Қ. Таймағамбетовті мәдениет Комитетінің төрағасы Д. Қасеиновтың атынан «ТМД территориясындағы жалғыз музейді ұйымдастырып, құрғаны үшін» Құрмет Грамотасымен марапаттады.

К.М. Байпақов ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, археолог - «...Алматы – мәдениет орталығы болған және бола да береді. Оған бүгін ашылып отырған Қазақстан палеолит музейі куә. Бұл музей өзінің спецификасы жағынан тек тасқа арналып, республика территориясының барлық аймағын қамтиды. ТМД шеңберінде жоқ мұндай музейдің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан ашылуының өзі ерекше. Себебі, енді студенттер тас дәуірінің тұрмыс құралдарын «тірідей» көріп, ұстап көру мүмкіндігіне ие болды... Музейдің көркеюіне тілектесің...»

К.Н. Нұрпейісов ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарихшы - «...Біз Жәкен Таймағамбетовтың және ол бірлесіп жұмыс жасаған Қазақстан мен Ресей геолог, зоологтарының көптеген айлар бойы жүргізген археологиялық экспедициялары жұмысының қорытындысын көріп отырмыз. Бүгінгі күні сол жұмыстарының «жемісі» тас дәуірі музейінде қойылған. Бұл жердегі экспонаттар – Қазақстанның барлық аймақтарынан табылған алғашқы адамдардың материалдық мәдениетінің ізі болып табылады. Бұл ел тарихының мыңдаған жылды қамтитынын көрсетеді... ал бұл өте маңызды... Мұндай музейдің ашылғанын қолдап, авторға алдағы уақытта да шығармашылық табыс тілейміз».

О.И. Исмагулов ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, антрополог - «...Аз ғана уақыттың ішінде біз Қазақстанның мыңжылдық тарихымен таныстық. Мұндай музейді ашуды біз де, тіптен Қазақстанның тас ғасырын ашқан Х. Алпысбаев та армандаған болатын. Осы арманның орындалуына университет басшылығы мен археолог Ж. Таймағамбетовтың қосқан үлесі зор. Ендігі уақытта бұл

музей жөнінде ғалымдар мен көпшілік қауым таныс болуы үшін Қазақстанның тас дәуіріне байланысты Еуропа мен Азиядағы ғалымдарды шақыра отырып Халықаралық конференция ұйымдастыруды ұсынамын...».

А. Үмбетов ф.-м.ғ.к., химик - «...Енді студенттер Қазақстанның ежелгі мәдениетімен көрнекі құралдар арқылы танысу мүмкіндігіне ие болды. Осындай сирек кездесетін музейдің ҚазҰУ-де ашылғанына қуаныштымын. Алдағы уақытта палеолит музейі «тың ойлардың орталығы» болады деген сенімдеміз...».

Б.С.Қожамқұлова б.ғ.к., палеонтолог - «..Университетте ашылған алғашқы палеозоологиялық музейді В. Бажановтың мектебі негізін салған еді. Уақыттың қиындығына қарамай осы істі Ж. Таймағамбетовтың жалғастырғаны оң іс болды. Сондай-ақ, бұл іске экономикалық қиындықтарға қарамай университет басшылығының қолдау көрсеткені үшін үлкен алғысымызды білдіреміз...».

М.Қ.Қойгелдиев т.ғ.д., профессор, тарихшы - «...Қаржылай қолдау көрсетіп қолдау көрсеткені үшін университет басшылығына үлкен алғыс білдіреміз. Музей бірінші орында студенттерге керек. Елдің әр аудандарынан қойылған экспонаттарды көре отырып, олардың санасында бұл олардың тарихы, тамыры, жері, мәдениеті екеніне көз жеткізе отырып, олардың басқа елден әкелінбегенін, керісінше, ол заттардың Қазақстан территориясында, яғни Отандарында қалыптасқыннан көз жеткізе алады».

Музей құрылымын жасау барысында қазақстандық және ресейлік археолог мамандар өздерінің жүргізген қазба жұмыстарын ғылыми негіздеу барысында адамның пайда болуын (шығу тегін) Чарльз Дарвиннің эволюциялық теориясына сүйенеді. Сол себепті де музейдің **бірінші** бөлімі Ч. Дарвиннің теориясы негізінде адамдардың даму эволюциясының кезеңдері жөнінде мағұлмат бере отырып, сол кезеңде өмір сүрген гоминидтердің муляждары мен алғашқы уақыттағы жабайы тұрмыстары бейнелеген. Төменгі палеолит деп аталатын **екінші** бөлімде, Қазақстан территориясындағы ең ертедегі палеолиттік тұрақтар – Қызылтау, Шақпақ ата, Семізбұғы, Бөріқазған, Тәңірқазған, Шоктас, Қосқорған тұрақтарының жалпы көріністерінің суреттері беріліп, табылған заттай материалдар көрмеге қойылған. Ежелгі тас дәуірінен ақпарат беретін материалдарға сүйене отырып, 1 млн. жыл бұрын Қазақстан территориясын алғашқы адамдар қоныстанған деп айта аламыз. Фотосуреттерден шикізат материалдары шыққан жерлер мен тұрақ-шеберханалардың орналасуының геоморфологиялық жағдайы берілген. Сондай-ақ, артефактілерді анықтау мен «жердің беткі қабатындағы мәдениет» ескерткіштерін зерттеу әдісі көрсетілген. Осы бөлімде қойылған Қосқорған тұрағынан табылған алып аңдардың (мүйізтұмсық, бизон, ежелгі түйе) тіс сүйектерін сараптау нәтижесінде алынған нақты мерзімі, яғни 510 мың жыл бұрын әлемдік фаунаның қалыптасуында Қазақстан территориясы да қатысқан деген тұжырым жасауға болады.

Ал мұстье кезеңі немесе орта палеолит деп аталатын **үшінші** бөлімде Хантау, Семізбұғы, Өгізтау тұрақтарымен қатар ерекше тоқталуды қажет ететін тұрақтың бірі - Ш. Уәлиханов атындағы стратиграфиялық, яғни көп қабатты (6 мәдени қабаттан тұрады) тұрағы жөнінде мағұлмат алуға болады. Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ өзінің уникалдылығымен халықаралық ғылыми көпшіліктің қызығушылығын туғызып отыр. 2010 жылдың қазан айында Ш. Уәлиханов атындағы тұрақтан табылған артефактілерімен Жапонияның жетекші маман археологтары жұмыс жасады. Кейінгі палеолит деп аталатын **төртінші** бөлімнен - Шүлбі, Құдайкөл, Семізбұғы тұрақтарынан табылған тұрмыс құралдары мен нуклеусті өңдеу технологиясын көруге болады. Бұл бөлімде ғалымдардың қызығушылығын тудырған стратиграфиялық Шүлбі тұрағы жөніндегі мәліметтер кеңінен берілген. Бұл тұрақтан тас құралдармен қатар үйдің орнының ізі бар екі ошақ табылып, археологтар соған сай алғашқы адамдардың тұрағының макетін жасаған. Мезолит, неолит, энеолит кезеңдерінен мәлімет беретін **бесінші** бөлімде - тастан, қыштан, сүйектен жасалған тұрмыс заттары мен әшекей бұйымдар қойылған. Бұл бөлімде Қазақстанның батыс аудандарынан табылған қырғыштар, пышақ жүзі іспеттес пластиналар, жебе ұштары қойылған. Бөлімдегі тағы бір ерекшелік – мұнда неолит уақытынан мәлімет беретін заттай ескерткіштер мен сүйектен жасалған геометриялық орнаментті сырға мен алқа, Қараүңгір тұрағынан табылған материалдар.

Қазақстанның тас дәуірін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар деп аталатын **алтыншы** бөлімде, Қазақстан территориясында тас дәуірін зерттеудің негізін қалаған танымал мамандар – Х.А. Алпысбаев пен А.Г.Медоевтың және олардың ісін жалғастырып, палеолит музейін ұйымдастырған Ж.Қ.Таймағамбетовтің, сондай-ақ Қазақстан территориясында тас дәуірін зерттеу экспедицияларын жүргізген А. Х. Марғұлан атындағы археология институты мен РҒА СБ археология және этнография

институтының қызметкерлерінің жариялаған еңбектері және олардың тізімі мен ғалымдардың фото суреттері берілген. Сондай-ақ ежелгі палеолитті зерттеп, музейдің ашылуына, археологиялық экспедициялардың жүргізілуіне демеу жасаған Жапония профессоры Акира Сэкияның фото суреті қойылған.

Қазақстан палеолит музейі бүгінгі таңда әр дәуірден мәлімет беретін тас құралдарды көрсетумен ғана шектелмейді. Палеолит музейінің ғылыми-зерттеу жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- археология ғылымының тарихын музейлеу әдісінің жобасын жасау. Музей құралдары арқылы алғашқы қоғам археологиясы мен қазіргі ғылымның жетістіктерін бейнелеу;
- «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру;
- археологиялық музейлер туралы мәліметтер негізін қалыптастыра отырып, олардың ғылымның дамуындағы үлесін айқындау;
- Қазақстан археологиясын және оның қазіргі кезеңдегі дамуы бойынша виртуалды (үздік) экспозициялар құру.

Қазақстан палеолит музейі өзі ашылған уақыттан бері әр оқу жылында шамамен мыңнан астам келушілерді қабылдайды. Жалпы музей ғылыми-педагогикалық танымдық қызмет атқарады. Олай дейтініміз, музейді тамашалауға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері ғана емес, сонымен қатар университет көлемінде ұйымдастырылатын ғылыми конференциялардың қонақтары, Алматы қаласының және Алматы облысының тарих пәнінің мұғалімдерінің біліктілігін көтеру конференциясына қатысушылар мен Алматы қаласында орналасқан басқа да университет, колледж студенттері және мектеп оқушылары да келеді. Сондай-ақ, музейде тарих факультетінің археология және музей ісі мамандықтары бойынша маманданатын студенттер практикалық сабақтарын өтсе, бірінші курс студенттері СОӨЖ кезінде палеолит мұражайы жөнінде эссе жазып, оқу процесіндегі балдарын жинауға мүмкіндік алуға.

2010 жылдың мамыр айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан палеолит музейінде Жапонияның ғылыми мекемелерінен бір топ археологтар келді. Атап айтқанда, Нара қаласының мәдени мұра Ұлттық зерттеу Институтынан, Токио қаласындағы жапон халықаралық қауымдастық және мәдени құндылықтарды сақтау жапон орталығының қызметкерлері ҚазҰУ-нің археологтарымен ғылыми байланыс жасау үшін келісім-шарт жасау мақсатында келген. Делегацияның жетекшісі Токиодағы қоршаған ортаның аймақтық секциясының басшысы Казуя Ямаучи мырза және тарих ғылымының докторлары, археологтар Садакатцу Кунитакэ, Сусуму Моримото, Канада Акихиро. Осы ғалымдар 2010 жылдың 18-29 қазан айында музейдің тас өңдеу зертханасында т.ғ.д., профессор Ж.Қ.Таймағамбетовтың жетекшілігімен және А. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкері Т. Мамировпен палеолит мұражайы мен тас өңдеу зертханасында ғылыми жұмыспен айналыса, Америкадан келген археолог, антрополог, этнолог ғалымдар: Мишель Глянц, Пауль Минис, Патриссия Гильман, Роберта Касагаранде-Ким - Қазақстанның тас дәуіріне қатысты мәліметтермен палеолит музейінде оқылған жетекші маман-археолог, профессор Ж.Қ. Таймағамбетовтың дәрісін тыңдау барысында танысты.

Музей құрылған уақыттан бері музей қызметкерлері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тас дәуірі лабораториясының қорында бірқатар жұмыстар жасады. Атап айтқанда, Маңғыстау мен Қаратау аймақтарынан табылған көптеген артефактілерді жүйеледі. Сондай-ақ Х. А. Алпысбаевтың Қаратаудан көптеп тапқан өңделген материалдарын шетелдік әріптестер АҚШ профессоры Мишель Глянц (Колорада штаты), профессор Джерри Галм (Вашингтон университеті) және профессор Р. Х. Сулейманов (Өзбекстан) секілді ғалымдармен бірге археология ғылымының жаңа жетістіктері негізінде зерттелді. Осы ғалымдармен бірге ағылшын тілінде біріккен еңбек шығару жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдыңғы жылдарда жүргізілген зерттеудің қорытындылары Қазақстан деңгейінде өткізілген әртүрлі конференцияларда және Франциядағы ЮНЕСКО-ның штаб квартирасы мен Новосибирск, Ашхабад, Бішкек қалаларында өткен конференцияларда баяндалған.

Атап өтетін тағы бір нәрсе, ол тас құралдар коллекциясы жалпы білім беретін мектептерде 5 класқа арналған оқулық пен көп томды Қазақстан тарихын жазуға негіз болды.

Музей қызметкерлері тек қана Қазақстан-Ресей кешенді археологиялық экспедициясының жұмысына ғана қатысып қоймай, сонымен бірге (жылда жұмыс жасайтын) ғылыми-зерттеу жобаларына да қатысады.

2009 ж. Ақтөбе облысындағы Мұғалжар қыраттарында палеолиттік ескерткіштерді зерттеуге арналған барлау жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстың барысында 100-ден астам «ашық» типтегі

палеолит дәуірінің ескерткіштері табылды. Олар хронологиялық жағынан кең ауқымды, тас дәуірінің ерте кезеңінен (ерте палеолит-ашель) кейінгі палеолит дәуіріне (неолит-энеолит) дейінгі аралықты қамтиды.

Енді музейге келушілердің пікір кітабында қалдырған тілек-ниеттерінен үзінді келтіре кетсек: «...самый профессиональный, уютный и симпатичный музей в Казахстане...» - зав. отделом Института археологии им.А.Х.Маргулана НАН РК, к.и.н. Самашев З.С.; «Я был счастлив посетить Ваш музей. Он очень важен для будущего Казахстана...» - проф. Университета Болоньи (Италия) М.Този; «...экспозиция потрясла своей научностью, доступностью и размахом. Испытываем гордость за этот музей и за свою древнейшую историю...» - делегаты Республиканского съезда учителей; «...пусть наша молодежь владеет историческим сознанием, пониманием огромной роли Республики Казахстан в мировой культурной сокровищнице» - археолог, д.и.н., профессор СКГУ Зайберг В.Ф.; «...это уникальный, редкий музей по каменному веку поражает своей организацией, хорошо продуманной, сделанной с любовью, высоким профессионализмом, а также красотой и удобством, обилием интереснейших находок...» - археологи-коллеги, из России - СНС Института археологии и этнографии СО РАН, к.и.н. Черемисин Д.Г, из Узбекистана - зав.отделом Института археологии АН РУз, к.и.н. Хужаназаров М.; из Кыргызстана – зав. отделом археологии АН КР, к.и.н. Ташбаева К.; «...это музей палеолита в котором много экспонатов - место для истории человеческой эволюции и место для эксперимента студентов, для их дальнейшей научной деятельности» -Китай. Сиань, Чанъаньский университет, проректор, профессор Лю Цзяньцай, Ли Ючжу; «Мұражай ұнады, әсіресе жалғасымдылығы жақсы сақталған. Яғни, картадан бастап, жалпы түсінік беру, әрбір экспонатқа анықтама жасау. Әрине неолиттік Қараүңгір өте әсем артефактілермен көрсетілген, кейінгі палеолиттік тұрақтар да қызықты жасалған...» - Қ.А. Яссауи ат. ХҚТУ ШИ Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы Мұстафаев Б.Н.; «Өзіміздің жәдігерлер мұражайына келгеніме қуаныштымын. Өзіме қажет материалдар мен мағұлматтарды таптым. Сіздерге үлкен алғысымызды айтамыз» - Ф10К2 студенті Бодаубекова Н.К.; «... Мұражайда палеолит дәуіріндегі Қазақ даласынан табылған тастарды көріп және бұл мұражай ТМД елдері ішінде 1-ші орынды алатынын мақтан тұтамын. Сіздерге болашақта табыстар тілеймін» - ФжС факультетінің студенті Джубатов Ю.С.; «Біздің Университетімізде осындай тамаша тарихи мұражай бар екеніне өте қуаныштымыз...» - Шығыстану факультетінің студенттері Утеулиева Н., Мусабеева А., Мусадиева И.; «Мы благодарим за предоставленные вами возможности узнать много интересных фактов об истории нашей страны» - гр. АЭ-01Р; «Благодарим музей и работников за предоставленные возможности окунуться в древний мир учащихся» - № 149 мектептің 10-11 кл. оқушылары.

Мұндай пікірлерді тек қазақстандық ғалымдар мен студенттер ғана емес, сонымен қатар АҚШ, Франция, Бельгия, Жапония, Греция, ҚХР, Оңтүстік Корея, Иран, Пакистан және т.б. елдердің ғалымдары қалдырған.

Қорыта айтқанда, музейден Қазақстанның тас дәуіріне қатысты барлық мағұлматтарды кезең-кезеңімен көре отырып, оның ғылыми және тарихи маңызын анық байқаймыз. Палеолит музейі өзі құрылған уақытынан бастап, кең көлемде ғылыми, педагогикалық, тәжірбиелік, тәрбиелік жұмыстар атқарып келе жатқанын атап өтуге болады.

Ал музей қоры Қазақстандағы палеолит дәуірінің жетекші маманы, археолог, тарих ғылымының докторы, профессор Ж. Қ. Таймағамбетов пен оның шәкірттері тарих ғылымының кандидаттары: Ғ.Бексейітов, Д. Байқонақов, Т. Мамировтардың Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Жамбыл облыстарының территорияларынан жаңа палеолиттік тұрақтарды анықтап, оларға жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған артефактілермен толығуда. Сондай-ақ, Қазақстан мен оған шектес аудандардың тас дәуірін зерттеу жөнінде Ж. Қ. Таймағамбетов бастаған қазақстандық ғалымдардың РҒА СБ археология және этнология институтымен және Жапония, Франция, Бельгия елдерінің ғылымдарымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде келісімдер жасап, осы келісімдерге сай келесі жылдан бастап жаңа археологиялық экспедициялар ұйымдастырылатынын ескерсек, музей қоры жаңа материалдармен толығады деген сенімдеміз.

Алдағы уақытта музейді түркі өркениетімен, қазақ халқының қолданбалы өнерімен және т.б. бөлімдер ашу арқылы кеңейту жоспары бар. Ал қазір адамзаттың өткен тарихы мен олардың жасаған еңбек құралдарымен және археологияның соңғы жаңалықтарына қызығатын тілек білдірушілерді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Қазақстан палеолит музейін» көруге шақырамыз.

Статья посвящена истории открытия музея палеолита КазНУ им. аль-Фараби. По мнению авторов, открытие, дальнейшее развитие и усовершенствование работы музея является многолетним и планомерным трудом не только казахстанских археологов, а также совместной, комплексной работы археологической экспедиции Казахстан - Россия.

Summary

Article is devoted history of opening of a museum of a paleolith Treasury of al - Farabi. According to authors, opening, the further development and improvement of work of a museum is long-term and systematic work not only the Kazakhstan archeologists, also joint, complex work of archaeological expedition Kazakhstan - Russia.

НАУЧНЫЕ ФОРУМЫ ПО АРХЕОЛОГИИ ДРЕВНОСТИ ИТАЛИИ В 2010 ГОДУ

Д.С. Байгунаков–

к.и.н., доцент кафедры Отечественной истории КазНПУ им. Абая

Ежегодно в Италии проводятся более десятка научных конференций, семинаров и симпозиумов, совещаний по проблемам археологии древних эпох. Основную часть мероприятий координирует Итальянский институт преистории и ранней (доисторической и протоисторической) истории (Istituto Italiano di preistoria e protostoria), который был основан во Флоренции 30 октября 1954 года.

С момента создания Институт содействует проведению исследований по древней истории Италии, предоставляет гранты, также планомерно занимается организацией ежегодных научных совещаний, выставок и т.д. Конечно, есть и другие научные учреждения помимо этого института. Например, Ассоциация итальянских этноархеологов, члены которой занимаются в основном исследованиями материальной культуры этносов. Ассоциацией 13-14 мая 2010 года в Риме было организовано уже 5-е научное совещание по теме «Этноархеология и полевые исследования», где акцентировалось внимание в основном на вопросы взаимодействия человека и природы, также проблемам ритуала и городских реалий, скотоводства в этноархеологии. Основной целью форума, носящей научно-практический характер, являлась координация научных исследований, разработка совместных научно-исследовательских программ, привлечение к обсуждению научных проблем практических работников сферы культуры, внедрение в практику научных разработок.

Каждый год вышеназванный Институт при финансовой поддержке Министерства наследия и культуры Италии проводит ежегодную научную конференцию в сотрудничестве с другими научными учреждениями. В 2010 году благодаря сотрудничеству и поддержке Музея археологии и этнологии города Модена и других учреждений была проведена XLV научная конференция «Доистория и протоистория Эмилия-Романья» с 26 октября по 31 октября на высоком содержательном и организационном уровне. На конференции ученые выступили в четырех секциях: 1. Популяции охотников-собирателей. 2. Древнейшие земледельческие культуры и освоение металлургии. 3. Сельские общины бронзового века. 4. От финальной бронзы до зарождения городов. В общей сложности в секциях конференции были заслушаны около 70 докладов.

Большинство докладов как научные плакаты были также предварительно вывешены на специальных стендах в фойе и на их фоне перед глазами читателя изложены основные археологические открытия последних лет. Авторы плакатов свои доклады оформляли ярко-красочно, в них излагались актуальность темы, результаты новейших исследований, основные выводы, первостепенные задачи, значения открытия и т.д. Наиболее интересными были доклады Ф.Фонтана, С.Перетти («Новые данные по определению хронологии и культурной принадлежности охотников-собирателей Эмилия-Романья»), Ф.Негрини, А.Гиретти («Леминьяно: ориньякская стоянка Пармы»), А.Феррари, А. Пессина, Г.Стеффи, П.Висентина («Хронологическая структура культур неолита Северной Италии»), Р.К-де-Мариниса, Л.Салзани, Е.Валзолгера («Абсолютная хронология бронзового века в долине По и гор в общих рамках бронзового века Европы»), Д.Кокки Дженика («Динамика культурных связей Эмилия-Романья и центральных областей от ранней до средней бронзы»), А.Агрести, Г.Пизоло, Г.Подджели, С.Поесини, Л.Сарти («Гипотеза о взаимосвязи между Эмилией и Тосканы, Северной Аппенины от поздней бронзы до железного века»), С.Корнелиуса, М.Лучанетти

(«Новые данные о численности населения равнины Болонья в начале железного века») и др. Хотя они выступали в разных секциях, эти доклады задали тон последующим дискуссиям, и в центре внимания ученых были проблемы хронологии. Особенно бурно обсуждались вопросы эпохи бронзы, в том числе проблемы терремар. Многие выступавшие констатировали, что на сегодня имеется консервативный подход к терремарам и заново надо рассмотреть их роль в цивилизации человечества.

После выступления археологов были организованы экскурсии и посещения ряда проектов, направленных на аспекты повседневной жизни людей в предыстории, таких, как парк терремара Монтале и ряд музеев Модена.

16-17 декабря в Университете Рима «Сапиенза» (La Sapienza) проходила международная конференция, посвященная памяти выдающегося археолога Ренато Перони. Конференция являлась частью мероприятий празднования 150-летия объединения Италии. В этом мероприятии участвовали специалисты, занимающиеся проблемами кельтов, в особенности материальной культурой раннего железного века. На конференции было заслушано более двадцати докладов ученых. Основные доклады были посвящены археологической культуре Ла-Тен (V-I вв. до н.э.) и в целом отражали археологию кельтов на территории Италии южнее Альп (Пьемонте, Ломбардия, Кантон Тичино, от Венет до Трентино-Альто-Адидже, Фриули-Венеция-Джулия, Эмилия-Романья, Марке), а также ряд исследователей поднимали вопросы центральных и южных районов страны в период железного века. Некоторые доклады были высоко отмечены специалистами, среди них можно назвать следующие: «Перспективы новейших исследований присутствия галлов в Пичено» (М.Ландолфи), «Эпиграфика и лингвистические аспекты» (А.П.Маринетти и Солис), «Чиз Альпа после Ганнибала» (Г.Банделли), «Венеты и кельты: формы выделения земли» (Г.Гамбакурта, Р.Серафини) и др. Выступления авторов этих докладов вызвали живой интерес аудитории и активную дискуссию по затронутым в них проблемам. В заключении заседания дискуссионного форума было углубленно обсуждены имеющиеся сведения про кельтов Италии, дальнейшие перспективы исследования в археологическом плане Чиз Альпы в этот исторический период. Необходимо отметить, что цели и задачи, поставленные в программе конференции, были в основном выполнены. Многие проблемы освещались комплексно, поскольку в конференции принимали участие помимо археологов историки, лингвисты, искусствоведы. Вместе с тем, учитывая большой интерес научного сообщества к поставленным проблемам, касающихся кельтов, решено провести еще несколько подобных конференций в следующем году.

В научных кругах европейских стран широко обсуждаются проблемы возникновения земледелия, так как группа ученых из Итальянского института предыстории и ранней истории, работавших последние три года по проекту «Растительные ресурсы в палеолите, пришли к выводу, что 30 тыс. лет назад (по радиоуглеродной датировке) первобытный человек сумел все-таки приготовить себе мукообразную пищу. Специалисты (Анна Реведин, Бьянка Арангурен, Роберто Беккатини, Лаура Лонго, Эмануэле Маркони, Марта Мариотти Липпи, Наталья Скакун, Андрей Синицын, Елена Спиридонова, Иржи Свобода), работавшие по проекту, ссылаются на находки жерновообразных артефактов из Слинга, пестиков Мачинелли, а также на другие открытия в Европе (Костенки и др.), и, по их мнению, наличие следов использования для измельчения зерна и крахмала в них являются прямым доказательством подготовки питания растительного происхождения. Следует отметить, что эта гипотеза получена в ходе междисциплинарного подхода к проблеме. Итальянский институт предыстории и ранней истории по этому широкому резонансу организовала выставку с 19 октября по 3 ноября во Флоренции «Человек и растения в доисторические времена», где также были представлены результаты исследования археологов от нижнего палеолита до бронзового века. Таким образом, были выделены технологические достижения человечества от охотников-собирателей палеолита до земледельцев железного века.

Подводя итоги, можно сказать, что вышеперечисленные форумы прошли на высоком уровне. Новая информация, впечатления, контакты, безусловно, были полезны всем. Досадно только то, что материалы всех конференций по плану выйдут в ближайшие годы.

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ПАМЯТНИКИ НАРЫНКОЛЬСКОГО РАЙОНА

(Итоги работы научного проекта среди студентов КазНПУ им. Абая)

В.Анухин, Д.Баимбетов, К.Бердибеков

В июне 2010 года была осуществлена археологическая экспедиция в Нарынкольский район

Алматинской области. Основной состав экспедиции состоял из трёх студентов 3-го курса специальности 050114 – История (Анухин Виталий, Баимбетов Данияр, Бердибеков Куаныш), в состав экспедиции был включен также доцент КазНУ имени аль-Фараби Омаров Гани Калиханович. Научный руководитель экспедиции - Байгунаков Досбол Сулейменович.

В ходе экспедиции были проведены раскопки кургана, расположенного приблизительно в 3,5 км к северу от села Комирши.

Первоначально курган выглядел как большой бугор. Несмотря на то, что в некоторых местах и были видны камни, курган полностью находился под плотным слоем. На поверхности были видны небольшие кустарники. До начала раскопок поверхность кургана очистили от травы и кустарников, только после этого начались съёмки кургана со всех сторон.

Снятие плотной верхней части кургана проводилось по предварительно разделенным четырем секторам и таким образом, чтобы между натянутыми нитями (границами секторов) был проход шириной 40 см. В результате проведенных исследовательских работ был определён полный фрагмент расположения камней. Большинство из них представляло собой породистые горные камни, хотя и встречались периодически речные камни. Насыпь камней имела округлую форму, диаметром с востока на запад – 8м 64 см., с севера на юг – 8м 80см. Благодаря этому, на этой стадии появилась возможность исследовать конструкцию каменного сооружения. Нельзя однозначно утверждать, что в данном сооружении использовался конкретный способ кладки камней. В восточной части каменного сооружения, у подножья, был замечен ряд больших камней. Несмотря на то, что в центре, в углубленных местах лежали один-два камня, сгруппированных камней найдено не было. Здесь были обнаружены жилы и кости лошадей, что свидетельствует о разграбленности этого кургана.

Следующая стадия раскопок состояла из натягивания квадратов, чертежей и фотографий каждого сектора. После этого был снят один каменистый слой с каждого сектора. В результате проведенной работы нижняя часть насыпи каменного кургана обозначилась четко. Были определены особенности в сооружении камня, наблюдалась упорядоченность камней этого слоя. Камни этого слоя также были очищены, сделаны схемы и фотоснимки для анализа.

Для определения точной глубины кургана прямо в середине усыпальницы был заложен шурф размером 2х1,5м. В результате этого определилось скопление камней. Длина скопления камней с запада на восток составила 1м 52см, а ширина 1м 12см. Размер камней различный. В результате снятия одного слоя скоплений камней, определились следы стенки. Ее размеры составили с востока на запад – 1м 62см, с севера на юг – 1м 04см. При проведении работ, на глубине 57 см, на крупных камнях, в направлении с Запада на Восток была обнаружена кость лошади. Кость в направлении главной ямы усыпальницы располагалась на расстоянии 44,8 см от северной стены и 43,2 см от западной стены. Размеры кости таковы: длина 53,5 см, ширина средней части 6,3 см. После снятия размеров, чертежей, снимков кости, работа в усыпальнице продолжалась. После извлечения кости были сняты схемы лежавших рядом скоплений камней. В процессе извлечения камней, заполненных в усыпальнице, стало ясно, что этот слой - последний. Дальше на глубине 10 – 15 см глиняного слоя сооружение упирается в древнюю поверхность земли. При отсчёте от нулевой точки до древнего покрытия земли глубина исследуемого сооружения составляет 85 см. На этом уровне усыпальницы также было найдено несколько разбросанных украшений, остатки железных и сделанных из костей предметов. Отсутствие останков костей исключают вероятность захоронения человека. Чтобы убедиться в том, что яма усыпальницы на самом деле достигла древней поверхности земли, усыпальница была углублена ещё на 20 см.

Опираясь на найденные в усыпальнице украшения, мы убедились в том, что курган относится к древнетюркской эпохе. Все они сделаны из двух слоёв бронзы, связанных двумя или тремя железными гвоздями. Некоторые из имели оттенок жёлтого и чёрного цветов. Количество найденных ремней и украшений составляет 7 штук.

Кроме вышеуказанных предметов, в усыпальнице была найдена одна кость и одна железная вещь. Длина тонкой, продолговатой кости 10 см, ширина 0,6 см. Поверхность была обработана, один кончик заточен наискосок. А железная вещь имела округлую форму, немного заточена. Нижняя часть открыта в виде выемки. Неизвестно, какую функцию выполняли эти два предмета.

Таким образом, согласно имеющимся данным, мы пришли к следующим выводам: найденные в кургане вещи можно отнести к VII – VIII вв. В ходе поисковой деятельности нами не было обнаружено признаков захоронения человека, мы можем предположить, что данный курган принадлежал воину эпохи тюрков, так как в эту эпоху воинов хоронили с набором ремней. находка

костей лошади наталкивает на мысль, что, возможно, использовался обряд захоронения вместе с лошастью. Но это ещё требует фактических уточнений. Несмотря на то, что курган был разграблен, с помощью некоторых вещей, найденных в усыпальнице, мы определили их принадлежность к среднему веку. Этот курган, относящийся к эпохе тюрков, с обычаем захоронения лошади, может уходить корнями во времена саков. Такие особенности были замечены и в других регионах Казахстана. Ранее, до проведения данной археологической экспедиции, в рассматриваемой окрестности не раскапывались курганы, относящиеся к эпохе тюрков. В целом, данный регион очень мало изучен. Для полного, глубокого заключения по результатам исследования археологических памятников данного региона необходимо продолжить поисковые работы, произвести раскопки ещё нескольких памятников, относящихся к этому времени, что является одной из основных наших целей.

Түйін

Бұл жұмыста студенттердің ғылыми жобасының аясында Нарынқол өңіріне жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. Жұмыста қорғанның географиялық орналасуы, формасы және көлемі туралы мәліметтер бар.

Summary

In this paper we show the results of archaeological excavations in Narynkolsky region within the scientific student project. Also, it contains the location of the area, shape and size of the mound.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІ

XIX ғасырдың ортасына қарай орыс-қазақ саудасының ірі орталықтарының біріне айналған Семей өңірінде де тауарлық сипатқа ие болған қосымша шаруашылық салалары кеңейді. «XIX ғасырдың ортасында тек Семей қаласының өзінде мал шаруашылығының шикізатын өңдейтін 13, оның ішінде 5 тері өңдейтін, 4 сабын шығаратын және 4 балауыз шырағдан жасайтын кәсіпорын болды. 1858 жылы тері өңдеу кәсіпорындарынан 25 мың, сабын шығаратын кәсіпорындардан 1680, балауыз шырағдан кәсіпорындарынан 3,5 мың сом өнімі айналымға түсті»[1.15]. «1860-жылдардың басында Семейде 19 тері илеу, 5 сабын шығаратын, 4 балауыз шыраадан жасау кәсіпорындары болған. Бұл кәсіпорындарда жылдық айналым 82,926 сом күміс ақша өнімі көлеміне жеткен»[2.64]. Орыс саяхатшысы И.Завалишиннің Батыс Сібір өлкесіне қарасты Семей өңірін зерттеу еңбегімен салыстыра отырып, қосымша шаруашылық салаларының үдемелі сандық көрсеткішін айқын аңғаруға болады.

Қазақтар бірге-бірте рынок талаптарына бейімделді. «Степные ярмарки делились на две категории: летние и осенние. Если осенние проводились, как правило, в полосе казачьих станиц и крестьянских поселков, то летние, выделявшиеся размерами своих торговых оборотов, тяготели к уездным городам. Из летних ярмарок наибольшее значение в регионе имели Константино-Еленинская в Акмолинске, Таинчикульская (близ Петропавловска), Петровская в Атбасаре и Кояндинская (Ботовская) в окрестностях Каркаралинска» [3, 2].

XIX ғасырдың аяғында бұл жәрмеңкелердің сауда айналымы үлкейді. Константино-Еленский жәрмеңкесінде 4 млн. рубльдей, Петровскіде 2 млн. рубльден және Тайыншакөлде 1 млн. рубльден аса ақша айналымы болды [4,3].

Маусымдық жәрмеңкелердің ішіндегі ең ірісі – 1848 жылы негізі қаланған, жылына бір рет, яғни, 25 мамырдан 25 маусымға дейінгі аралықта өткізілген Қарқаралы уезіндегі Талды өзенінің Қарасор көліне құяр тұсындағы Қоянды-Ботов жәрмеңкесі. Жәрмеңкенің ресми негізін қалыптастырған Ялуторовскілік орыс көпесі Варнова Ботов бұл өңірде алғаш тиімді сауда келісімін жасайды. Варнава Ботов көбіне бекініске келушілерге арналған пошта үйінде тұрған. Болашақ жәрмеңкенің алғашқы құрылыс территориясы Павлодар мен Қарқаралы жолындағы Қоянды бекеті болатын. Осы бекетті пайдаланған Ботов Құлжа қаласынан Қапал, Аягөз, Бақанас арқылы Қызылжарға мал айдаған саудагерлермен айырбас саудаға түсті. Тұрмысқа қажетті тауарларын арзан мал және мал өнімдеріне, қолөнер бұйымдарына айырбастап, оны Қызылжар арқылы Ресей, Сібір мен Еуропалық бөліктердегі қалаларға жеткізді. Бұл әрекет орыс саудагерлері тарапынан бәсекелестік туындатып, Қоянды жеріндегі көпестер саны артты. Ресей мен Орталық Азияның түпкір-түпкірінен саудагерлер Қарқаралы жеріне ат басын тіреді. Павлодар, Семей, Омбы тәрізді ірі сауда орталықтарынан шалғай орналасқанымен Қарқаралы олармен транспорттық байланыста болды[4,3].

Орталық Қазақстанның көне қаласына айналған Қарқаралыдағы Қоянды-Ботов жәрмеңкесі кезінде ел экономикасының өркендеуіне өзіндік үлес қосқан ірі сауда орталығы ғана емес, сонымен бірге қалың қазақтың жыл он екі айда бас қосқан қазақ өнерінің базарлы ордасы болды. Өнер саңлақтарының шыңдалу мектебіне айналды, өнерлерін ұштауға жол ашты[5,65]. Әйгілі ақындар Қамбар, Шөже, Кемпірбай, Нарманбет, Жанақ, Әсет, Мәди, сазгер, атақты қобызшы Ықылас Дүкенұлы, белгілі күйші Тәттімбет тәрізді өнер тұлғалары жәрмеңке жұлдыздарына айналып, өз шәкірттерін тапты. Ел аузында жәрмеңкенің ашылуы жайында әртүрлі естеліктер бар. Соның бірі: жәрмеңке алаңындағы төрт жерге үлкен-үлкен қоңыраулар қағылып, Біржан сал өзінің атақты «Айтбай» әнімен ашылу рәсімін жасаған.

*Базарың құтты болсын, ардақты елім,
Қоянды – ту көтерген думан жерім..
Қарқаралы, сұлу Көкше – жер шоқтығы,
Сарыарқа – алтын асу, асқар белім.*

Жергілікті тұрғындар бәйге ұйымдастырып, шабармандар Бәйге төбеден Қарасор көліне дейін атты шабысқа салып, содан кейін ақындар айтысы басталған екен.

1880-жылдың екінші жартысында Әсет Найманбаев Арқаның әнші біткенінің Меккесіндей болған Қояндыға барып, өнер арқасында ақын қыз Рысжанмен айтысқа түсіпті. Айтыста Рысжан:

*Осы ма, атақтыңыз Әсет деген,
Бере ме өнер пайда көрсетпеген.
Топастау, торшолақтау өзі біреу,*

Мұны кім сөзбілгішке есептеген,- деп, жеке басына тиіскен кезде Әсет үндемей сабыр сақтап, кезегінде қарымтасын жібермей, ақыры бір-бірін жеңе алмапты,- деседі. Әлтеке-Сарым елінің белгілі биі, шешен Жанғұтты Ботантайұлы елінің әлеуметтік жағдайын ойлаған, басқару ісіне араласқан, ел билеген ірі адамдармен тең түскен. Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбаймен 1855 жылдың наурызында Санкт-Петербурда патшаның қабылдауында болған. Құнанбайдың Қарқаралы уезінде аға сұлтан болып жүрген кезінде бабамыз жас Абайды сынап көрген. Абайдың:

*Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,
Талынған мен балапан ұядағы.
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,*

Дуниенің жалғыз үміт тиянағы -деген жауабына риза болып, оны қатты қадірлепті. Өз тұсының Жиреншесі атанған Нарманбет Орманбетұлының Қарқаралы қаласындағы орыс мектебінде оқуын жалғастыру кезінде Абаймен танысады. 1905-1907 жж. төңкерістен кейін "Сарыарқаға қарасак", "Қазақ елі біз тұрмыс", "Жақыпқа", "Мектеп бастығына" деген өлеңдерін жазады. 1916 жылы "Сарыарқа сайран жерім-ай", 1917 жылы "Тілекті хақтың берген күн", "Даусың қалай ашылды?" өлеңдері жарыққа шығып, жәрмеңке арқылы кеңінен тарауға мүмкіндік алады. Ұлы М.Әуезов: "Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Ыбырай, Мәшһүр-Жүсіп, Нарманбеттерді алу керек. Ол дәуірдің ақындары жазба әдебиетінің басы екендігі даусыз"-деп әділ баға береді. Қоянды жәрмеңкесіне ұлы Абай да қатысқан. Қазақ халқының композитор-күйшісі, шертпе күйдің шебері Тәттімбет Қазанғапұлы жәрмеңкеде өнер көрсеткен. "Сылкылдақ", "Сары жайлау", "Балбырауын" күйлері жәрмеңке арқылы қазақ жеріне тарады. Музыка зерттеушісі Затаевич, Ермакович еңбектерінде, А.Жұбановтың "Ән-күй сапары", С.Бегалиннің "Сахара сандуғаштары", А.Сатаевтың "Дала күйлері" еңбектерінде Тәттімбет жайлы қызықты деректер кездестіруге болады.

*"Жезтаңдай, мен қазақтың Шашубайы,
Кіреді сөйлеп кетсем сөз шырайы.
Жамбылмен үзеңгілес сұңғыламын ,*

Саңылақ деп үкілеген ел шынайы,"- деп арқа даласын әні-жырға бөлеген Шашубай ақын Қоянды жәрмеңкесінде Біржан сал, Ақан сері, Кемпірбай, Шөже, Жаяу Мұса, балуан Шолақ, Жарылғапберді, Ғазез, Мәди сынды өнер саңылақтарымен үзеңгілескен. Қоянды жәрмеңкесінде Біржан сал Шашубайға:

*Арқада кім тумаған, өнер кернеп,
Сайрадың сырнайыңды көпке сермеп.
Тартынба, талабыңды тарықтырма,
Айта бер, өрістетіп әннен өрнек- деп, батасын беріпті.*

Айтушылар Шашубай Қоянды жәрмеңкесінде ат үстінде түрегеліп тұрып, қашып жүріп, гармонға қосылып өлең айтады екен, жәрмеңкедегі жұрт қуып жүріп тыңдайды екен,- дейді. Біржан сал, Шөже, Салғара, Толыбай, Орынбай, Нүркей, Сегізсері, Арыстандардың өнер мектебінен шыңдалса, өзінің алған өнегесі мен композиторлық өнерін Жаяу Мұса, Қанапия, Құлтума, Ақан сері, Балуан Шолақ, Ғазез, Естай, Үкілі Ыбырай, Жарылғапберді сынды ақын-әншілерге бере білген. Арқаның белгілі әншісі-Сәтмағанбет Қояндыда Ғазез, Қапаш, Жаяу Мұсалармен кездескен. 1914 жылы Бекайдардың Дәулетімен үлкен айтысқа түседі. Айтыс ақыны, жырау Жанақтың Түбек ақынмен айтысы, "Шұбарым, арғымағым, кермаралым", "Баласы Санияздың атым Қамбар", "Мен едім Айдаболға келген Жанақ", т.б өлеңдері, "Ақтанбай төреге", "Айдабол шоңға", "Бараққа" деген толғаулар бүгінгі күні бізге жетіп отыр. "Қозы Көрпеш- Баян Сұлу" жырының Жанақ айтқан нұсқасын Абай Қарқаралыда орыс әрпімен қағазға түсіріп, 1884 жылы көрнекті орыс ғалымы Г.Н. Потанинге сыйға тартқан. Н.Я. Коншин Орыс географиялық қоғамына тапсырған өлеңдер жинағындағы нұсқаларында Жанақ жырларын негізге алған. 1862-жылы Ш.Уәлиханов көне жырдың барлық нұсқаларын Жанақтан жазып алған.

1923-жылы Қоянды жәрмеңкесі сауда да ғана емес өнер әлемінде де өзінің екінші серпілісін бастады. Жәрмеңкеге атақты адамдар қайтадан тартылды. Атақты жазушы С. Мұқанов "Өмір мектебі" романында: "Қазақтың көптеген " жәрмеңкелік артистерінің" бет пердесін ашуға осы Қоянды да себеп болғанға ұқсайды"-деп әділ баға береді.

Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Ғаббас Айтпаев, керекулік әнші Майра Уәлиқызы, Мәди Бапиұлы тәрізді әншілер, суырып салма ақын Иса Байзақов, балуан Қажмұқан Мұңайтпасов, сикыршы-акробаттар З.Құлсейітов, О.Әбдиев (Қара Омар, кей деректе Жынды-Омар), әзіл-сықақ саханасының шебері Қалибек Қуанышбаев көпшілікке осы жерден танылды. Қоянды жәрмеңкесінің өмірімен

жазушылар М.Әуезов, В.В.Иванов, С.И.Бегалин, Н.И.Анов және ақын П.Васильев таныс болды. Даңқы жер жарған балуан, әрі ақын, әрі әнші, әрі композитор Нұрмағамбет (Балуан шолақ) талай рет күш қайратымен жұртты таң қалдырған. М.Токжігітовтың «Күш атасы» естелігіне сүйенсек: “Балуанмен 1925 жылы Қоянды жәрмеңкесінде кездесіп, табандаған 1 ай қасында болдым. Қажекең цирк балуаны болған соң, әрине, үйде отырмайды. Ел аралап кетеді. Шет елге де барып жүрді. Анда-санда Семейдегі цирк үйінің қонағы болып, айлап жататыны да бартын” [5,66].

Қырық тоғыз жасында Қояндыда француздың Карон дейтін балуанымен күресіп, қабырғасын қиратқандығын оның:

*Бұл күнде 49-да менің жасым,
Ардақты ел ішінде менің басым.
Қалтамнан 75 сом залог салып,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын,-*

деген өлең жолдары айғақтап отыр. Нұрмағамбет (Балуан Шолақ) бірбеткей күші иесі ғана емес, сонымен қатар Біржанның, Ақан серінің әндерін бабына келтіре орындаған және насихаттай білген. “Үні де денесіне сай күшті болған. Ол әсіресе драмалық, күшті қажет ететін шығармаларды сүйеді. Ел аралайды. Шолақ жалғыз емес, өз алдына бір "ансамбль" болып жүреді. Кей деректер бойынша Шолақтың ансамблі қазақ даласында бірінші рет кейбір әндерді зор болып, қосылып орындаған. (Әрине, жалғыз дауысты-унисон),”-деп А.Жұбанов ағамыз өз еңбектерінде көрсетіп өтеді. Табыс, күш Балуан Шолаққа бедел мен қатар көкірек те берген. Қояндыдан қалған

*Мен Шолақ жас басымнан болдым ояу,
Оң қолым отқа күйіп болды қаяу.
Тал түсте Қояндының базарында,*

Қырық сан өгіз сатқан мені қой-ау, - деп айтылатын өлең жолдары бар. «Күш атасы» Қажымұқанның осы жәрмеңкеде Балуан Шолақпен белдесіп, күш-сынасқысы келеді, бірақ жақын таныса келе бұл ойынан қайтыпты. 1925-жылы өткен Қоянды жәрмеңкесінде алып күштің атасы Қажымұқанның көрсеткен өнерін дүние жүзінің бір қыдыру елі тамашалады. Қояндыда бақ сынынан өткен Қажымұқан 1901-жылдан кәсіби палуандық жолға түседі. 1911- жылы Стамбұлдың атақты палуаны Нұрлыны жеңіп, “қажы” атанған. (Палуандардың Геркулес журналы палуандық асқан қасиеті үшін “қажы” есімін берді) И.Поддубный, И.Шемякин, Алекс Аберг, И.Заикин, Георг Лурих, Г.Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц тәрізді күрес тарландарымен тең дәрежеде болып, “күш атасы” атанған.

Қазақ халқының біздің ғасырда әйелден шыққан әйгілі сырнайшы, домбырашы, әнші, композиторы – Уәли қызы Майраның халыққа кең таралуына осы жәрмеңкесі себеп болған. 1925 жылдың жазында Майра Уалиқызы ақын Иса, балуан Қажымұқанмен қатар Қоянды жәрмеңкесінде өнер көрсетеді. Осы сапардан «Даланың әні» деген әні қалады. Тәжірибесін кеңейту үшін ел аралап, сапарларға шыққан. "Шығармашылыққа берілген, қызу мінезді, әртістік қабілеті бар әйелдің еркін, тәуелсіз характері, әсіресе, даңқы шығып, жеңістен-жеңіске ие болып тұрған кезінде, оның істеген ісінің бәрі де шығыс халқының езіліп келген әйелдерінің салтына қарама-қарсы келетін. Сондықтан, мұндай әйелдерді тым еркін, бетімен кеткен, жүгенсіз деп қана бағалайтын,"-дейді А.Затаевич. А.Затаевич Майраның орындауындағы «Мақпал», «Көкмайса», «Қарағым-ау», «Қаракөз», «Баянауыл», «Телқоңыр», «Даланың әні», «Құрбым-жай», «Алқарағай көк», «Хұсни құрдас», «Смет» нотаға түсірген. Атақты әнші, қазақтың ұлттық театр өнерінің негізін салушылардың бірі –Әміре Қашаубаев 1917-жылдан өнер жолына түседі. Кедейліктің дәмін ерте татқан Әміре жаңа Семей қаласында Исабек байдың (кей деректерде Қаражан байдың) ат айдаушысы болған. Әміре қожайынымен есеп айырысып, Семейден Қояндыға сапары шегеді. Бұл ән сапары музыка жәрмеңкесіне тартқан үлкен, игі сапар болады. Себебі, Әміре саңылақ, топтан озған ән иелерімен кездеседі. Аға әнші, баянауылдық Жаяу Мұсамен, әншілер Мәди, Ғаббас, Қали және қараөткелдік Сәтмағамбетпен танысады. Әміре Қояндыны аралап, базар-жәрмеңкенің туы болады. “...Кездеме базарынан шеткірек тігілген ақ боз үйлерге таяп келдік. Ақбілек деген кермиық келіншектің қымыз сатып отырған алты қанат ақ үйінен тамылжыған ән естіледі. Ғажайып әуен бойды баурап, жүрек қылын шертіп, қиял құсын аспандата түсті. Үй маңайы толған адам. Ән салып отырған атақты әнші Әміре Қашаубаев. Баянға қосылып «Қарғаға» басып отыр. Оның даусының күдіреттілігі сонша, тыңдаған жанның денесі ұйып қалатындай. Әміренің қасында қапсағай денелі Қали Байжанов отыр. Әміре әнін аяқтап, Қалиға қарады. “Ал енді сен шырқа” деген ишараты еді бұл Әміренің...” [4,4]. Семей әндерінің Баянның, Көкшенің, Ақмоланың ән дәстүрінен айырмасы бар екендігін сезінген ол өзінің стилінде орындауға күшін салған. Әміренің Қояндыға келуі

өмірдегі үлкен жаңалығы болды. 1927 ж. сәуірде Москва консерваториясында, Германияның Майндағы Франкфурт қаласында қазақ әндерін жұршылыққа паш етті. 1922 жылы Қоянды жәрмеңкесінде Қазақ автономиясының бір жылдық тойын өткізгенде режиссер, актер, ұлттық театр өнерінің негізін қалаушыларының бірі, көркемсөз оқудың шебері, қоғам қайраткері Қуанышбаев Қалибек М.Әуезовпен танысады. Қалибек Қуанышбаевта көп күнге созылған қызу жәрмеңкенің талай кештерінде дауысын бірде – балаша, бірде – кемпірше, бірде – шалша, ал енді бірде – жігітше болып құбылтып, талай қызық ойындар көрсетіп, тыңдаушылардың күлкіден езуін жинатпайды екен. Қалибек Зәрубай Күлсейітов, Ахмет, Ғаббас Айтбаев сияқты өнерпаздармен бірге өзінің «Қарабай», «Сарыбай», «Қыз ұзату», «Хан күзету» іспетті шағын сахналық ойындарын көрсетеді. Осында Ғаббас бірінші бәйге алады. “Ғаббастың әкесі Айтбай да Арқаның атақты әншісі, әрі ән дүлдүлі Біржанмен үзенгілес болған. Біржанның ..Базарың құтты болсын, ардақты елім!-деп басталатын «Айтбай әні» осы кісі есімімен байланысты шығарылғаны жөнінде өнер шежіресінде мәлімет бар” [6,35].

Суырыпсалма ақын, үлкен әнші Иса Байзақов Қоянды жәрмеңкесінде:

*Домбыра екі шекті ішің қуыс,
Ызботтан сөзім шықсын уыс-уыс.
Майра апам домбыраны алып берді,
Исадан түні бойы болмас тыныс, -деп Майрамен ән жарысқа түскен.
Жәрмеңке құтты болсын Советский,
Сіздермен кез боп қалдым өңмен түстей.
Жынды Омар, Зәрубай мен Қалибекті,
Ұмытпан мен де сірә жанар өшпей.
Қоянды қызыл тулы тұрған жайнап,*

Неткен ел сейіл-серуен, салған ойнақ,- деп Иса "Желдірмесіне" салады. Қали Байжанов Исамен Қояндыда бірінші рет осылай кездеседі. Біржанның «Жанботасын», Ақанның «Көкжендетін» өзінен естіген, Жаяу Мұсамен де кездеседі. Қалидың репертуарына Жаяу Мұсаның, Біржанның, Ақанның әндері енеді. “Қалекен домбырасын күмбірлетіп алып, “Шамаға” баспасын ба? Сазды әуен алғашқы да аспанға өрлеп, шаңырақтап кетеді де, онан кейін самал салқыны леп болып еседі, енді бір мезетте ғашықтың сырын сыбырмен білдіреді. Не деген әдемі дауыс, не деген сикырлы нақыш, не деген кең тыныс! ”[7,3]. Қазақстанда аты белгілі әншілердің бірі - Ғазез. Оның «Мұқыш қыз», «Қарақат», «Шалқыма», «Көктің көлі», «Қоңыр», «Қарындаш», «Ақ еркеш», «Қарағайды», «Қайран Мұқыш», «Төрт Райхан» әндері өзінің асқан орындау шеберлігімен ел аузында қалған. Ғазез қазақтың тек мал, дүние жәрмеңкесі ғана емес, өнер жәрмеңкесі болған Қояндыда талай рет болады. 1924 жылы Әлімхан Ермековтың басшылық етуімен ашылған педагогикалық училищеде С.Торайғыров, М. Әуезов, Б. Майлин шығармалары сахнаға шығады. Қазақтың тұңғыш ұлттық театры да Қояндыда дүниеге келді. Қазақ театрының тұңғыш туы Қарқаралыда көтерілді. М. Әуезовтың «Еңлік Кебектегі» Қараменде Қалибектің сахнадағы тұңғыш рөлі. Халқымыздың ардақты ұлдары Әлихан Бөкейханов та, Жақып Ақбаев та, Әлімхан Ермеков те жәрмеңке қызықтарын тамашалаған. Халықтың келешегі мен жарқын болашағы үшін күресіп өткен алаш ардақтылары Қоянды жәрмеңкесіне көп үміт артқан. Демек, жәрмеңкенің қазақ тарихында алар орны мен ерекшелігін айқын байқауға болады. Қоянды жәрмеңкесі халықтың даму, жаңа бір сатыға көтерілу тарихында аса маңызды да күрделі міндетті рөл атқарған.

Атақты Қоянды жәрмеңкесі дүрілдеді, гүрілдеді, өз тарихын аяқтап тынышталды. Егер, тарих беттерін әділдікпен парақтасақ, Қоянды жәрмеңкесі ел тарихының экономикалық-әлеуметтік және саяси дамуында үлкен тарих жүгін көтерді. Қоянды орталық Қазақстан өңірінің мәдени құрылысына өз ерекшелігімен кірді, Сарыарқа жерінің алғашқы бизнес және өнер қарлығаштарын қалыптастырды.

1. Дильмухамедов Е.Д., Маликов Ф. *Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана. - Алматы, 1963. - 15 б.*
2. *Ермек Балташұлы. Азия Транзит №7 (64 б). - Қарағанды, 2005.*
3. *Тоқжігітов М. // Орталық Қазақстан. - 1977. – 21 сентябрь. - 2 б.*
4. *Садықов Қ. Дауылпаз әніші // Орталық Қазақстан. – 1977. – 10 апереля. - 3-4 б.*
5. *Сауғабай К. Азия транзит №8 (65-66 б).-Қарағанды, 2005.*
6. *Щеглова К. Ярмарки юга Западной Сибири в XIX-начале XX в. - Барнаул, 200. - 35 б.*
7. *Тайшыбаев З. Асқақ дарын иесі//Орталық Қазақстан. – 1977. – 29 апреля. - 3 б.*

Резюме

В середине XIX и начале XX века одной из ярмарок степного края являлся Коянды. Ярмарка играла важную роль в развитии индустрии Центрального Казахстана. Поднялась экономика Каркаралинского уезда, получило развитие народное искусство, появились знаменитые личности казахского искусства.

Summary

Quyandy was one of the bazaars, which was existing by mid-nineteenth and twenties century. It's role in development of central Kazakhstan industry was very considerable, as it helped to increase the economics of Qarqaralinsk.

Trading center Quyandy has a special role in supporting of national art, which lead to great names in Kazakh art appeared.

К.Н. НҰРПЕЙІС ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АЛАШ МӘСЕЛЕСІ

Ж.С.Саурықова –

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы тарих кафедрасының оқытушысы

Алаш туралы сөз қозғағанда ең алдымен есімізге Алаш Орда мен Алаш мәселесін алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалым Кеңес Нұрпейіс түседі. Ғалым Алаш партиясы мен «Алашорда» автономиясының тарихын зерттейтін мектептің негізін салушылардың бірі ретінде Алаш қайраткерлерінің өмірін, қызметін шығармашылық мұраларын зерттеу арқылы олардың тұлғалық бейнесін сомдауға тырысты. Әсіресе, ол өзінің ауқымды жұмысының нәтижесінде «Алаш Һәм Алашорда» еңбегін жариялауы қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ қайраткерлерінің өмір жолдарының жаңа қырын көрсетуге мүмкіндік берді.

К. Нұрпейіс 1917 жылдан кейінгі бұрынғы Кеңес Одағында, оның ішінде Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргін тарихын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастырады. Оның бірінші кезеңі 1917-1920 жылдардың аралығын қамтиды. Бұл кезде Кеңес өкіметінің орнауы мен азамат соғысының орын алынуына байланысты өлке тұрғындары «ақ» - «қызыл» болып атысты, қырылысты десе. Ал, екінші кезеңін – 20-шы жылдар, әсіресе оның екінші жартысы. Бұл сталиншілдіктің, әкімшілдік-әміршілдік басқару жүйесінің нығайған тұсы. Осы кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің Қазақстанға Сталиннің тікелей қолшоқпары Ф. Голощекиннің Республика, партия ұйымының жетекші ретінде келуі және оның «Кіші Октябрь революциясы» аталған авантюристік саясатын жүзеге асыруға кіріскен уақытымен байланыстыра қарастырады. Бұл жылдардың XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан және белгілі жетекшілері 1917 жылы Алаш партиясын құрып, Алашорда қозғалысын басқарған қазақ зиялыларына қарсы жаппай моральдық қуғын-сүргін ұйымдастырылған кезең болғандығын баса айтады [1]. Сонымен қатар, К. Нұрпейіс Алаш қозғалысы тарихын жаңаша сипатта бағалай отырып, «Алаш немесе Алаш Орда айдарын тағуға бола ма?» деген сұрақты алға тартып 1917 жылғы қос төңкеріске дейінгі қазақ зиялылары белсене араласқан қоғамдық қозғалыстың барын және 1917 жылдың шілдесінен 1920 жылдардың аралығын қамтыған Алаш қозғалысының болғандығын айқындап береді.

К.Н. Нұрпейіс XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап соңына дейін Қазақстан тарихында толық зерттелмей жүрген беттердің бірі Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіне тікелей байланысты дерек көздерін айналымға енгізді. Ғалымның пікірінше: «... бұл қозғалыс - өзінің алдына қойған мақсаттары мен оларды жүзеге асыру әрекеттеріне қарай бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Олар, біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш (қазақ) автономиясы, екіншіден мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш (қазақ) автономиясы, үшіншіден, осы автономияны басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды бейнелейді» [2].

Ал «Алаш қозғалысы» атты монографиялық еңбектің авторы, профессор М. Қойгелдиев Алаш қозғалысының ішкі саяси динамикасына үңілумен шектелмей, осы қозғалыстың көшбасшылары, ұйтқылары – қазақ интеллигенциясына жаңаша баға беруге ден қойған еді. «Осы уақытқа дейін жарық көрген еңбектерде,- деді ол, - оларға (Алаш қозғалысының көшбасшыларына) –

«буржуазияшыл ұлтшылдар», «буржуазиялық либералдар», «қазақ ұлтшылдары» тағы сол сияқты анықтамалар берілгенін білеміз... Алаш интеллигенциясы капиталистік қоғам құруды немесе таза ұлттық мемлекет орнатуды өздеріне бағдарламалық мұрат етіп қойған емес. Олар негізінен екі мақсатты көздеді. Бірі – қазақ елін отарлық езгіден азат ету, екіншісі – қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу... Сондықтан да біздің алаштық интеллигенцияны ұлттық-демократиялық интеллигенция деп атауға толық негізіміз бар», - деп [3] атап көрсетеді.

Кеңес Нұрпейіс Алашода үкіметінің алға қойған мақсат міндеттерін де нақтылай талдады. Партия жетекшілерінің бағдарламасын, I және II жалпы қазақ съезінде көтерілген мәселелердің орындалу барысы, Алашорда үкіметі тұсындағы олардың қызметін баяндады. Бұл тұрғыда ғалым, 21-26 шілдеде өткен Бірінші жалпы қазақтық съезінің сайлау туралы мәселесін талқылап, төмендегі баптардың мазмұнын атап көрсетеді:

1. «Мемлекеттік қалпы» деген бірінші бапта мемлекеттік құрылыс мәселесінде Россияның терезесі тең («Құрдас») мемлекеттердің федеративтік одағы болуын, оған мүше болған әрбір субъект («Құрдас мемлекеттер») егемендік құқығы бар («іргесі бөлек») болумен бірге, жалпы федеративтік одақ мүдделерін қорғауда «ынтымағы бір» болуын талап етті;

2. «Жергілікті бостандық» деп аталатын Алаш программасы жобасының екінші бабында екі түбірлі мақсат айқындалған; бірінші Россия Федеративтік мемлекетінің құрамдас бөлігі («ағзасы») болуға тиіс Қазақ автономиясы бүкіл қазақ халқы мекендеген жерлерге иелік етеді («қазақ жүрген облыстарды байланыстырады») және тең құқықты Федерация мүшесі ретінде оған нұқсан келген жағдайда Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болып бөлініп шығады; екінші - өзінің нақтылы саяси қызметінде Алаш партиясы жалпы адамзаттық игіліктерді басшылыққа алып, әділетке жақ, зорлыққа қас болады;

3. Негізгі құқық Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей, адам баласы тең болу. Жиналыс жасауға, қауым ашуға, жария сөлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік... сот сұрамай, билік айтылмай тұтқын қылмаушылық;

4. Дін ісі. Дін ісі мемлекет ісін айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін ұстауға құқық: Дін ұстауға ерік, кіру-шығу жағына бостандық... Муфтилік қазақта өз алдына болу...;

5. Билік және сот, ьәм жұрттың билік пен сотты тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би ьәм судья жергілікті жұрттың тілін білуі. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу...;

6. Ел қорғау. Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскер жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету. Әскерлерінің міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

7. Салық. Хал-ауқат, табысқа қара: байға байша, кедейге кедейше әділ жолмен таратылу;

8. Жұмысшылар. Жұмысшылар закон панасында болу (Қазақ жерінде зауыт-фабрика аз, сондықтан да қазақтың жұмысшылары да аз. Алаш партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меншевик тобының программасын жақтайды):

9. Ғылым, білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық ьәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп; университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашу;

10. Жерге арналған бұл бапта: жер туралы заңның негізіне жерге бірінші кезекте түпкілікті халық (қазақтар) ие болатындығы алынуы керек делініп, қазақтар өз үлесін алып болғанша өлкеге қоныс аудару тоқтатылуы қажет», - деп баса көрсетіп жазады[4]. Бұл бағдарлама жобасынан Алаш қайраткерлерінің халқына деген кіршіксіз адалдықты, отандарына деген сүйіспеншілікті байқауға болатын еді және көлемі жағынан шағын болса да, мазмұны терең бұл жоба Алаш партиясының Жалпықазақ Құрылтай съезінде үлкен табысқа жетуін қамтамасыз етті.

Қазақ халқының тәуелсіздігін аңсаған Алаш азаматтары туралы М. Қозыбаев былай дейді: «Алаш көсемдері эволюциялық дамуды жақтағаны мәлім. Сондықтан олар демократиялық Ресейден ұлттық автономия алу жолында қазақ елінің өгей отаны алдында өзінің борышын өтегені дұрыс деп есептеді. Бұл тұжырымның арқауы – отаршыл империямен парасатты ымыраласу тактикасын жүргізіп, қазақтың этникалық тұтастығын, оның болмысын сақтау болса керек». Осылайша, М. Қозыбаев Алаш бастаған қазақ зиялыларының негізгі мақсаты ұлттық мемлекет құру, ұлттық теңдік пен бостандыққа жету екендігін көрсетеді. Алаш пен Алашорданың

ұлтшылдық-ұлтжандылық танытып, ұлт мүддесін қорғап, қазақ елінің болашақ тағдыры жолында большевиктермен жекпе-жекке шыққандығын атап өтеді [5].

Қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған екінші жалпықазақ съезі 1917 жылы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында өтеді. Ол съезге қазақ елінің барлық облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқанд облысы қазақтарынан және Қырғызстаннан - барлығы 76 өкіл қатысады. Бұл съездің де күн тәртібінде жоғарыда атап өткен мәселелер қойылды. Әрине, Күн тәртібіндегі ең маңызды мәселе – ұлттық автономия мәселесі тұрды. Ал, съезд қабылдаған қарарлардың негізгілері мынаған саяды:

1. Тегі бір, мәдениеті, тарихы бір және тілі бір Қазақ-қырғыз халқының аумақтық-ұлттық автономиясын құру;
2. Алаш атауын беру;
3. Барлық байлығы Алаштың меншігі болып табылу;
4. Алаш автономиясының Конституциясын бекіту;
5. Алаш автономиясы шегінде жері жоқтарға аумақтық және мәдени автономия берілу;
6. Жалпы күйзелістен құтқару мақсатында 25 мүшеден тұратын Уақытша Халықтық Кеңес Құру, қырғыз-қазақ атқарушы билігін Алашордаға беру;

7. Милиция құру;

8. Ережеге сәйкес Алаш автономиясының Құрылтай Жиналысын шақыру міндеттелу;

9. 1) шарттар жасауға, 2) келіссөздер жүргізуге уәкілдік беру;

1. Құрылтай жиналыста Халықтық Кеңес Конституция жобасын ұсыну міндетін жүзеге асыру керек болды. Бұған байланысты көрнекті ғалым К. Нұрпейіс Алашорда аталған ұлт кеңесінің құрамына 15 адам сайланды: У. Танашев (Бөкей ордасы), Х. Досмұхамедов (Орал облысы), А.Тұрлыбаев (Ақмола облысы), А. Бірімжанов (Торғай облысы), Х. Ғаббасов (Семей облысы), С.Аманжолов (Жетісу облысы), М. Шоқай (Сырдария облысы), облыстардан тыс Ә. Бөкейханов, Ж.Досмұхамедов, Ә. Ермеков, М. Тынышбаев, Б. Құлманов, Ж. Ақбаев, Б. Мамытов, О. Әлжанов сайланды деп атап өтіп, Ә. Бөкейхановтың Алаш автономиясының үкіметі – алашорда төрағасы болып сайланады дейді.

Сонымен бірге, ғалым: «Әлихан Бөкейханов және сол кездегі қазақтың зиялы қауымының басқа да өкілдері жетекшілік жасаған Алаш пен Алашорда Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық тұтастық және халықтық бірлік принциптеріне сүйенді. Мұндай бағыт әлбетте, аталған мәселелерді шешуде таптық принциптер мен пролетариат диктатурасын негізге алған большевиктерге қарама-қарсы еді. Сондықтан да, Алаш көсемдері мен алашорда үкіметінің басшылығы 1917 жылғы Қазан революциясының ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен нақтылы іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты»,- деген тұжырым айтады.

Азамат соғысы жылдарында (1918-1920) Алашорда Кеңес өкіметіне жау күштермен одақтас болды. Нәтижесінде, Азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы тарих сахынасынан кетірді. Алаш партиясы өз мақсатына жете алмады, Алаш азаматтарының сағы сынды. Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластатуда алдау мен арбау әдістерін де, қару жұмсап күштеу жолын да қолданды.

Алаш қозғалысы күйреп, Қазақстанның саяси өмірінен кеткеннен кейін де оған кезінде қатысқандардың басым көпшілігі халық пен партия жағына шығып, елімізде жүзеге асырылған түбірлі әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өзгерістерге белсене араласты.

К. Нұрпейіс кезінде (1919-1920жж.) Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, Азамат соғысынан кейінгі 7-8 жылда Қазақстан ғылымының, оқу-ағарту ісінің, әдебиеті мен өнерінің халық шаруашылығының дамуына қомақты үлес қосқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерінің, ең алдымен, Алаш пен Алашордаға жетекшілік жасаған қайраткерлердің жалған жаламен «халық жауы» аталып, сталиндік әміршіл-әкімшіл құрбандары болғандығын айтып кетеді[6].

Көрнекті тарихшы, ғалым Кеңес Нұрпейіс Алаш туралы ақиқаттың әлі толығымен ашылмағандығын Алаш, Алаш автономиясы, Алаш қозғалысы тарихын XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық –саяси және мәдени өмірінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру керектігін айтып кетуі болашақ ұрпаққа айтылған аманаттай. Болашақта бұл мәселелердің бағыт-бағдары айқындалатындығына сеніміміз мол және жазықсыз құрбан болған ұлт зиялыларының өмірі мен қызметі лайықты бағасын алуы керек.

1. Нұрпейіс. К. *Тарихи тұлғалар*. – Алматы, 2007. -35 б.
2. АОММ, 2268-қ., -1-т., 33-іс., 1-2-п.
3. Омарбеков. Т. *Алаш қозғалысы: Аңыз және Ақиқат // Егемен Қазақстан*. – 1995. – 10 маусым. - 2 б.
4. Нұрпейіс К.Н. *Еңбегі ерен ұлттық интеллигенция // Жұлдыз*. - 2007. - № 12.
5. Қозыбаев М. // *Егемен Қазақстан*. – 2000. - 14 сәуір. - Б.33-34.
6. «Дүниежүзі тарихы: зерттеу және оқыту мәселелері» атты «Нұрпейісов оқулары шеңберіндегі» ҚР ҰҒА академигі Нұрпейіс Кеңес Нұрпейісұлының 75-жылдығына арналған // *Халықар. ғыл.-практ. конф. Материалдар жинағы*. – Алматы, 2010. - 446 б.

Резюме

В статье показан вклад академика К.Н.Нурпейса, который исследовал деятельность партии Алаш и правительства Алашорда. Ввел в научный оборот мало изученные источники по истории Казахстана начала XX века. По мнению ученого, это движение по своим целям и путям их достижения выделяет несколько идей. Во-первых, это идея создания политической партии, во-вторых, идея создания казахской автономии, в-третьих, идея руководства этой автономии.

Summary

In article the contribution of academician K.N.Nurpeisa which investigated party Alash and government Alashorda activity is shown. Has entered a scientific turn a little studied sources on stories of Kazakhstan the XX-th century beginning. According to the scientist this movement on the purposes and ways of their achievement allocates some ideas. In the first it is idea of creation of political party, in the second idea of creation of the Kazakh autonomy, in the third idea of a management of this autonomy.

THE MAIN TARGETS FOR LECTURER IN MODERN STUDY PROCESS («Какие задачи стоят перед современным преподавателем»)

L.D.Talasbaeva –

Lecturer, Faculty of International Relations

The issues and questions described in our research are very important, valuable and quite urgent for today due to the fact that we live in a transitional period, when the old principles are not working now and the new strong standards still weren't established. Sometimes we even do not know how to teach the young generation. Some of the old principles and concepts can't be used already, instead new reality, new relationships and new concepts came into our lives.

It's important for us to understand: what principles remains from the old education system and what are the new ones? What is the target for the lecturer, what is the aim to achieve? Is the education a conservative mechanism, or regularly changed and updated one, if changeable one, what is changing? If conservative mechanism, what remains constant? We will analyze the process of the lesson and the goals which modern lecturer have to achieve during the lesson, which direction to choose to assist student in his development.

There is a special course named “International organizations” which is studied in our faculty every year. As a lecturer who is conducting seminars, where students must find the material by themselves, to write a report, to highlight the main tasks, to make brief topics from all report, to make his own conclusion, I have to give not only the direction for student’s search, but also to define the strict frame of his task and help him to find the subject which he find interesting, especially nowadays when we have so many sources of information all around. The lecturer have to teach student how to work with many coming information and pick up the main points from all sources as it should be done according to worldwide education practice[1].

For example, in case of the report performance, the lecturer have to teach the student to prepare the concrete shape of the report and to make student to understand that well-structured report:

1) will help clearly and briefly convey the main points and conclusions to audience without digressing from the main subject;

2) good plan of speech will allow the listening audience to get good understanding about the subject and in case of necessity to allow the audience to make brief notes of main points of report [2];

3) the audience will be able to make the conclusion about the high level of preparation of the speaker and the exact compliance to the plan will allow to the audience to get good understanding of the subject.

In one word, lecturer’s main target is to teach the student to be professional in student’s field of interest. In addition, lecturer have to give an advice how to act in the student’s future profession, how to make the materials more interesting for audience, how to keep the interest on yourself and your subject, how to work with group of people, to keep their attention, how to do polemics and debate on rising questions, how to settle the difficult situations during polemics and again and again to be a professional and competent in the learning area. As only professional will always go forward, people will always listen to his advices and if he will show his good professional skills he will go upper and upper in his business career. Lecturer in the high education body is preparing the future elite and the future management of our country.

During the lesson, student gets not only the knowledge, but on the other hand, also passing some kind of school of life. In the classroom, during the work with the lecturer and his classmates, student have to make speeches for hundred times, actively participate in the classroom, easily ask interested questions, in order not to have any problems in the future, to feel free and do performance in any place and in front of any audience. On the lessons student polishes his skills to speak, to express his thoughts, to use the professional terms and words. Student must reach the high academic level of debating and theorizing, to be able to express his thoughts skillfully, informative and interesting, based on the facts, to be able to prove his conclusions and show the high level of his knowledge by using his perfect oratorical skills.

Finally, the above points are the most important for lecturer and should be the main targets in development of the students. Therefore, the lecturer should be the professional by himself and also have high standards as a person and as a lecturer and be the model and good example for his students, try to become a guide to the world of high scientific ideas. Lecturer have to make student to be curios and interested and also to convey his own love to science to students. Lecturer also have to pull up the level of student, to make them think and to make them change themselves, to improve their professional skills and academic vocabulary, to improve their manner of speaking. To keep the high level of polemics in professional area, to be able to show that he is a graduate of the high education body, the university. And the most important thing for lecturer is to bring up a good person who has such kind of feature of character like humanity, kindness, charity, love to yourself, to your close people, to your motherland, culture and your society. Love and respect for your language and also respect to other languages as well, because the language in our profession is an instrument, tool and good assistant.

As a result, lecturers have a lot of work in development of students, serious tasks and high goals and accordingly have to work very hard by themselves as well. It would be very nice if every person could meet on his way during the life a really good Instructor. The instructor, who can give a good direction in the future life, can help with a good advice when needed and maybe can influence for whole student’s life. A good lecturer knows or feels the potential of his student and knows when potential or ability can be improved and he also can save a lot of life time of student, the time of his youth, because the instructor can show the shortest direction and to inform the concrete steps to reach the aim more quickly. We always need the targets in our live to achieve and people we want to be look like. You are really lucky if you would find such an Instructor in your life.

The above was the recommendation part of our article about the lesson process in the university and the main targets for lecturer in modern study process. Regarding the concrete process of our lesson about International organizations, first of all, we try not only to study the each organization in usual way, by discussing the formation, structure, targets and tasks of organization, main bodies and it's activity and organization's sphere of work, but mainly to go out of these frame and:

- 1) To talk about the connection with today's life;
- 2) Carefully check the work of this organization and its specific programs, their steps, activity in our country or visits to our country;
- 3) To discuss the news from media about organization's activity;
- 4) To discuss the current situation of organization as of today;
- 5) To make the conclusion about the necessity of organization for the world.

From the example of those organizations we learn that union of people from all over the world can help in settling such big problems like saving the lives of people all over the world, protecting the child from forced labor, discrimination problem. International organizations also do the research to save people from the diseases, do their best to save the seas from pollution problems, etc. Humankind have a lot of problems which should be discussed and can be solved all together even if we live in different parts of the world, in different countries, we can meet and take the necessary actions. And most important thing that these international organizations work based on the principles of justice and protection, their activity based on general humanity values. All of us have the general targets and tasks, we can select what is useful for mankind and what is not. The activity of international organizations shows that no one can do whatever they like with impunity, there are people and organizations who always ready to settle the problem and do the control of situation. Nothing can be done without punishment in the world. To control the situation around the world the group of people who have the power and authority are always ready to protect our rights and think about humankind's mutual benefit.

Our article is just the recommendation for young lecturer about the main targets in modern study process. The article gives to lecturer the information for thinking, after reading the article lecturer who is interested in this field, can make their own conclusion, to use some points of this article in their work with students and in education process, something can remain for a while inside the lecturer, for thinking and reflection.

I hope our article will be helpful for young modern lecturer. Sometimes the task of the researcher not only to provide ready answers to all questions, but to make person to get doubt and to make the person to start thinking or to help the lecturer in improvement of himself as professional in the certain field of science.

-
1. *Fromm E. Freedom and alienation, and loving and being, in education. 1961-135 p.*
 2. *Kiyosaki R. Rich dad poor dad 1992.-75p.*

Резюме

Значение исследуемых в нашей статье вопросов очень важно и актуально в связи с тем, что мы живем в переходный момент, в котором старые устои и принципы размыты. Жизнь всегда меняется. Приходят новые реалии, новые отношения, новые понятия. Как исследователям, нам интересно, какие произошли изменения в парадигме нашего мышления в вопросе обучения? Что принесло нам новое время, а что стоит сохранить от старой системы? Мы анализируем внутренний мир и внутреннюю работу учителя. Что он должен передать будущему поколению? Какие основы в них заложить?

Түйін

Мақалада қазіргі заманғы талаптарға сәйкес «Халықаралық қатынастар» факультетінде ағылшын тілінде сабақ берудің жаңа әдістемелері берілген.

Мақала білім беру ісіндегі өзгерістерді, жаңалықтарды талдауға арналған. Мұғалімнің ішкі жан дүниесі мен қызметі талданады. Автор қазіргі заман жағдайында мұғалімнің болашақ ұрпақ бойына сіңіретін қасиеттерін анықтауға тырысады.

